Therefore, totally in republic in the period researched environmental movement became more active, in all the regions appeared environmental groups and organizations which had aims to improve environmental situation in the some region and totally in republic. In these years public initiatives on nature conservation, saving nature sanctuaries, unique natural territories were very popular. Ecologists fought for air purity, water purity in industrial cities of republic, against departments and ministries which constructed industrial enterprises without considering their influence on nature, environment and people's health. Especially movement for closing military grounds, compensation of material and environmental losses to population were very popular and gained big scope.

However, environmental movement in 80-s did not change the idea of society treatment to environment. Department's interests continued to appoint the idea of production forces development, irrational way of using sources. One of the bright examples of that regularity is the problem of Balkhash lake. Despite convincing arguments of scientists, members of the movement to protect Balkhash, the Government supported antiecological project on construction of Kapchagay water reservoir in 1970. As a result, the great damage was caused to Balkhash lake.

The growth of environmental activity of population demanded adequate activization of nature protection bodies. However, despite the active participation of public in discussion and solving environmental problems nature protection committee were very passive reducing their activity to use ways of administrative influence to breakers of nature legislation, updated forms and methods of work very slowly, lagging behind the growth of social and ecological activity of mass.

References

- 1 Текущий архив Министерства экологии и биоресурсов Республики Казахстан // Годовой отчет за 1991 г. — 80 с.
- 2 Политические партии и общественные движения современного Казахстана: Справочник (Вып. 1). — Алматы: КазГУ, 1994. — 365 с.
- 3 Государственный архив Южно-Казахстанской области. — Ф. 123. — Оп. 5. — Д. 867. — Л. 21.
- 4 Доклад: Состояние природной среды в Казахстане в 1989 году. — Алма-Ата: Гос. комитет КазССР по охране природы, 1990. — 184 с.
- 5 Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1485. — Оп. 1. — Д. 246. — Л. 38.

Т. Алимбаев, А. Утебаева, Н. Ахметжанова, А. Асанканов

Қазақстандағы экологиялық жағдай және табиғатты қорғау қозғалыстары

Мақалада ХХ ғ. 80–90-жж. Қазақстандағы экологиялық қозғалыс талданды. Экологиялық бірлестіктердің жарғыларын зерттеу барысында бұл қозғалыстың негізгі бағыттары айқындалды, олар: табиғи ортаны қорғау, дұрыс ойластырылмаған құрылыс жобаларының экологиялық зардаптары, адамдардың денсаулығы мен табиғи ортаға ірі өнеркәсіп орындарының әсерін есепке алмай, оларды орналастыру мен пайдаланудың көпжылдық тәжірибесі, әскери полигондарды жабу бойынша бұқаралық қозғалыстар. 70–90 жж. Қазақстандағы экологиялық қозғалыстардың дамуында екі тенденция байқалады. Бірінші тенденция мемлекеттік-саяси және экономикалық құрылымдардың ықпалымен дамиды, олар мемлекет анықтаған экологиялық мәселелерді шешуге бұқараны тартуға ұмтылды. Осы мақсатпен мемлекеттік-құқықтық механизмде табиғатты қорғау міндеттерін шешуге әрбір адамның қатысуын қамтамасыз ететін белгілі заңдық нормалар бекітілді. Экологиялық қозғалыстың дамуындағы екінші тенденция мемлекеттік саясатты сынаумен барынша радикалды талаптармен шыққан, экологиялық жағдайды одан әрі ушығу қаупі мен мәнін көп жағдайда саналы түрде түсінген қоғамның бір бөлігімен байланысты. Қозғалыстың бұл бөлігі мемлекеттік-саяси құрылымдардың тәуелсіз және дербес сипатқа ие және Қазақстанда 1986 ж. желтоқсан оқиғасынан кейін пайда болды. Алайда 80–90 жж. экологиялық қозғалыстар табиғат пен қоғамның қарым-қатынасының сипаты мен мәнін өзгертпеді.

Кілт сөздер: табиғи ресурстар, экологиялық дағдарыс, Қазақстандағы экологиялық қозғалыс, өнеркәсіптік кәсіпорындар, адамдардың денсаулығы, экология және саясат.

Т. Алимбаев, А. Утебаева, Н. Ахметжанова, А. Асанканов

Экологическая ситуация и природоохранное движение в Казахстане

В статье рассмотрено экологическое движение в Казахстане в 80–90-х годах XX столетия. На основе изучения уставов экологических объединений выявлены основные направления этого движения: охрана природной среды, экологические последствия непродуманных строительных проектов, многолетняя практика размещения и эксплуатации крупных промышленных предприятий без учета их влияния на природные условия и здоровье людей, массовое движение по закрытию военных полигонов. В развитии экологического движения в Казахстане в 70–90-х годах проявлялись две тенденции. Первая тенденция развивалась под воздействием государственно-политических и экономических структур, которые стремились привлечь массы к решению экологических вопросов, определяемых государством. С этой целью в государственно-правовом механизме были закреплены определенные юридические нормы, обеспечивающие участие каждого человека в решении природоохранных задач. Вторая тенденция в развитии экологического движения связана с той частью общества, которая в большей степени осознавала суть и опасность дальнейшего обострения экологической ситуации, выступала с более радикальными требованиями и критикой государственной политики. Эта часть движения носила самостоятельный и независимый от государственно-политических структур характер и появилась в Казахстане после декабрьских событий 1986 г. Однако экологическое движение в 80–90-х годах не изменило характера и сущности отношения общества и природы.

Ключевые слова: природные ресурсы, экологический кризис, экологическое движение в Казахстане, промышленные предприятия, здоровье людей, экология и политика.

References

- 1 The current archive of the Ministry of Ecology and Biological Resources of the Republic of Kazakhstan, Annual Report for 1991, 80 p.
- 2 Political parties and social movements of modern Kazakhstan: Manual (Issue 1), Almaty: Kazakh State University, 1994, 365 p.
- 3 State archives of the South Kazakhstan region, f. 123, inv. 5, f. 867, p. 21.
- 4 Report: State of the natural environment in Kazakhstan in 1989, Alma-Ata: The State Committee for Nature Protection of the Kazakh SSR, 1990, 184 p.
- 5 Central state archive of the Republic of Kazakhstan, f. 1485, inv. 1, f. 246, p. 38.

Н.А. Бейсенбекова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: nurapai@mail.ru)*

Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі тарихи тұлғалар

Тарихты тұлғалар жасайды. Тәуелсіз елдің азаттығы үшін күрескен Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан қазақ даласына әлемдік тарихи тұлғалардың өмірін зерттеуі қазақ халқына үлгі ретінде жазылған. Озық ойлы еуропалық зиялылардың атқарған қызметі, артында қалдырған мұраларын талдап, XX ғ. басында ұлттық-демократиялық қозғалыста қазақ мүддесін қалай іске асыруды көрсеткен. Ұлттың арманы – тәуелсіз мемлекетті қалпына келтіру үшін бейбіт күресте қазақ халқының мүддесіне сәйкес пікір білдірген тұлғалар туралы жаза отырып, Ә. Бөкейхан қазақ халқын Еуропада болып жатқан саяси, мәдени өзгерістермен таныстыруды мақсат еткен. Автормен Ә. Бөкейханның еуропалық тарихи тұлғалар арқылы қазақ даласына либералдық-демократиялық идеяларды тарату жолындағы іс-әрекеті талданған.

Кілт сөздер: Әлихан Бөкейхан, тарихи тұлға, ұлттық мүдде, Әлихан Бөкейхан еңбектері, Алаш, ұлт-азаттық қозғалыс, қызықты деректер.

XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, Алаштың Әлиханы аталған Әлихан Бөкейханның артында қалған мол мұрасында тек қазақ халқына қатысты ғана емес, әлемдік тарихқа, жеке тұлғаларға қатысты қызықты деректер мен құнды мәліметтер молынан кездеседі. Әсіресе адамзат тарихында мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени дамуына өздерінің үлестерін қосып, тарихта есімдерін қалдырған көрнекті тұлғалардың аттарын оқи отырып, Әлихан Бөкейханның кең ойлы, терең білімді, көп ізденіп, көп оқыған тұлға екенін байқауға болады. Ол бүкіл әлемдік тарихтағы қоғамдық үдерістерді жете бақылап отырған. Олардың қазақ даласына тигізіп отырған ықпалы жайлы өз пікірін жазып қалдырған.

Әлихан Бөкейхан тарихи тұлғаларға арналған арнайы кітаптар жазса да, мақалаларында, зерттеу еңбектерінде Ресейден, Еуропа мен Орта Азия елдерінен шыққан, тіпті сонау ежелгі Греция мен Рим мемлекеттерінде өмір сүрген адамдар жайлы арнайы тоқталады. Олардың ұлы өнегесі мен істеген істерінің оң және теріс қырлары арқылы адамзат баласының даму тарихындағы оқиғаларды көрсетеді. Тұлғалардың өмірі мен қызметтері жайлы мәліметтерді қазақ халқының тағдырымен байланыстыра отырып, қазақтарды тарихи көштің артында қалып қоймауға қарай бағыттайды. Айталық, 1915 жылғы «Қазақ» газетінің № 109 санына жариялаған мақаласын Әлихан Бөкейхан Николай Лукич Скалозубовке арнайды. Мұнда автор: «20-шы февральда шыққан «Речь» газетасының 49-шы нөмірінде Қорғанда Николай Скалозубов опат болғанын оқыдым. Скалозубов Мәскеудегі бұл күнде сельхоззяйственный институт болған Петровский-Разумовский академияны бітірген агроном. Орыста аты шулы, ғылымы асқан, талай кітап жазған агрономның бірі еді. 1914-ші жылы Тобылға келіп, Сібір мұжықтарының шаруасын мәдени жолға түсірген Скалозубов болатын. Машинамен сары май алып, оны Лондонға апарып сататын сібір мұжықтарының игілік ісі Скалозубовтың бастауымен, үйретуімен көгеріп, көркейген іс. Мұндай Сібір шаруасын жақсы білетін хәм жұрт шаруасын ілгері басуға өнегелі, өнерлі іс қылған адам жоқ. Сібір мұжықтарына бірлесіп іс қылуды үйретті...» [1; 280], — деп жазды. Н.Л. Скалозубовтың іс-әрекетінен қазақ даласында жер шаруашылығымен айналысудың, бірлесіп жерді өңдеудің қазақ үшін өте маңызды екенін көрсетеді. Жер өңдеуді сібірлік шаруалардан үйреніп, қазақ ұлтының жер мәселесіндегі алдағы уақыттығы атқаратын істеріне жол сілтейді. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан патша үкіметінің қазақ даласындағы отаршылдық саясатынан зардап шегіп және зиян көріп отырған қазақ шаруаларының тұрмыс-тіршілігін айтады. Сол саясатты Скалозубовтың сөздері арқылы дәлелдейді: «Үшінші думада қазақ жері үшін қазақтың өз депутатындай қызмет атқарды. Бюджет мәжілісі болғанда қазақты қорғап, сойлемей қалмайтын. Комиссияда қазақ шаруасы, қазақ халі туралы істеген ісін кітап қылып шығарды. Қазақ жайынан сөйлеген сөздері Дума комиссиясының 1909-шы жылғы отчетында бар. Қазақ 15-тен жер алғанмен аз уақытта егінші бола ма? Мал шаруасы егін шарасына қанша уақытта аянап айналмақшы. Қазақ жерінде мұжықта мал бағуға құл. Жердің түбіне қараған сібір мұжығы да малды көп ұстайды. Жұрт шаруасын саясат ісіне келгенде, жәбір қылып отырсындар дейтін» [1; 281]. Сонымен қатар Скалозубовтың мына пікірін келтіреді: «...қазақ жайын орыс обшествосы білмейді; қазақ ісі, қазақ шаруасы біздің жұртқа басшы саясат жолындағы кісілерімізге қараңғы. Думада жетекшіл көп депутат бәрі қара көңіл жәбіршіл, біле тұра қазаққа жәбір істі қуаттайды деп айтуға ауыз бармайды, білмеген

соң басқаның адастыруымен қазаққа залалды іске қол қойып отыр. Сондықтан қазақ тұрмысы, қазақ салты, шаруасы тұрасынан орыс тілінде кітап шығарып, газета, журналдарға жазып орыс жұртының саясаттағы адалдарының көзін ашу зор мақсұт іс дейтін» [1; 281]. Осыған сәйкес Әлихан Бөкейхан Ресейден шығатын мерзімді басылымдарға орыстың озық ойлы саясаткерлеріне түсінікті болу үшін, қазақ жұртының жайын білдіретін мақалаларын жазды. Өйткені Үшінші Мемлекеттік думадағы Скалозубов сияқты озық ойлы орыстың зиялы депутаттары қазақты қолдап, сөз сөйлеген. Мысалы, Скалозубов «Қазақ жері үшін байлап апармаса жерлерге барып, көрмейтін есіктерді көрген» [1; 281].

Скалозубовтың тұлғалық қасиеттерін жоғары бағалап, көрсете білген. Соның бірі айыпталған бір топ қазақ азаматтары жайлы, 1910-шы жылы Әлихан Бөкейханның інісі болғандықтан, Смахан, Ж. Ақбаевтың туысы, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін халық арасында насихаттаған Бодаубек, Ахмет, Райымбек баласы Сүлеймен жер аударылады. Осы қазақ азаматтарының мерзімінен бұрын босатып, үйлеріне қайтаруларына да Скалозубовтың көмектескендігі жайлы былай дейді: «... Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты жігіттің қайтуына көп қызмет өткізген Г. Совет члені Л.Н. Толстой досы, Михаил Александрович пен Н.Л. Скалозубов болатын. Осындай қызмет қаруы жұртқа, жұрт азаматына тиген есіл ер Н.Л.-ды біздің «Қазақ» жоқтамасқа бола ма?» [1; 282]. «Бірігіп іс қылған есіл ер Николай Лукич кезегің мезгілсіз келіп кеткенің де! Сен кеткен соң қазақ ісінің көбі жетімсірер» Қош, Николай Лукич, дегеннен басқа қолымыздан келер жоқ!» [1; 281]. Әлихан Бөкейхан Скалозубов тәрізді тамаша адамның өмірден өткеніне осындай өкініш білдіреді.

Әлихан Бөкейханның 1915 жылы «Қазақ» газетіне арнайы жазған мақаласының бірі ғалым И. Мечниковтің туғанына 70 жыл толуына байланысты. Бұл мақаласында Әлихан Бөкейхан Бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан атақты ғалымның мерейтойының аталмай жатқанын айтады. Оның пікірінше, И. Мечников «XX ғасырдың жұрттан озған ағасы» [1; 282]. «35 жылдан бері Франциядағы Париж шаһарында тұр. Сонда Пастор институты деген бір үлкен ғылым жұртының атқарушысы. Бұл институт жер үстінде болған бір ғылым дүкені. Онда ғылым жолына жүйрік, талапкер болса, сен кімсің деп талғамай, қабылдай береді» [1; 283]. Әлихан Бөкейхан И. Мечников тәрізді ғалымның іс-әрекетін және Пастор атты институттың бар екенін қазақ даласына жеткізеді. Француз ғалымы Пастордың ашқан жаңалықтары құтырған ит қапқан адамға пайдаланатын дәріні тапқандығын айта келіп, И. Мечников жұкпалы ауруларды әрі қарай зерттейді және ол қазақ даласындағы осы аурулардың түрлерін емдеу, олардың қалай жұғатындығын зерттей келе, өзінің жасаған қорытындыларын береді. И. Мечниковтың ғылым жолындағы еңбегінің нәтижесін 1911 жылы Швед академиясы жоғары бағалап, оған Нобель сыйлығы — 100 мың сом бәйге бергендігін айтады.

Әлихан Бөкейхан осы мақаласында адамдардың ұзақ жасайтын себептерін анықтап, сүт, айран, қымыз тәрізді тағамдарды адам баласы неғұрлым көбірек пайдаланса, олар ұзақ өмір сүреді деген ғылыми пікір айтқандығын жазады. XXI ғасырдың басында да жиі айтылып жүрген экологиялық таза өнімдер, яғни, адам ағзасына қажетті қазақ даласындағы дәстүрлі ұлттық тағамдардың қаншалықты пайдасы бар екендігін Әлихан Бөкейхан сол кезде-ақ көре біліп, «Қазақ» газеті арқылы халық арасында насихаттаған.

XX ғасырдың басында Ресей империясында орыс жұмысшылары мен шаруаларының өз құқықтарын қорғаған, әлеуметтік саладағы қозғалыстары жүріп жатты. Қазақ даласында да азаттық тәуелсіздік үшін ұлттық-саяси күрестің өскенінің белгісі ретінде «Қазақ» газеті жарыққа шықты. Оның беттерінде қазақ зиялыларының ұлт болашағы жөнінде мақалалары жарық көре бастады. Азаттық қозғалысты біріктіретін, бастайтын басшының, саяси партияның қажеттігін түсінген Әлихан Бөкейхан басқа мемлекеттердегі көшбасшылар мен жекелеген тұлғалардың өмірі арқылы қазақ даласында үгіт-насихат жұмысының жаңа бір бағытын ұстанған. Соның бірі «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен 1913 жылғы «Қазақ» газетіне жариялаған «Бebelь» деген мақаласынан көруге болады.

«А. Бebelь 27 жасынан бері Рейхстагқа (бұл Германия жұртының думасы) жұмысшы партиясы әрқашан сайлайтын депутаты еді. Жер үстінде Бebelьден шешен адам баласы жоқ десе, кінәлі емес еді... Қайда жүрсе, кемде жүрген бишара жұмысшылар жағына шығып, бұларды біріктіріп, басын қосып, партияға айналдырып, 1867-ші жылы қызметші депутаты жалғыз Бebelь еді. 1912-ші жылы сайлауда Германия Рейхстагында социал-демократ (бұл қызметші партиясының аты) 110 болды. Рейхстагының бар депутаты 397-і. Германияда бұл социал-демократтардан өзге мықты партия жоқ. Осы 110 депутатты сайлағанда тас салған қызметші үш миллионнан аса, мұндай қол ұстасып тізе қосып жүрген адамы бар жер үстінде партия жоқ. Германия социал-демократ партиясының ақшасына басылатын «Вперед» (Алға) деген газет әрбір күнде бір миллион нөмір болып басылып шығады. Осы адам өзіне өзі риза болып мақтанарлық істің бәрінің басшысы, ұйытқысы эзелден артық туған сабаз Бebelь... Тусан, Бebelьдей болып ту, жасасан, ғұмырды Бebelьдей жаса!» [1; 285, 286]. Бұл мақалада

Бибель сияқты қазақ даласында ұлты үшін қызмет жасайтын азаматтар болса екен деген Әлихан Бөкейханның арманы байқалады. Сол арманының орындалғандығының бір белгісі — Әлихан Бөкейхан төңірегіндегі Алаш зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысқа араласуы және «Алаш» партиясын құруы.

Әлихан Бөкейхан қазақтың тұңғыш ағартушы, ғалымы, аққан жұлдыздай жарқ еткен тамаша тұлғаның бірі Шоқан Уәлихановтың өмір жолында кездескен П.С. Семенов туралы да мақала жазған. Ол туралы мақаласында былай дейді: «... П.П. Семенов Петербордағы зор жағрафия жамғатының председателінің жолдасы, сенатор, Г.Совет члені, құрметті академик. Еуропада неше ғылым мекемесінің члені еді.

Г.Н. Потанин менен одақтас орыс тіліне Карл Риттердің «Азия» деген кітабын тәржіме қылған еді. Бұл кітапқа екеуінің қосқаны Риттер кітабынан аз емес. Осы қосымшада жазылған біздің қазақ жері. Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Іле, Алатау, Ыстықкөл, Хан Тәңірі. Еуропа адамында осы айтылған жерлерді ең алғаш барып, жазған П.П. Семенов еді. 1859 жылы, жаңылмасам, қолымда кітабым жоқ болып тұр, Түркістанға барып қайтып келе жатып, Омбыда жас офицер Г.Н. Потанинмен біздің қазақтың орысша оқығанының жалғызы Шоқанға жолыққан. Шоқан мен Потанинді ғылым жолына бастаған осы Семенов еді. Семеновтың ақылымен Шоқан, Потанин Петерборда болып, университетке келіп тындайтын студент болған. 1888-ші жылы Семенов Түркістанға тағы барып, жазған мақаласы «Түркістан һәм Закаспий край» [1; 279, 280]. Осы мақала арқылы Әлихан Бөкейхан Ұлы даланы зерттеген атақты ғалымды қазақ оқырмандарын тағы да газет арқылы таныстыра келіп, П.Семенов тәрізді ғалымдар да қазақ арасынан шыкса деген үмітін көрсетеді.

Әлихан Бөкейханды Кеңес үкіметі ұлтшыл деп жазалады. Алайда біз талдап отырған мақалалар оның жабылған жала екенін дәлелдейді. Өз кезегінде орыстың алдыңғы қатарлы демократтары Әлихан Бөкейханмен дос болған және оның халқының бостандығы, тәуелсіздігі туралы көзқарастарын қолдап, өз пікірлерін айтқан. Солардың бірі Г.Н. Потанин Қызылжар оясындағы Сібірдің атты казагының баласы. Әкесі казак-орыстың жүз басысы Баян ауыл аты Тұз қала дейтін қаласында 21 сентябрьде 1835 жылы Г.Н. Потанин туған...

Г.Н. Потанин Омбыда кадетский корпусе Уәлихан ұлы Шоқанмен бірге оқыған. Шоқанмен дос болған. Қырық жыл қоймай қуып жүріп, 1904 жылы Шоқанның екі кітабын бастырды.

Корпусты бітірген соң 1855 жылы казак-орыстың бастығы болып Жетісу барған, Алматыны Г.Н. салдырған.

1863 жылы Қытай мен Россияның шегін шектеген комиссияның ағзасы болып жүріп, қазақша жазу үйреніп, қазақтың, Алтайдағы түрік жұртының әдебиетімен салыстырып адам баласының тарихы жолында көп мағыналы іс шығарған. «Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе» деген кітабында күнбатыстың әдебиетіне қор болған, үлгі болған күншығыстың ауыз айтып жүрген ертегі, жыр, мақал, өлеңі деп келеді.

1863 жылы осындай данышпанды, «сен Сібірді бөліп автономия қылам деп жүрсің» деп неше жолдастарымен үкімет ұстап абақтыға салып байлады. Омбыда абақтыда бір жыл отырды. Г.Н. қарап жатуды білмейді. Омбыдағы кеңселердің ескі қағаздарын қарастырып, қазақтың Абылай хан заманындағы тарихы туралы көп әңгіме тапты.

Семенов-Тяньшанский екеуі неміс Карл Риттердің «Азия» деген кітабын орыс тіліне басып, «Азияға» қазақ тарихы туралы Г.Н. көп қосымша жазған. Бұл қосымшаның бірі мынау: Абылай ханның Қошқарбай деген батыры «Қошқарбайдың жұрағаты осы күні Чарлақ оязы Ақмола губерниясы Қараөзек деген жерде, Ертістен 10–15 шақырым. Қошқарбай-қыпшақ Омбы қаласы тұрған жерден жоңғарды Обь өзенін өткізе қуып тастаған. Бұл туралы Барнаул оясында Сібір мұжығының айтып жүрген әңгімелері бар. Мұжықта Қошқарбай жоңғарды Обь өзенін асыра куды, дейді.

Саяси жолындағы бізге жылы көрінетін бір негізді пікірі мынау: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмады. Олай болса, көп ұлттан құралған Россияны бір орыстың белмін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек», — дейтін Г.Н.

«Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш — Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», — дейтін Г.Н. «Қозы Көрпеш – Баянда» Баян махаббат жолына өзін құрбан қылған. Мұны шығарған жұрт махаббаты сынай, бағалай біледі. Мұндай жұрттың қатыны келешекте кіммен болса да қатар «отыруға ұялмайды», — дейтін Г.Н.» [1; 277, 278].

Әлихан Бөкейхан сондай-ақ «қазақты туғанындай жылы көріп, оған қорған болған» Потаниннің іс-әрекеттерін «әулиенің ісіндей» деп бағалайды.

Ә.Бөкейхан өз арманын Г.Потаниннің ой-пікірі арқылы шебер берген. Қазақтың өзінің астанасы бар тәуелсіз ел атанып, ал ондағы жастарының білім алатындығы «Алаш» партиясының бағдарламасына негіз болды. Н.Г. Потанин айтқан «Қараөткел Алаштың ортасы» ол бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қаласы Астана, «сонда университет салсақ» деген ойының бүгінгі дәлелі ол халықаралық Назарбаев Университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және басқаларында қазақтың ұл-қыздары бірнеше тілді білім алуда. Қазақтың кім екенін Еуропа ғана емес, бүкіл әлемге танытқан азамат туды. Ол тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздіктің 25 жыл ішінде біздің Елбасы әлемдік қауымдастыққа қазақтың кім екенін және оның мемлекеті қандай екенін танытып үлгерді. Біріккен Ұлттар Ұйымына Қазақстан мүше болып қабылданғаннан бері, әлемнің азулы мемлекеттерімен иық түйістіріп отыратын және қазақ елімен санасатын мемлекетке айналды.

Осы уақыттан бері Қазақстан тек қана халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылданып қоймай, сонымен бірге онда өзінің лайықты орнын таба білді. Қазақстан БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының биік мінберінен халықаралық өзекті мәселелерге қатысты ұсыныстар білдіруге мүмкіндік алды. Бұның бәрі кешегі Алаш зиялылары армандап өткен тәуелсіздіктің арқасы деп білеміз.

Ал Н.Г. Потанин мен Әлихан Бөкейхан армандаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» тәрізді халық ауыз әдебиетінің мұралары «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы арқасында жүздеген том болып жарық көрді. Әр жылдары халықаралық ЮНЕСКО ұйымы шеңберінде қазақ халқының атақты ақындары мен өнер қайраткерлерінің, ғалымдарының мерейтойлары өтті — Абайдың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы, Мұхамед Дулатидің 500 жылдығы, Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығы, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы, Әлкей Марғұланның 100 жылдығы т.б. 2016 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланатын шаралар тізіміне тарихи тұлғалар жайлы мақалалар жазған Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы да кірді.

Әлихан Бөкейханның қазақтың аяулы ұлдарының біріне арналған мақаласы «Кәкітай» деп аталады. Бұл мақала да «Қазақ» газетінің 2015 жылғы № 105 санына жарияланған. Онда «Кәкітайдың әкесі — Ысқақ ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баулаған, Абай қасында жүріп, школ көрмей, Кәкітай орысша жаза да, оқи да білген, Абай білетін еуропа жазушыларымен Кәкітай да таныс, оқыған еді. Ыждағаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді.

Мен депутат сайланып шыққан жылы Семей қаласының орыстары бізді клубта қонақ қылғанда, орыс шешендеріне Кәкітай жауап та қайырған еді. «Біз Михаэлис пікіріндеміз. Солардың шәкірті Әлиханды сыйлағанымыздың себебі – осы» деп. Абайдың тәржіме халық жазған да — Кәкітай. Осы екі істен-ақ Кәкітайдың білімі оқушыларға танылып қалар.

1905 жылғы апрель аяғында Кәкітай Абайдың қолжазба кітабын алып, Омбыға маған келді. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мез-мейрам болдық. Анық таныстық.

1909-шы жылы Шәкәрім, Кәкітай маған хат жазып, ақыл сұрады. «Не айтасың, ата-қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба?», деп. «Бұл жолсыз қоқан-лоққы тәмам қазақ баласына. Жерің кетсін. Құнанбай шаруасы қағазбен 15-ті алған менен егінге айналмас. Тәмам қазақ Құнанбай баласына еріп қалған, артыңнан еріп 15-ке құл болса, мал баққан шаруаға зиян болар», дедім. Құнанбай саясат жолына мұндай ерлік қылған қазақ басшысынан көргенім жоқ», дей отыра [1; 271–273], осындай тұлғаның қайтыс болғандығын газет арқылы халыққа жеткізеді және оның кім екендігін басқалар да біліп жүрсе деген ниетпен жазғандығы байқалады.

Әлихан Бөкейхан еңбектерінің тағы бір ерекшелігі, тарихи тұлғалардың еңбектері арқылы қазақ өміріндегі кешеуілдеп жатқан ұлттық проблемаларды көтереді. Мысалы, ол М.Дулатовтың еңбегіне байланысты жазған ой-пікірі: «Бізде мұнан бұрын роман жазылған емес. Мир Яқұб романы «Бақытсыз Жамал» кішкентай ғана кітап. Мен мұны «Қазақ»-қа сын жазбақ болып қолға алған едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жоқ, сын өнері менде жоқтықтан ба, оны оқушылар білер.

Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмед, Мир Яқұб газетаның уақ ісіне есіл ғұмырын байлап отыр. Білмегенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма: Шаһкәрім, Ахмед, Мир Яқұб (бұлар Аполоннан бата алған жоқ) жеріме түсті демесе, мен сыншы парызын өткеруге құл болдым» [2; 46].

Осы мақаласында Әлихан Бөкейхан қазақ даласында әдеби романдар жазудан артта қалғандығын, көркем шығармаларға сын-пікір жазатын мамандардың жоқтығына өкініш білдіреді. Оның ойынша, М.Дулатұлы мен А.Байтұрсынұлы роман да, сын-пікір де жаза алатын оқымыстылар. Әттең, «Қазақ» газетіне мақала жазатын қазақ зиялыларының аздығынан, олар тек газетке мақала

жазумен шектеліп тұрғандығына налиды. Әлихан Бөкейхан осы мақаласы арқылы алғашқы көркем әдеби шығармаларға сын жазатын ғалым ретінде көрінді.

Өз көзінің тірісінде тарихи тұлғаға айналған Әлихан Бөкейхан әр халық өзінің ұлттық ерекшелігін, озық салт-дәстүрін заман талабына сәйкестендіріп, әлемдік дамудың прогресіне қосылғаны дұрыс деп тұжырымдады. Ол үшін әлемдік тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен қызметтерінің озық үлгілерін, ашқан ғылыми жаңалықтарын оқып-білу арқылы ғана әлемдік қауымдастықтан өз орнын алатынын болжады. Біздің пікірімізше, Әлихан Бөкейханның тарихи тұлғаларға арналған мақалаларының негізгі мақсаты да осында болды. Тәуелсіз Қазақстанның тарих сахнасында өзінің орнын сақтап қалу үшін, Алаш зиялыларының мұрасын жан-жақты зерттеу, зерделеу және олардан тарихи сабақ алу — бүгінгі ұрпақтың парызы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Бөкейханов Ә. Шығармалар.* — Алматы: Қазақстан, 1994. — 384 б.
- 2 *Алаш арыстары. Ой-толғау. Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арналған.* — Қарағанды: TENGRI Ltd, 2016. — 52 б.

Н.А. Бейсенбекова

Исторические личности в трудах Алихана Букейхана

Историю творят личности. Важной составляющей духовного наследия лидера Алаш, боровшегося за независимость своей родины, Алихана Букейхана являются его труды, посвященные жизни и деятельности представителей мировой интеллектуальной элиты. А.Букейхан одной из своих задач считал необходимость познакомить казахское общество с политической и культурной жизнью европейских стран. По его мнению, казахской национально-демократической интеллигенции начала XX в. необходимо было использовать в своей борьбе за независимость казахского народа жизненный и духовный опыт европейской интеллигенции. В статье дан анализ трудов А.Букейхана, в которых он, посредством изучения жизни и деятельности исторических личностей Европы, определяет пути и методы распространения в Казахской степи либерально-демократических идей.

Ключевые слова: Алихан Букейхан, историческая личность, национальные интересы, труды Алихана Букейхана, Алаш, национально-освободительное движение, интересные факты.

N.A. Beisenbekova

Historical figures in the works Alikhan Bukeikhan

The history is made by historical figures. An important part of the spiritual heritage of Alash leader Alikhan Bukeikhan who fought for the independence of his country is his works which devoted to the life and activities of the world's intellectual elite representatives. A. Bukeyhan considered as one of his tasks is to introduce Kazakh society with the political and cultural life of European countries. According to him, it was necessary for the Kazakh national-democratic intellectuals of the early twentieth century to use living and spiritual experience of the European intelligentsia in their struggle for the independence of Kazakh people. The article analyzes the works A. Bukeyhan, in which he, through the study of the life and work of historical figures of Europe, defines the ways and methods of liberal-democratic ideas dissemination in the Kazakh steppe.

Keywords: Alikhan Bukeikhan, historical identity, national interests, Alikhan Bukeikhan's works, Alash, the national liberation movement, interesting facts.

References

- 1 Bukeikhanov A. *Composition*, Almaty: Kazakhstan, 1994, 384 p.
- 2 *Supports Alash. Views. Consecrated 150 years A. Bukeikhan*, Karaganda: TENGRI Ltd, 2016, 52 p.

В.В. Горовой, С.Б. Стамбулов

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, Казахстан
(E-mail: serstam@mail.ru)*

Развитие курса Шанхайской организации сотрудничества во взаимоотношениях с международными организациями в преддверии 16^{го} саммита в Астане

В статье авторы обращают внимание на актуальность и цикличность деятельности Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) по усовершенствованию работы всех изученных через контакты с ШОС международных организаций. Предложены перспективные наработки данных взаимосвязи ШОС и ММПО, дана характеристика последовательности данных взаимоотношений и их перспективности для первой четверти XXI в. Отмечены три уровня взаимодействия: глобальный уровень (ООН), региональный уровень (АСЕАН), евразийский уровень (СНГ, ОДКБ, СВМДА). На данных уровнях вскрыт комплексный подход к совершенствованию работы ШОС с международными организациями, даны перспективы будущих наработок в области деятельности саммитов ШОС, в том числе и юбилейного саммита в Астане. Выделены содержание, формат и дорожная карта курса ШОС в глобальном и интегрирующемся мире.

Ключевые слова: ШОС, международные организации, ООН, СНГ, ОДКБ, СВМДА, региональная безопасность, внешняя политика.

Созданная в 2001 г. Шанхайская организация сотрудничества к настоящему времени превратилась в одну из влиятельных международных структур. Свидетельством этому является то, что в настоящее время без участия ШОС невозможно добиться эффективного решения ряда задач регионального характера. За прошедший по историческим меркам короткий срок ШОС не только сумела доказать свою жизнеспособность, но и утвердилась в мировой политике в качестве международного форума по решению комплекса региональных проблем: от политики и безопасности до вопросов экономического и гуманитарного сотрудничества. Можно сказать, что ШОС нарабатывает самостоятельный курс развития по отношению к современным государствам и международным организациям.

Международные организации стали на современном этапе реальными акторами многосторонних международных отношений, предоставили свои трибуны и поля для обсуждения самых разнообразных глобальных и региональных вопросов. Одним из важных направлений деятельности ШОС является развитие сети партнёрских отношений с ведущими международными и региональными организациями. ШОС на современном этапе нарабатала опыт, имеющий не только региональное, но и глобальное значение, особенно в борьбе с терроризмом, радикальным экстремизмом, сепаратизмом, наркотрафиком и организованной преступностью.

Ещё в июне 2004 г. на саммите в Ташкенте лидеры государств-членов ШОС обратились к другим международным и региональным форумам с предложением приступить к постепенному созданию партнёрской сети многосторонних объединений. После Ташкентского саммита ШОС значительно расширились международные контакты Организации и были подписаны меморандумы о взаимопонимании между Секретариатом ШОС и исполнительными органами ООН, АСЕАН, УНП ООН и ЭСКАТО ООН. Были установлены контакты с контртеррористическими структурами СНГ и АСЕАН. Курс ШОС не ограничивался структурными и технологическими контактами с указанными выше организациями, характеризовал взаимодействие с ними как перспективную программу построения более безопасного и стабильного мира. На основании наработанного опыта разработана Стратегия ШОС (Решением Совета глав государств-членов ШОС № 3 от 12 сентября 2014 г.). В Стратегии было отмечено «создание неделимого пространства безопасности, развитие взаимодействия с ООН, другими международными и региональными объединениями в различных областях, в том числе в борьбе с традиционными и новыми угрозами в области безопасности» [1].

На первом месте во взаимоотношениях ШОС и других международных организаций находятся перспективы взаимодействия с ООН. В своем послании по поводу торжественной церемонии открытия Секретариата ШОС еще в январе 2004 г. Генеральный секретарь ООН К. Аннан заявил, что ООН рассчитывает на всестороннее сотрудничество с ШОС с целью разрешения современных проблем и продвижения всеобщих ценностей человечества. Глава ООН подчеркнул необходимость объединения

усилий ООН и ШОС в противодействии терроризму, а также обеспечении стабильности, процветания и продвижения универсальных ценностей государств-членов.

В декабре 2004 г. ШОС обрела статус наблюдателя при ГА ООН. В период председательства Узбекистана в ШОС (2009–2010 гг.) принята резолюция ГА ООН «Сотрудничество между ООН и ШОС» (декабрь 2009 г.) и подписана Совместная декларация о сотрудничестве между секретариатами ШОС и ООН (5 апреля 2010 г., г.Ташкент). В соответствии с Совместной декларацией о сотрудничестве между секретариатами ШОС и ООН предусмотрено взаимодействие по вопросам предотвращения и урегулирования конфликтов, борьбы с терроризмом, с транснациональной преступностью, включая наркобизнес и незаконную торговлю оружием, предотвращения распространения ОМУ и средств его доставки.

В последующее пятилетие Шанхайской организацией сотрудничества была проведена кропотливая тактическая работа по осуществлению указанных выше стратегий и задач, ШОС всячески консультировалась по соответствующим вопросам с лицами, ответственными в ООН за выполнение указанных выше документов.

13 декабря 2010 г. на 64-м пленарном заседании принята Резолюция A/RES/65/124 «Сотрудничество между Организацией Объединенных Наций и Шанхайской организацией сотрудничества» (пункт 122 v повестки дня), которая постановила включить в предварительную повестку дня 67-й сессии ГА ООН подпункт, озаглавленный «Сотрудничество между ООН и ШОС» (повестка дня 66-й сессии (сентябрь 2011 — сентябрь 2012 гг.) не предполагала рассмотрения вопросов сотрудничества ООН с международными и региональными организациями).

В июне 2011 г. в Астане Генеральным секретарем ШОС и Исполнительным директором УНП ООН подписан Меморандум о взаимопонимании между Секретариатом ШОС и УНП ООН.

В сентябре 2012 г. делегация Секретариата ШОС во главе с заместителем Генерального секретаря присутствовала на открытии 67-й сессии ГА ООН в Нью-Йорке. 19 ноября 2012 г. на 40-м пленарном заседании в рамках 67-й сессии ГА ООН принята Резолюция A/RES/67/15 «Сотрудничество между Организацией Объединенных Наций и Шанхайской организацией сотрудничества» (пункт 121 u повестки дня), которая постановила включить в предварительную повестку дня предстоящей 69-й сессии ГА ООН в рамках пункта «Сотрудничество между ООН и региональными и другими организациями» подпункт, озаглавленный «Сотрудничество между ООН и ШОС». В соответствии с запросами ООН Секретариат ШОС совместно с государствами-членами и Исполкомом РАТС на регулярной основе готовит информацию по реализации ряда резолюций ГА ООН.

Налажено тесное взаимодействие между ШОС и структурными подразделениями ООН — Управлением по наркотикам и преступности (УНП ООН) и Экономической и социальной комиссии для стран Азии и Тихого океана (ЭСКАТО ООН).

21 августа 2012 г. подписан Меморандум о взаимопонимании между Секретариатом Шанхайской организации сотрудничества и Секретариатом Экономической и социальной комиссии для Азии и Тихого океана ООН.

За прошедший период Шанхайская организация установила связи и развернула сотрудничество с ЭСКАТО, ПРООН и другими структурами ООН. В настоящее время ШОС и ЭСКАТО при содействии Азиатского банка развития активно сотрудничают в процессе подготовки проекта Соглашения между правительствами государств-членов ШОС о создании благоприятных условий для международных автомобильных перевозок. В январе 2008 г. подписан Меморандум о взаимопонимании между Секретариатами ШОС и ЭСКАТО, предусматривающий конкретные формы и сферы взаимовыгодного сотрудничества, включая проведение консультаций экспертов в целях обзора осуществления совместной деятельности и обсуждения путей дальнейшей активизации связей, а также обмена информацией, представляющей взаимный интерес.

28 октября 2016 г. в Совете Безопасности ООН состоялось заседание, посвященное сотрудничеству ООН с региональными организациями, в частности с Организацией Договора о коллективной безопасности (ОДКБ), Шанхайской организацией сотрудничества (ШОС) и Содружеством Независимых Государств (СНГ). Приветствуя руководителей этих трех организаций, Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун отметил их важную роль в деле обеспечения мира и безопасности в Центральной Азии, а также в борьбе с терроризмом, нелегальной миграцией и незаконным оборотом афганских наркотиков.

22 ноября 2016 г. в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке в зале заседаний Экономической и социальной комиссии ООН состоялось специальное мероприятие высокого уровня, посвященное практи-

ческим аспектам сотрудничества между ООН и ШОС в области совместного противодействия вызовам и угрозам.

21 ноября 2016 г. Генеральная Ассамблея путём аккламации приняла Резолюцию о «Сотрудничестве между ООН и ШОС». Принятие Резолюции ознаменовало собой начало нового этапа развития партнёрских отношений между ООН и ШОС в целях поддержания глобального мира и безопасности, а также стало важным практическим вкладом в дело совместного противодействия современным вызовам и угрозам [2].

Отмеченная выше работа, проведенная между ШОС и ООН, указывает на перспективу распространения сотрудничества ШОС умудренного соотношением с главной международной организацией в региональной перспективе. Подписанный в апреле 2005 г. в Джакарте (Республика Индонезия) Меморандум о взаимопонимании между секретариатами ШОС и АСЕАН определил основные направления сотрудничества и взаимодействия двух международных организаций. Согласно этому документу приоритетными сферами взаимодействия стали борьба с терроризмом и транснациональной преступностью, контрабандой наркотических средств и оружия, отмыванием денег и незаконной миграцией. Стороны договорились о сотрудничестве в таких сферах, как экономика и финансы, туризм, охрана окружающей среды и использование природных ресурсов, а также по вопросам энергетики, в особенности гидроэнергетики и биотоплива.

Следует отметить, что одним из ключевых направлений взаимодействия ШОС–АСЕАН является сотрудничество в области обеспечения региональной безопасности. Как известно, АСЕАН выступает в качестве эффективного механизма обсуждения и решения вопросов по борьбе с современными вызовами и угрозами в Юго-Восточной Азии. В свою очередь ШОС имеет большое значение для строительства системы коллективной безопасности в Азиатско-Тихоокеанском регионе (АТР). Наряду с другими интеграционными объединениями ШОС рассматривалась АСЕАН в качестве важного звена в системе многостороннего сотрудничества.

В настоящее время взаимодействие ШОС–АСЕАН осуществляется путём обмена между секретариатами этих международных организаций информацией и опытом, проведения консультаций экспертов. В ноябре 2008 г. в Пекине (Китайская Народная Республика) состоялась встреча на уровне генеральных секретарей ШОС и АСЕАН, в ходе которой было подтверждено обоюдное намерение поддерживать регулярные контакты на основе принятого ранее меморандума.

С 2010 по 2016 гг. шла разработка обновленного проекта Меморандума о взаимопонимании между ШОС и АСЕАН, которая сопровождалась рядом встреч лиц, облеченных доверием обеих организаций.

На пространстве постсоветского масштаба велась активная работа по взаимодействию структур ШОС и таких международных организаций, как СНГ, ОДКБ, СВМДА.

В соответствии с Меморандумом о взаимопонимании между секретариатами ШОС и СНГ (21 апреля 2005 г., г. Пекин) предусмотрено сотрудничество в следующих областях: обеспечение региональной и международной безопасности; противодействие терроризму, сепаратизму, экстремизму, незаконному обороту наркотиков и оружия, организованной и транснациональной преступности; поощрение и защита инвестиций; охрана окружающей среды; культура; образование, наука, здравоохранение и другие. В дальнейшем проводились постоянные консультации между структурами ШОС и СНГ по текущим вопросам по указанным выше проблемам.

В 2007 г. были налажены связи и взаимоотношения между ШОС и ОДКБ. Был подписан «Меморандум о взаимопонимании между Секретариатом Организации Договора о коллективной безопасности и Секретариатом Шанхайской организации сотрудничества». Были проведены консультации по его проведению в жизнь, соответствующий обмен информацией. В ходе многочисленных контактов началась разработка совместных программ антитеррористического масштаба. С 2007 по 2013 гг. происходило постепенное сближение двух форматов организации ШОС и ОДКБ. На современном этапе в своем соотношении с ОДКБ ШОС исходит из усложнения и дифференциации вызовов и угроз в 2014–2015 гг. в евразийском регионе. Повестка безопасности отражает следующие реалии:

- 1) сохранение универсального характера организации как организации стратегического партнерства;
- 2) формирование с помощью ШОС и ОДКБ (де-факто) дихотомной центральноазиатской системы безопасности, в которой основную роль играет ОДКБ, особенно с учетом реформ 2012 г., — создание Коллективных сил оперативного реагирования (КСОР);

3) свертывание кооперации между Россией (ОДКБ) и США (НАТО) по вопросам борьбы с трансграничным терроризмом, религиозным экстремизмом, наркотрафиком в регионе Центральной Азии, включая возможность закрытия для войск западной коалиции (ISAF) северных (центральноазиатских) коридоров отхода из Афганистана;

4) резкая радикализация афганского вызова, в том числе за счет подключения ресурсов ближневосточного экстремистского движения ИГИЛ, возможность распада Афганистана на несколько частей, углубление общей нестабильности в регионе [3; 16]. Самое актуальное сотрудничество между ШОС и региональной организацией (прототип евразийской версии ОБСЕ) налажено в десятых годах XXI в. с СВМДА. 20 мая 2014 г. в Шанхае подписан Меморандум о взаимопонимании между Секретариатом Шанхайской организации сотрудничества и Секретариатом Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. ШОС и СВМДА объединяют совпадающие подходы к фундаментальным проблемам современности — урегулированию региональных конфликтов, укреплению основополагающих режимов нераспространения, поиску совместных ответов на актуальные вызовы: терроризм, сепаратизм, экстремизм, наркобизнес, транснациональная преступность, незаконная торговля оружием.

В настоящее время ведется активная подготовка к юбилейному саммиту ШОС в Астане в 2017 г. Основная ее часть начата с середины десятых годов XXI в. Большое значение в качестве этапов данной подготовки представляли собой саммиты ШОС в 2014–2016 гг., которые проходили в Душанбе (2014 г.), Уфе (2015 г.), Ташкенте (2016 г.).

В Душанбе была подписана Душанбинская декларация глав государств стран-членов ШОС. Также подписаны решения глав государств-членов ШОС «О типовом меморандуме об обязательствах государства-заявителя в целях получения статуса государства-члена ШОС», «Об утверждении порядка предоставления статуса государства-члена ШОС», «О проекте стратегии развития ШОС до 2025 года».

По итогам саммита в Уфе страны-члены ШОС подписали 2 десятка документов и приняли стратегию развития организации до 2025 г.

25 июня 2016 г. в Ташкенте проходил 15 саммит ШОС, на котором был принят план действий на 2016–2020 гг. по реализации Стратегии развития ШОС до 2025 г. В нем были уточнены разработанные на прошлогоднем уфимском саммите шаги развития организации на протяжении последующих 10 лет, были представлены конкретные меры по сотрудничеству в разных сферах. Все это поможет как можно скорее превратить достигнутый лидерами консенсус в практические результаты, в частности, вплотную подойти к непосредственному этапу завершения подготовки юбилейного саммита ШОС в Астане.

Комплексный характер указанных выше действий обусловил эффективность разработки Стратегии развития ШОС до 2025 г. — документа, определяющего ориентиры и параметры дальнейшей эволюции Организации. В настоящий период ШОС целенаправленно устремлена в будущее — к разработке новых этапов Стратегии развития до 2025 г., ориентируясь на плодотворную деятельность и усовершенствование места в развитии и реформировании ООН.

Список литературы

1 Стратегия развития Шанхайской организации сотрудничества до 2025 года. — [ЭР]. Режим доступа: <http://sco-russia.ru/load/1013640805>

2 ООН и ШОС: совместное противодействие вызовам и угрозам. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.trend.az/casia/uzbekistan/2548826.html>

3 Шанхайская организация сотрудничества: модель 2014–2015 / С.Г. Лузянин и др., гл. Российский совет по междунар. делам (РСМД). — М.: Спецкнига, 2015. — 36 с

В.В. Горовой, С.Б. Стамбулов

Астанадағы 16 Саммит қарсаңындағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы бағытының дамуы

Мақалада авторлар Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) қызметінің өзектілігі мен кезеңділігін ШЫҰ мен халықаралық ұйымдар арасындағы қатынастар арқылы қарастырды. XXI ғ. бірінші жартысындағы ШЫҰ мен Халықаралық үкіметаралық ұйымдар арасындағы қатынастардың болашағы сипатталған. Өзара қатынастардың үш деңгейі көрсетілген: жаһандық деңгей (БҰҰ); аймақтық деңгей (АСЕАН); еуразиялық деңгей (ТМД, ҰҚКШ, АӨСШК). Аталған деңгейлерде ШЫҰ-ның аталған халықаралық ұйымдармен жұмыс жасау қызметін жетілдірудің кешенді көзқарасы ашылған, ШЫҰ саммиттерінің нәтижелері, Астана саммитіне дайындық барысы талданған. Біздің пікірімізше, ШЫҰ-ның жаһандық және интеграцияланған әлемдегі бағытының картасын, форматын және мазмұнын осымен түсіндіруге болады.

Кілт сөздер: ШЫҰ, халықаралық ұйымдар, БҰҰ, ТМД, ҰҚКШ, АӨСШК, аймақтық қауіпсіздік, сыртқы саясат.

V.V. Gorovoi, S.B. Stambulov

The direction development of the Shanghai Cooperation Organizations interaction with international organizations: 16th summit in Astana

The authors would like to call attention to the relevance and the cyclicity of the Shanghai Cooperation Organization activity on the improvement of interaction between the SCO and international organizations. There are proposed perspective projects of interaction between the SCO and IGO, given characteristics on sequence of this relationships and prospects for the first quarter of the XXI century. It is noted three levels of interaction: the global level (UN), regional level (ASEAN), the Eurasian level (CIS, CSTO, CICA). At these levels revealed a comprehensive approach to improve the work of the SCO with the data given by international organizations, prospects for future developments in the field of activity of the SCO summits, including the jubilee summit in Astana. From our point of view, this is the content, format, and a road map of the SCO course in the global and integrated world.

Keywords: SCO, international organizations, the UN, CIS, CSTO, CICA, regional security, foreign policy.

References

- 1 Strategy for development of the Shanghai Cooperation Organization to 2025, <http://sco-russia.ru/load/10136408052>
- 2 UN and SCO joint counteraction to challenges and threats, <http://www.trend.az/casia/uzbekistan/2548826.html3>
- 3 Shanghai Cooperation Organization: 2014–2015 Model: / S.G. Luzyanin et al., chief Russian Council on International Affairs (INF), Moscow: Spetskniga, 2015, 36 p.

И. Ойон¹, Р.М. Жумашев², Б.А. Досова², А.З. Жуманова², Д. Ныгметулы²

¹Центр изучения русского, кавказского и центральноевропейского миров (CERCEC/CNRS)
при Высшей школе социальных наук, Париж, Франция;

²Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
(E-mail: aitan_jumanova@mail.ru)

Языковая ситуация в Казахстане на современном этапе

Ғалым ойын қортындылай келе, этникалық экологияның этнография мен адам экологиясы қиылысында орналасқан және этникалық география, этникалық антропология және этникалық демографиямен байланысы бар ғылыми пән екендігін айқындайды [4; 8]. Демек, осы тұрғыдан этникалық экологияның міндеттері де белгілі. Олар: этникалық топтар мен этностардың мекендеген ортадағы табиғи және әлеуметтік-мәдени жағдайындағы тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін зерттеу, сонымен қатар қалыптасқан экологиялық қарым-қатынастың адамдардың денсаулығына әсерін зерттеу; этностардың табиғи ортаны пайдалану ерекшелігін және олардың табиғи ортаға әсерін, табиғатты пайдаланудың рационалды дәстүрлерін, этноэкожүйелердің заңдылықтарының қалыптасуы мен қызмет етуін анықтайды [4; 8]. Қарап отырсақ, автор тарапынан этникалық экологияның алдына күрделі міндеттер қойылған және де бұл міндеттерді жүзеге асыру кешенді зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Қалай дегенмен де, В.И.Козлов этникалық экологияның пәнін анықтап, зерттеушілік міндеттерін айқындап берді. Қойылған міндеттердің негізінде «тіршілікті қамтамасыз ету» ұғымы ерекше маңызға ие болып отыр. Адамдардың тіршілікті қамтамасыз етуі ұғымы туралы пікірталастар көптеп кездеседі. Олардың басты аргументтері адамдардың тіршілігіндегі қажеттіліктермен байланысты.

Этноэкологияның қалыптасуына ресейлік этнограф-ғалымдар елеулі үлес қосты десек, қателеспейміз. Мәселен, олардың тарапынан этноэкологиямен ұштасып жатқан мәселелер зерттелген болатын: шаруашылық-мәдени типтер (М.Г.Левин, Н.Н.Чебоксаров), мәдени бейімделу турасындағы зерттеулер (С.А.Арутюнов, Ю.В.Бромлей), антропогеоценоз концепциясы (В.П.Алексеев), этноэкожүйе

(И.И.Крупник). Ресейлік этноэкологияның қалыптасуы мен дамуына арналған тарихнамалық ізденістер А.Н.Ямсков тарапынан жүргізілді [5].

Этникалық экологияның ғылым ретінде дамуына академик Ю.В.Бромлейдің 1981 жылы жарық көрген «Адам экологиясының этникалық аспектілері» атты зерттеуі де өзіндік үлес қосты [6]. Бұл теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жазылған мақалада әр түрлі этностардың табиғи ортаны пайдалану ерекшелігі, табиғи ортаға әсер ету спецификасы көрсетілген. Этностардың белгілі бір табиғи ортада өмір сүретіндігі белгілі. Зерттеушілер адам экологиясын қарастыруда міндетті түрде этникалық қауымдастықтардың ерекшеліктерін ескерулері қажет. Ғалымның пікірінше, әлеуметтік бірлестіктердің ішінде этникалық сипаттағы қауымдастықтар ғана ұзақ уақыт бойы тұрақтылығымен ерекшеленіп, олардың табиғатпен қарым-қатынасы жүздеген, тіпті мыңдаған жылдармен есептелінеді [6; 245].

Адамдардың табиғатпен байланысын бірнеше аспекті бойынша қарастыруымыз керек. Біріншіден, табиғаттың адамның биологиялық негізде әсер етуі, яғни этнострандың белгілі бір ортаға бейімделуі, адамдардың мінез-құлқының ерекшеліктері, оның негізінде этникалық сипаттың пайда болуы. Екіншіден, табиғи орта этностың басқа да компоненттеріне елеулі әсерін тигізеді. Әсіресе географиялық ортаның өндіргіш күштерінің қалыптасуына және дамуына әсері айқын байқалады. Академик Ю.В.Бромлейдің географиялық ортаның этникалық үдерістерге әсерін қарастыру барысында «географиялық нигилизмге» ұрынбауымыз қажет [6; 247]. Демек, этностардың өндіргіш күштерінің дамуында географиялық фактордың рөлін әсірелемеуіміз керек.

Тарихтан әрбір этностың шаруашылық мамандануының қалыптасуының екі маңызды факторына көңіл бөлуіміз керек: алдымен, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі, сосын мекендеген ортасының сипаты. Осының негізінде кез келген этностың табиғаттағы өмірге қажетті мүмкіндіктерді пайдалану орын алады. Табиғи ортаның ұзақ уақыт өзгермеуі және әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығы шаруашылық түрдің дәстүрге айналуына алып келеді. Дәстүр халықтың тұрмыс-тіршілігінде сақталып, этностың табиғи ортаны өзгертуіне қарамастан, оның ажырамас бөлігіне айналады. Халық дәстүрінің экологиялық факторлардың негізінде де қалыптасатынын белгілі зерттеуші Б.А.Андрианов жазған болатын [7; 17]. Кеңестік дәуірде этнограф-ғалымдар этникалық қауымдастықтармен қатар, мәдени-шаруашылық типтерді және тарихи-этнографиялық облыстарды ерекшеледі. Бұл концепция XX ғ. 50-жж. кеңес ғалымдары М.Г.Левин және Н.Н.Чебоксаров тарапынан зерттелді. Авторлар «шаруашылық іс-әрекеттің бағыттары мен географиялық орта халықтардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктерін, олардың қоныстары мен тұрғын үйлерінің түрлерін, көлік құралдары мен ауыр заттарды тасымалдау тәсілдерін, тағамдары мен ыдыс-аяғын, киімін және аяқ киімін т.б. анықтайтынын» көрсетті [8; 4]. Шаруашылық-мәдени тип дегеніміз — шығу тегі әр түрлі халықтарға тән ұқсас географиялық орта өмір сүретін және бірдей әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі тарихи тұрғыдан қалыптасқан шаруашылық пен мәдениеттің кешені [7; 18].

Көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап этнографияның географиямен байланысы орын алады. Бұл этникалық географияның қалыптасуына, оның негізінде этноэкологияның пайда болуына алып келеді. М.Г.Левин мен Н.Н.Чебоксаровтың бастамасынан кейін осы сипаттағы зерттеулер кең өріс ала бастайды. Әрине, кең көлемді зерттеу жұмыстары оның аясын кеңейтіп, жаңа бағыттардың қалыптасуына ықпал еткені сөзсіз.

Этностардың қоршаған ортамен байланысын зерттеу нысанына алған белгілі ғалым Л.Н.Гумилев болды. Оның зерттеулерінде «этнос және ландшафт» ұғымдары қолданылып, ғылыми ортада көптеген пікірталастар туғызды. Автор этностардың географиялық ортада пайда болатынын алға тарта отырып, табиғи ортаның да өзгеріске ұшырап отыратынын ескертеді. Л.Н.Гумилевтің «этноценоз» ұғымын пайдалануы «этноэкожүйе» ұғымының қолданысқа енуімен ұштасып жатыр [9]. Әрине, дәстүрлі қоғамдарда жекелеген адамдардың қауымын ортақ жүйенің «антропоценоз» немесе «антропогеоценоздың» құрамдас бөлігі ретінде қарастыруды В.П.Алексеевтің есімімен байланыстырады [10]. Ұғымдар арасындағы айырмашылық шын мәнінде зерттеліп отырған мәселенің белгілі бір тұрғысының басымдығынан туындап отыр.

Солтүстік халықтарының экологиялық тәжірибесін бағалауға бағытталған И.И.Крупниктің «Арктиканың этноэкологиясы» еңбегі таңдаулы зерттеулердің біріне айналды [11]. Автор тарапынан теңізде балық аулаушылар мен бұғы бағушылардың дәстүрлі қоғамындағы табиғатты пайдалану жүйесі, демографиясы, әлеуметтік құрылымы этноэкология тұжырымдамасы тұрғысынан зерттеліп, дәстүрлі қоғамдардың динамикалық дамуы туралы идея ғылыми тұрғыдан дәлелденеді. Зерттеушінің

ғылыми айналымға «этноэкожүйе» ұғымын енгізуі де құнды жаңалық болып саналады. Этникалық экология тұрғысынан этножүйе ретінде этникалық қауымдастық мензеліп, оның экоортамен өзара қарым-қатынасы және бірлігі этноэкожүйені қалыптастырады. Логикалық тұрғыдан қарастырғанда этноэкожүйе табиғи, экономикалық, саяси, әскери, психологиялық және экологиялық факторлардың кешені этносқа әсер етіп, динамикалық жүйені құрайды.

Ресейдегі этноэкологиялық зерттеулердің әлем мойындаған ғылыми орталығы Ресей ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және атропология институты болып табылады. XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап аталмыш институт құрамында этникалық экология секторы жұмыс істей бастады [12].

Этнографиялық қауымдастықта мәдениеттің экологиялық маңызды қызметтерін анықтауда және танымал болуына 1983 жылы армян мәдениеттанушылары мен этнографтары жариялаған ұжымдық монографияның рөлі ерекше болды [13]. Монографияға 1976 және 1978 жылдары Арменияда жүргізілген ірі масштабты далалық экспедиция материалдары негіз болды.

1991 жылы этноэкология секторы алғашқы рет «Этникалық экология» атты тақырыптық жинақ шығарды [14]. Бұл жинақта этноэкологиялық зерттеулердің әдістері мен әдіснамасы, адам экологиясы мен этникалық экологияның арақатынасы, этностардың тіршілікті қамтамасыз етуі және бейімделуі тәрізді мәселелер қарастырылды. Осы арада әр түрлі этноэкологиялық мектептердің қалыптасуы да сөз етілді. Мұндай тақырыптық жинақтар арқылы этноэкологиялық зерттеулерді жүйелеу, пікіралмасу және көзқарастарды саралау кеңінен тарала бастады.

XX ғасырдың 90-жылдарының ортасында этноэкология секторында қазақстандық ғалым Н.Е.Масанов диссертациялық зерттеулер жүргізіп, этноэкологияның басты тұжырымдарымен танысты. 1995 жылы Н.Е.Масанов Еуразияның далалық аймақтарының тарихы мен этнографиясы бойынша этноэкологиялық ұстанымдарды негізге ала отырып, іргелі монографиялық зерттеуін жариялады [15].

Қазақстандағы этноэкологиялық зерттеулердің жаңа бір белесі 1998 жылы ұжымдық монография ретінде жарық көрген «Қазақстардың тіршілікті қамтамасыз етудегі дәстүрлі мәдениеті. Теориясы және тарихының очерктері» («Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории») атты еңбекте көрініс тапты [1]. Монографияда Қазақстандағы көшпеліліктің тарихы мен этнографиясының әр түрлі аспектілері қарастырылып, көшпелі қоғам әлеуметтенудің қауымдық түрі екендігі туралы пікір ұсынылды [1; 10–61]. Авторлар мұндай пікірге көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың объективтік логикасынан туындайтынын көрсетті.

Этноэкологиялық зерттеулердің белсенділігін арттыру көптеген зерттеушілер тарапынан көтеріліп отырған жаһандық этникалық дағдарыс мәселесі тұрғысынан туындап отыр. Бұл мәселенің экологиялық тұрғысынан да қарастырылуының қажеттілігі анық. Этноэкологиялық зерттеулердің жандануына оның пәнаралық байланыста болуы, кешенді зерттеулер жүргізу мүмкіндігі әсер етсе де, әр түрлі пәндердің кіріктірілуі, бір жағынан, қиындық туғызып жатады. Әр пән өзіндік түсініктік-категориялық аппаратымен, қалыптасқан аксиомалары мен теорияларын алға тартады. Осындай зерттеулер өзара байланыссыз жеке пәндер аясында жүргізіліп, бірегей ортақ зерттеуге ұштаспауы да мүмкін. Көп жағдайда этноэкологиялық зерттеулерде теориялық плюрализмнен арылу мүмкін болмай, қалыптасқан белгілі бір «ғылыми мектептердің» әдіснамалық ұстанымдары монистік көзқарастардың қалыптасуына кедергі болып жатады. Дегенмен, XX ғасырдың орта шенінде бастау алған этноэкологиялық зерттеулер XXI ғасырда жаңа белеске көтеріліп, жаңа ізденіс бағыттарын анықтап, қоғам мен ғылымның дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алимбай Н.А., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. — Алматы: Ғылым, 1998. — 234 с.
- 2 Дубова Н.А. Антропологические и этноэкологические исследования на рубеже тысячелетий // Феномен идентичности в современном гуманитарном знании. К 70-летию академика Валерия Александровича Тишкова. — М.: Наука, 2011. — 314 с.
- 3 Ямсков А.Н. Этноэкология: содержание понятия и история его развития в отечественной этноэкологии // Расы и народы: современные этнические и расовые проблемы / Ежегодник. Вып. 34. Ред. Н.А. Дубова, Л.Т. Соловьева; Сост. Н.А. Дубова. — М.: Наука, 2009. — 142 с.
- 4 Козлов В.И. Основные проблемы этнической экологии // Советская этнография. — 1983. — № 1. — С. 3–16.

- 5 Ямсков А.Н. История становления и развития отечественной этноэкологии // Этнографическое обозрение. — 2013. — № 4. — С. 49–64.
- 6 Бромлей Ю.В. Этнические аспекты экологии человечества // Бромлей Ю.В. Современные проблемы этнологии (очерки теории и истории). — М.: Наука, 1981. — 256 с.
- 7 Андрианов Б.В. Неоседлое население мира (историко-этнографическое исследование). — М.: Наука, 1985. — 277 с.
- 8 Левин М.Г., Чебоксаров Н.Н. Хозяйственно-культурные типы и историко-этнографические области // СЭ. — 1955. — № 4. — С. 3–17.
- 9 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли: науч. изд. — М.: АСТ, 2002. — 557 с.
- 10 Алексеев В.П. Глава 10. Генезис антропогеоценозов // Алексеев В.П. Становление человечества. — М.: Политиздат, 1984. — 383 с.
- 11 Крупник И.И. Арктическая этноэкология: модели традиционного природопользования морских охотников и оленеводов Северной Евразии. — М.: Наука, 1989. — 272 с.
- 12 Этноэкология в ИЭА РАН. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.ethnoecology.ru/index.php/ru/menu-ethnoecology-ceas-gas.html> (Дата обращения: 28.09.2016)
- 13 Культура жизнеобеспечения и этнос. Опыт этнокультурологического исследования (на материалах армянской сельской культуры) / Отв. ред. С.А. Арутюнов, Э.С. Маркарян. — Ереван: АН АрмССР, 1983. — 320 с.
- 14 Этническая экология: теория и практика / Ред. В.И.Козлов, Н.А.Дубова, А.Н.Ямсков. — М.: Наука, 1991. — 376 с.
- 15 Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: Основы жизнедеятельности кочевнического общества. — Алматы: Социвест, 1995. — 319 с.

Ж.М. Омирбекова, А. Ташагыл

К проблеме становления и развития этноэкологических исследований

Актуальность исследования очевидна, однако в научной литературе проблема становления и развития этноэкологических исследований ограничена теоретическими и практическими знаниями и методологическими подходами. Авторы статьи восполняют этот пробел и представляют сжатый обзор истории появления и содержания тех областей знаний, на основе которых возникла этноэкология: исследование хозяйственно-культурных типов, антропогеоценозов и этноэкологических систем, адаптивных функций и компонентного состава культуры, популяционного долгожительства как индикатора успешной адаптации. Дано понятие этноэкологического подхода в исследовании заявленной проблемы и раскрыты его основные принципы. Сформулированы взгляды, представлены результаты собственных исследований авторов на возможные задачи и основные понятия этноэкологии, ее место в системе наук, выделены этапы, раскрыты особенности становления и развития этноэкологических исследований.

Ключевые слова: этническая экология, этнос, хозяйственно-культурные типы, система жизнеобеспечения, этноэкологическая система.

Zh.M. Omirbekova, A. Tashagyl

On the problem of formation and development of ethno-ecological studies

The relevance of the study is obvious, however, in the literature the problem of formation and development of ethno-ecological studies are limited to theoretical and practical knowledge and methodological approaches. The author fills this gap and presents a concise overview of the history of the emergence and maintenance of those areas of knowledge, which formed the basis of the ethno-ecology: the study of economic-cultural types, anthropogenesis and ethnocacerista, adaptive functions and composition of culture, population longevity as an indicator of successful adaptation. The notion of ethno-ecological approach in the study of the alleged problem as well as its basic principles are described in the article. The author formulates views, presents the results of own researches on possible objectives and basic concepts of ethnoecology, its place in the system of sciences, the stages, the features of the formation and development of ethno-ecological studies.

Keywords: ethnic environment, ethnos, economic-cultural types, life supporting system, ethno ecosystem.

References

- 1 Alimbai N.A., Mukanov M.S., Argynbaev H. *The traditional culture of Kazakhs life support. Essays on the theory and history*, Almaty: Gylym, 1998, 234 p.
- 2 Dubova N.A. *Phenomenon of identity in contemporary humanities. On the 70th anniversary of academician Valery Alexandrovich Tishkov*, Moscow: Nauka, 2011, 314 p.
- 3 Yamskov A.N. *Races and peoples: modern, ethnic and racial issues*, yearbook, 34, ed.: N.A. Dubova, L.T. Solovyeva. Comp. N.A. Dubova, Moscow: Nauka, 2009, 142 p.
- 4 Kozlov V.I. *Soviet Ethnography*, 1983, 1, p. 3–16.
- 5 Yamskov A.N. *Ethnographic Review*, 2013, 4, p. 49–64.
- 6 Bromley Yu.V. *Ethnic aspects of human ecology* // Bromley Yu.V. *Modern problems of Ethnology (Essays on the theory and history)*, Moscow: Nauka, 1981, 256 p.
- 7 Andrianov B.V. *Travellers World (historical-ethnographic research)*, Moscow: Nauka, 1985, 277 p.
- 8 Levin M.G., Cheboksarov N.N. *SE*, 1955, 4, p. 3–17.
- 9 Gumilyov L.N. *Ethnogenesis and biosphere of the Earth: the scientific edition*, Moscow: AST, 2002, 557 p.
- 10 Alekseev V.P. *Chapter 10. Genesis anthropogeocoenoses* // Alekseev V.P. *Formation of mankind*, Moscow: Politizdat, 1984, 383 p.
- 11 Krupnik I.I. *Arctic ethnoecology: traditional nature pattern sea hunters and reindeer herders of Northern Eurasia*, Moscow: Nauka, 1989, 272 p.
- 12 Etноekologiya in IEA RAS, <http://www.ethnoecology.ru/index.php/ru/menu-ethnoecology-cea-ras.html> (məlimet alu merzimi: 28/09/2016)
- 13 *Culture of Life and ethnicity. Experience ethnoculturological studies (on materials of the Armenian rural culture)*. Ans. ed. S.A. Arutyunov, E.S. Markarian, Yerevan: Academy of Sciences of the Armenian SSR, 1983, 320 p.
- 14 *Ethnic ecology: Theory and Practice*, ed. V.I.Kozlov, N.A.Dubova, A.N.Yamskov, Moscow: Nauka, 1991, 376 p.
- 15 Massanov N. *Civilization Nomadic Kazakhs: Basics of Life migratory habits of society*, Almaty: Sotsinvest, 1995, 319 p.

Ж.А. Карсыбаева

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: karsybayeva1981@mail.ru)*

1950–1960 жылдардағы Орталық Қазақстан қалаларының тұрғын үй жағдайы

Мақалада 1950–1960 жылдардағы Орталық Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың баспанамен қамтамасыз етілуі, тұрғын үй құрылысының дамуы қарастырылды. Автор қалалардағы өндірістің қарқынды дамуынан қала халқы санының артқандығын көрсете отырып, олардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуінде туындаған қиындықтарды анықтайды. Автор жергілікті билік органдарының Орталық Қазақстан қалалары мен елді мекендерінде тұрғын үй құрылысын жүргізуде жіберген кемшіліктерін көрсете отырып, қалалардағы әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлердің жағдайына талдау жасайды. Берілген салаға жұмсалған қаржы көлемін көрсете отырып, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық құрылыс пен көгалдандыру ісінің жүргізілу барысын талдайды. Халықтың әлеуметтік қамсыздандырылу саласы бойынша кеңес билігінің ұстанған саясатын бағамдайды.

Кілт сөздер: Орталық Қазақстан, қала тұрғындары, тұрғын үй құрылысы, елді мекендер, әкімшілік ғимараттар, коммуналдық шаруашылық, көгалдандыру, өндірістік-техникалық база, мұрағат мәліметтері.

Адамның өмірлік маңызы бар сұраныстарының бірі тұрғын үй болып табылады, сондықтан да ол мемлекет үшін өз экономикасын, қоғамның әлеуметтік саласын дамытуда әрдайым өзектілікке ие. Бұл сұранысты қанағаттандыру тәсілі қоғамдық құрылыстың сипатына тәуелді. Тұрғын үй құрылысы мәселесі кеңес мемлекетінде де сан жылдар бойы белгілі бір тарихи себептерге байланысты шешімді қажет ететін ауқымды мәселе болып қала берді. Еңбекшілердің тұрғын үй жағдайын жақсарту кеңес мемлекетінің күнтізбесінен түспейтін тақырып болды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде тұрғын үй өндірісінің механикаландырылған тәсілі басты назарда болды, бұл өз кезегінде тұрғын үй саласындағы соғыстың ауыр зардаптарын тез арада жоюға көп жағдайда ықпал етті. Бұл уақытта тұрғын үй алаңының орташа жылдық өсу қарқыны 25,4 млн шаршы метрді құрады, яғни, 1940 жылдарға қарағанда, екі жарым есеге жоғары болды. Бұқара халықтың тұрғын үй құрылысы мен оның елдегі өндірістік базасының дамуына белсенді қатысуы нәтижесінде бұл жылдары 254,5 млн шаршы метр жаңа үй тұрғызылды. Аталған уақытта қала тұрғындары өз есебінен және мемлекеттің көмегімен 69,2 млн шаршы метр үйді тұрғызды [1; 56].

50 жылдары тұрғын үй құрылысын дамытуда салынушы үйлер санының артуы ғана емес, біршама сапалы өзгерістер де тән: ғимараттардың капиталдылығы артып, олардың көгалдандырылуы және жайлылығы жақсарды. Бірақ соған қарамастан, тұрғын үй құрылысы халықтың сұранысынан артта қалушылығы біршама болды. Бұл артта қалушылықтың басты себептері мемлекет халық шаруашылығының барлық салаларына соғыстың тигізген ауыр зардаптарынан оларды бірдей шамада дамытуға мүмкіндіктерінің болмауында еді. Сонымен қатар тұрғын үйді тұрғызудың әдістеріне тұрғын үй құрылысының өндірістік-техникалық базасының сай келмеуі де белгілі бір дәрежеде бұл саланы артқа тартты.

Сонымен қатар тұрғын үй құрылысының дамуына көптеген қуаты аз, мамандандырылмаған құрылыс ұйымдары бойынша құралдарды, техникаларды және мамандарды шектен тыс пайдалану да жағымсыз әсер етті. 50-жылдардың ортасында әрбір қалада тұрғын үй құрылысын түрлі министрліктер мен ведомстволардың ондаған, тіпті жүздеген құрылыс ұйымдары жүргізді. Олардың көпшілігі көрші алаңдарда үйлерді тұрғызды, бірақ әрбір мекеме өзінің өндірістік базасын жасақтады. Әдетте мұндай қуаты аз ұйымдар техниканы әлсіз қолданды, сонымен қатар жаңа үй алаңдарын тұрғызу бойынша мемлекеттің жүктеген міндеттерін көбіне орындай алмады, шығынмен жұмыс жасады.

Индустрияландыру жылдарында тұрғын үй құрылысындағы қалыптасқан салалық жүйе 50 жылдардың ортасына қарай тұрғын үй құрылысын одан әрі дамытудың тежегішіне айналды. Сонымен бірге типтік жобалаудың әлсіз дамуы да кедергі болды: 1955 жылы тұрғын үйлер мен мәдени ғимараттардың жартысынан көбісі жеке жобалар бойынша тұрғызылды. Өз кезегінде мұның

барлығы мемлекеттік қаражатты шығындауға, құрылыстың қымбаттауына, оның көлемінің қысқаруына әкелді.

Тұрғын үй құрылысының жүру қарқынына кедергі болған басқа да себептер болды. Көптеген жергілікті, партиялық, кеңестік, кәсіподақтық органдар үшін тұрғын үй құрылысын дамыту және еңбекшілердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту екінші деңгейдегі мәселе болып қала берді.

1950 жылдардағы Орталық Қазақстан қалаларының дамуының тарихы бойынша материалдар 1951–1955 жылдардағы Қарағанды облысының қалалары мен жұмысшы поселкелерінің тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық құрылыс пен көгалдандырудың соғыстан кейінгі екінші бесжылдық жоспарында толығымен көрініс тапқан. Берілген жоспар Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалалары және Атасу, Қаражал, Успен жұмысшы поселкелері үшін құрастырылған. Берілген елді мекендерде толығымен дерлік облыстың өнеркәсібі мен халықтың 80 % дейін шоғырланған.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық кеңестерінің қолда бар мәліметтері бойынша, 1951 жылы тұрғындардың саны:

- Қарағанды қаласында: 850 мың адам;
- Теміртау қаласында: 48 мың адам;
- Балқаш қаласында: 52,4 мың адам;
- Жезқазған қаласында: 54,0 мың адам құраған [2; 20].

Көрсетілген елді мекендердің бірінде де тұрғындардың баспанамен, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілуі нормативке сай келмеген.

Қарағанды облысының қалалары мен жұмысшы поселкелерінің жайлылығы олардың дамуы мен тұрғындар санының өсімінен қалып қойды. Бір тұрғынға шаққанда келетін тұрғынжай алаңының аумағы 2,7–4,3 шаршы метрден келді.

Қарағанды мен Жезқазғанның тұрғындары ауыз суға аса қатты зәрулігі болды. Тұрмыстық-шаруашылық кәріз құбырлары тек Балқаш қаласында ғана болды. Қалған қалалар мен елді мекендер кәріз құбырларынсыз болды.

Өнеркәсіптің, халықтың өсімі мен оның тұрғын үймен, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілуінің арасындағы алшақтық өнеркәсіп кәсіпорындарының шын мәнінде жалғыз ғана құрылыс жүргізушілер болғанына қарамастан, көптеген жылдар бойында еңбекшілерге қажетті тұрмыстық жағдайды жасау мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмеуінің салдарынан болды.

Қарағанды облысының қалалары мен жұмысшы поселкелерінің сол кездегі жағдайына сипаттама беру үшін тұрғындардың тұрғын үй алаңдарымен қамтамасыз етілуін қарастыру қажет. 1955 жылы тұрғын үй алаңының аумағы бір адамға шаққанда келесідегідей болды:

- Қарағанды қаласы бойынша 3,93 шаршы метрге дейін, 1951 жылғы 3,68 шаршы метр;
- Балқаш қаласы бойынша 6,68 шаршы метрге дейін, 1951 жылғы 4,35 шаршы метр;
- Теміртау қаласы бойынша 4,58 шаршы метрге дейін, 1951 жылғы 2,7 шаршы метр.

Сонымен қатар жаңа құрылыс көлемін айқындауда өзінің қызмет көрсету мерзімінен асып кеткен, жарамсыз тұрғын үйлердің бөліктерін (жертөле, қамыс үйлер, сазбалшықты және т.б.) жою қажеттіліктері есепке алынды.

1 - к е с т е

1953–1955 жж. Орталық Қазақстан қалаларының тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және көлемі

Р/с №	Қалалар, мың шаршы м	1953 ж.	1954 ж.	1955 ж.	Барлығы, 1953–1955 жж.	1953–1955 жж. кап.салымдар	
						Барлығы	Соның ішінде тұрғынүй құр.
1	Қарағанды	150	170	175	495	1172,0	762,0
2	Балқаш	36,7	40,0	40,0	116,7	196,3	125,0
3	Теміртау	69,0	92,0	95,0	256	452,2	173,4
4	Жезқазған	40,8	45,0	50,0	135,8	239,8	190,1
	Барлығы	296,5	347	360	1003,5	2060,3	1250,5

Ескерту. Кесте КОММ. 961-к. 1-тіз. 163-іс. 23, 29-б. берілгендері негізінде құрылды.

Тұрғын үй құрылысының жоспарланған көлемі 1953–1955 жж. 1003,5 мың шаршы метрді құраған. Алайда тұрғын үй алаңының осындай біршама өсіміне қарамастан, тек қана Балқаш қаласының өзінде 1955 жылы тұрғын үй нормасы бір адамға шаққанда 6,7 шаршы метрді құрады, ал басқа қалаларда тұрғын жай алаңымен барынша төменгі қамтамасыз етілуі бар тұрғындар санының өсіміне байланысты, 1955 жылы — бір адамға 6 шаршы метрден келетін минималды норманың өзіне қол жеткізілмеді, Қарағанды қаласында 4 шаршы метрді, ал Теміртау қаласында бір адамға 4,6 шаршы метрден келді, тіпті жеке тұрғын үй құрылысын есепке алғанның өзінде осындай жағдай орын алды [2; 24].

Жоғарыда берілген кестеден байқағанымыздай, үш жылдағы (1953, 1954 және 1955 жж.) Қарағанды облысы қалаларының тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық құрылысына капитал салымының жоспарланған көлемі 2,1 млрд сол игеруі керек болатын, соның ішінде тұрғын үй құрылысына 1,3 млрд сом [2; 30].

Әрбір қала бойынша жағдайды қарастырсақ. 1952 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Балқаш қаласының халқы 46,5 мың адам бар, ал 1955 жылы 52,4 мың адам болды. Қала халқы Мыс зауыты, Гүлшат кеніші, Шығыс кенішінің дамуы мен табиғи өсім есебінен 5,9 мың адамға өсті. Қаладағы барлық тұрғын жай қоры 203,2 шаршы метрді құрады, бұл бір тұрғынға 4,3 шаршы метрден келді (норма бойынша 9 шаршы метр).

Жан басына тұрғын үй алаңын кем дегенде 6,5 шаршы метрге жеткізу үшін, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бесжылдықта еңбекшілерді жайлы пәтерлерге орналастыру үшін 4 жылда 137 мың шаршы метр тұрғын жайды тұрғызып, пайдалануға беру керек еді және бұл үшін 175,029 мың сом қаржы салу көзделді [2; 32]. Қалада сол кезге дейін қалалық қонақ үй де болмады, ал 50 орындық моншаның жанындағы қонақ үй талаптарға сай келмеді. Барлық ведомстволық және басқа да қалалық ұйымдар тұрғын үйлерде орналасқан болатын және қалыптан тыс жағдайларда жұмыс жасады, сондықтан қаланың даму жоспарында 1954 жылы 2000 мың сомы құны бар екі Кеңестер үйін және Гүлшат кенішінде 35 мың сом құны бар бір поселкелік Кеңес үйін тұрғызу қарастырылды [2; 36].

1952 жылғы 1 қаңтарда Теміртау қаласының халқы 50 мың адамды және тұрғын үй қоры 175252 шаршы метрді құрады, оның ішінде ведомстволық — 97708 шаршы м, 1955 жылы халық саны 100 мыңға жетті.

Бір адамға шаққанда минималды тұрғын үй алаңының нормасы 6 шаршы метр болғанда, тұрғын үй қоры бесжылдықтың соңында 600 мың шаршы метрге жеткізілуі тиісті. Осыған орай кәсіпорындармен 246528 мың сом қаржы салынуы тиіс болды.

Осылайша, барлық тұрғын үй қоры 1955 жылы 446807 шаршы метрді құрауы керек болатын [2; 41].

1955 жылы Жезқазғанда тұрғындар саны 80 мың адамды құрады. Жезқазған мен Кеңгірде тұрғын жайдың жетіспеушілігі қатты байқалды, сондықтан 1951–1955 жылдары 160800 шаршы метр тұрғын үй алаңын салу жоспарланды, ол жан басына шаққанда 7 шаршы метрден тұрғын жайды қамтамасыз етеді, бұл құрылысқа 225210 мың сом капитал салу көзделді [2; 45].

1954–1955 жж. Қарағанды қ. тұрғын үй құрылысына 472,8 млн сом қаржы салу көзделді, 256,7 мың шаршы метр тұрғын жай пайдалануға берілуі тиіс болатын.

50-жылдардың ортасында кеңес азаматтарының барынша күшті сұранысына ие болған мәселе баспаналы болу еді. Соғыстан кейінгі жылдарда адамдар жартылай жертөле үйлерде, жертөлелерде, барак, коммуналдық пәтерлерде тұрды. 1955 жылы Қарағанды тас-көмір бассейнінің барлық елді мекендерінің тұрғын үй қорының 90 % жуығы 1 қабатты, көбіне ағаш және саманнан салынған үйлер болды. 3–4 қабатты үйлер негізінен Жаңа қалада салынды, жекелегенде Майқұдық пен Саран қалаларында салынған. Жаңа қала бойынша 2–4 қабатты құрылыстар оның тұрғын үй қорының шамамен төрттен бірін құрады. Жаңа қала көгалдандырылған және кәріз құбырлары тартылған; Ескі қалада әзірге кәріз құбырлары тартылмаған.

50 жылдардың ортасынан бастап барлық құрылыс үрдістерінің жаппай индустрияландырылуы негізінде тұрғын үй құрылысының ерекше қарқынмен ауқымды түрде жүргізілуі басталды. Тұрғын үй салу ісінде жаңа кезеңнің басталуына себепкер болған маңызды тарихи оқиға болып СОКП XX създі табылды, онда жалпылай алғанда елдегі «тұрғын үй құрылысын барынша кеңейту және жақсарту» туралы айтылған болатын. Бұл мәселеде тұрғын үйлер құрылысын іріленген, мамандандырылған мекемелердің күшімен жүргізуді ұсынды. Тұрғын үй құрылысының қарқынын көбейтуді, оның құнының арзандатылуы мен баспана жетіспеушілігін жоюды қарастырған қала дамуының сол кездегі жоспары кеңес тарихында тұңғыш рет 1957 жылы қабылданды.

Оның негізгі идеясы стандарты ішкі жоспарламасы бар нақты тұрғын үйдің үш-төрт модельдеуін қарастыратын бірегей типтік жоба бойынша үйлердің біраз қатарын салуда еді. Тұрғын үйдің жаңа типіне Бүкілодақтық конкурс өткізілгеннен кейін бір отбасыға есептелген тиалометражды деп аталатын пәтерлері бар тұрғын үйлердің типтік жобалары бекітілді.

Бір бөлмелі пәтерлер 18-ден 20 шаршы м дейін тұрғын жай алаңы бар, екі бөлмелілер — 30 шаршы метр және үш бөлмелілер 36–40 шаршы метрмен қарастырылды. Әрбір пәтерде 6 шаршы метрлік ас үй қарастырылды. Оларда терезе астындағы суықталған шкаф, біріктірілген кәріз жүйелері, дәліз және киім ілетін жер деп аталған 2–2,5 шаршы метрлік алаңқай болды, ол жатын бөлмемен байланыстырылды. Бұл пәтерлерге тән сипаттама: қабырғаға бекітілген шкафтар және киім қоятын сөрелер, кішігірім үстелше орналасқандығында болды. Барлық «қосымша алаңдар»: дәліз, жуынатын бөлме, ас үйлер барынша көлемі қысқартылды. Үйдің төбесі 2,7 метрге дейін түсірілді, сатымен өтетін жерлер тарылтылып, қойма, қоқыс шығаратын құбыр мен жеделсаты жойылды. Бұл «хрущевтік үйлер» деген атпен белгілі. Мұның барлығы әрбір пәтердің құнын 30–40 пайызға дейін азайтуға, коммуналка үйлерді жоспарлаудан бас тартқызуға әкелді [3; 58].

Мұрағат құжаттарындағы мәліметтер бойынша, 1959 жылы облыс бойынша тұрғын үй құрылысының жоспары 98,9 % орындалған. Жоспардағы 654,26 млн сомның іс жүзінде 647,06 млн сомы немесе 1958 жылғы іс жүзінде 189,42 млн сомға орындалған, өсім 41,4 % құраған тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған 515,95 мың шаршы метрдің орнына, іс жүзінде 413,04 мың шаршы метр пайдалануға берілген. Бұл 1958 жылы іс жүзінде пайдалануға берілген тұрғын үй аумағынан 91,79 мың шаршы метрге асып түсті, өсім 28,6 % құрады [4; 168].

Қарағандыда бір адамға шаққанда тұрғын үй алаңының орташа нормасы 1957 жылы 5,5 шаршы метрді құрады, ал қаланың кейбір аудандарында одан да жоғары болды. Алайда көптеген пәтерлер коммуналдық болды, қарапайым ғана тұрмыстық жайлылығы болмады. Пәтерлерге жылу беру ісі де төмен жағдайда болды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы да өте әлсіз және еңбекшілердің сұраныстарына толығымен жауап бере алмады. 1960 жылдың басында қалалар мен елді мекендердің тұрғын үй қоры су жүйесімен 31 %, кәріз жүйесімен — 26, орталық жылу беру жүйесімен — 35, газбен — 3, ыстық сумен 3 % қамтамасыз етілді. Мұның барлығы тұрғын үй мәселесін шешуді қиындата түсті [5; 121].

1956–1962 жылдардағы тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени тұрмыстық объектілерінің капиталдық құрылысының жылдық жоспарларын орындау туралы статистикалық есептердің берілгендері облыс кәсіпорындары мемлекеттік жоспар бойынша бөлінген қаржының есебінен 1962 жылы 688492 шаршы метр тұрғын үйді салуы керек болған, іс жүзінде жыл бойында 628126 шаршы метр тұрғын үй тұрғызылған, немесе жылдық жоспардың 91,2 % құрайды. Қарағанды қаласының еңбекшілері 1962 жылы 179677 шаршы метр тұрғын үйге ие болған немесе жылдық жоспардың 100,3 % құрады [6; 6].

Облыс бойынша тұрғын үй құрылысын салу бойынша жоспарды орындау үшін құрылыс ұйымдары үшін бекітілген құрылыс-монтаж жұмыстарының бағдарламасын орындау болып табылады.

2 - кесте

Қарағанды облысы бойынша тұрғын үй құрылысы туралы анықтама

Қала	Қапсалым көлемі, мың сом				Енгізу қуаты, шаршы м			
	1965 ж.			1966 ж. жоспар	1965 ж.			1966 ж. жоспар
	жоспар	іс жүз.	айырм.		жоспар	іс жүз.	айырм.	
Облыс бойынша	81453	74121	-7332	73249	567173	564490	+7317	510896
Қарағанды	26064	22223	-3831	19348	171212	173163	+1951	140305
Абай	2161	2025	-136	2179	14304	14375	+71	14833
Балқаш	6290	4814	-1476	6530	35821	36306	+184	45669
Жезқазған	7346	6650	-695	6958	53914	68925	+3011	46550
Саран	2861	2831	-30	2490	17690	19015	+1325	17013
Теміртау	8488	8687	-199	8144	64224	68519	+4295	55280
Шахтинск	8862	8552	-310	7632	45295	60657	+6362	48400
Қаражал	204	164	-40	338	2496	1062	+1434	2936

Жоғарыда берілген кестенің мәліметтеріне сүйенсек, 1956–1962 жылдар аралығында құрылыс жүргізуші ұйымдармен тұрғын үй құрылысы бойынша 21,0 млн сом игерілмеген [7; 21]. Қапсалымның көрсетілген көлеміне 150,0 мың шаршы метр тұрғын үй, немесе 500 пәтер, салуға болатын еді [8; 8].

Осылайша, 1950 жылдардың екінші жартысы — 1960 жылдардың басында жалпы алғанда еңбекшілер мен қызметкерлердің білім алу, денсаулық сақтау, тұрғын үй, азық-түлікпен қамтамасыз етілу мен тұрмысқа қажетті бұйымдарды пайдалану бойынша әлеуметтік мүмкіндіктері біршама кеңейді. Алайда қоғамда биліктің әлеуметтік саясаты халықтың біршама наразылығын туғызып отырды.

Жоғарыда берілген кестелерге сүйене отырып, 1956–1963 жылдары тұрғын үй құрылысының ауқымы шындығында да ауқымды мөлшерде болды. Соның нәтижесінде ұлттық тұрғын үй қоры екі есеге дерлік өсті — 640 млн шаршы метрден 1184 млн шаршы метрге дейін, берілген кезеңде Кеңес Одағында алдыңғы 40 жылға қарағанда тұрғын үйлер көп салынды.

Жаппай құрылыс жүргізудің нәтижесінде қала халқы өсімінің жоғарғы қарқынына қарамастан, тұрғын үймен қамтамасыз етілу артты.

1960 жылдарға қарай тұрғын үй жағдайы біршама жақсарды: жекелеген пәтер немесе үй қалалық үй түрі басымдығына қол жеткізілді, коммуналдық таршылық, барактар, лашық үйлер қалалықтардың көпшілігінде емес, аз ғана бөлігінде болды. 1956 жылдан 1963 жылға дейін тұрғын үй құрылысы шынымен де ауқымды болды. Алайда айтып өту керек, тұрғызылған тұрғын үйдің сапасы төмен болды, бірақ аса жоғары сұраныс асығуды талап етті. Дегенмен де, тұрғын үй дағдарысы жойылмады.

1961 жылы Орталық Қазақстан қалалары бойынша, әсіресе Қарағанды қаласында бірқабатты үйлерді тұрғызуға тыйым салынды. Сондықтан да 1970 жылдары көпқабатты үйлердің үлестік салмағы тұрғызылатын үйдің жылдық көлемінде 35 % дейін өсті. Тоғыз-он екі қабатты үйлер қаланың сыртқы келбетіне біршама өзгеріс енгізді. 1981 жылдың басында Қарағандыда он алты қабатты үй 7500 шаршы метр пайдалы алаңы бар үй қолданысқа берілді.

1966–1970 жылдары облыстың қалалары мен елді мекендерінде, аудан орталықтарында 4000,0 мың шаршы метр тұрғын үй салу көзделді, оның ішінде Қарағанды Қалалық кеңесі бойынша — 1600,0 мың шаршы метр қарстырылды.

1960–1980 жылдар Қарағанды қаласының бүкіл тарихында қарқынды құрылыс жүргізу бойынша барынша белсенді жұмыс жүргізілген кезең болды. Одақтық және республикалық органдармен сол кезеңде бұған қолайлы ықпал еткен ірі шешімдер қабылданды. Жыл сайын қала құрылысы үшін көлемді мемлекеттік қаржы бөлінді. 1960–1980 жылдары Қарағандыда 13 млн м² тұрғын үй, 164 мың оқушы орны бар 234 мектеп, 56 мың орындық мектепке дейінгі мекемелер, 7 мың орындық аурухана, бір ауысымда 12 мың қатысуға арналған емхана, 15 мың орындық клубтар салынды.

Қорыта келе, 1950 жылдардың екінші жартысы — 1960 жылдардың басында жалпы алғанда Орталық Қазақстан қалалары тұрғындарының баспанамен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуы бойынша әлеуметтік мүмкіндіктері біршама кеңейтілді. Бұл үшін кеңестік билік пен жергілікті басқару органдары тарапынан ауқымды шаралар жүргізілді. Соғыстан кейінгі жылдары халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы қиындықтарды шешу үшін салынған саман үйлер, барак үйлер, жертөлелер аталған кезеңде де қолданыста болды. 1950 жылдардың екінші жартысынан бастап қарқын алған тұрғын үй құрылысының нәтижесінде қала халқы санының қарқынды өсіміне қарамастан, тұрғындардың тұрғын жай алаңымен қамтамасыз етілу деңгейі біршама артты. Тұрғын үй құрылысында орын алған өзгерістер, мысалы, көпқабатты тұрғын үйлер салу қалалардың архитектуралық келбетіне де жағымды әсер етті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Григорьева А.Г. Советская повседневность и уровень жизни населения СССР в 1953–1964 гг.: дис. ... канд. ист. наук. — М., 2003. — 206 с.
- 2 ГАКО. — Ф. 691. — Оп. 1. — Д. 163. — Л. 20.
- 3 Харитонова А.Е. Основные этапы жилищного строительства в СССР // Вопросы истории. — 1965. — № 5. — С. 50–64.
- 4 Досмагамбетов С.К. Центральный Казахстан: природа и природные ресурсы, события и люди, реформы и развитие. — Алматы, 2003. — 562 с.
- 5 Караганда. Серия. История городов Казахстана / Под ред. А.С. Елагина — Алма-Ата: Наука, 1989. — 192 с.

- 6 ГАКО. — Ф. 691. — Оп. 1. — Д. 1432.
- 7 ГАКО. — Ф. 691. — Оп. 1. — Д. 455.
- 8 Социалистическая Караганда. — 1965. — № 68. — 5 апр.

Ж.А. Карсыбаева

Жилищные условия городов Центрального Казахстана в 1950–1960 гг.

В статье рассмотрены вопросы развития жилищного строительства и обеспечения жильем население городов Центрального Казахстана в 1950–1960-е гг. Автор, указывая рост населения в городах в связи с бурным развитием производства, определяет возникшие проблемы в обеспечении жильем людей. Показаны недостатки работы местных органов власти в области жилищного строительства в городах и населенных пунктах Центрального Казахстана, также проанализировано состояние жилья и административных зданий в городах. Показан ход жилищного, культурно-бытового, коммунального строительства и благоустройства. Рассмотрена политика Советской власти в сфере социального обеспечения населения.

Ключевые слова: Центральная Азия, жители города, строительство жилья, населенные пункты, административные здания, коммунальное хозяйство, производственно-техническая база, сведения архивов.

Zh.A. Karsybayeva

Housing terms of cities of Central Kazakhstan in 1950–1960

This article considers the development of housing, provision of housing for the urban population of Central Kazakhstan in the 1950–1960-s years. The author indicating the growth of population in the cities in connection with rapid development of production determines the problems encountered in providing housing for people. The author shows the failings in the work of local authorities in the management of housing in the towns and cities of Central Kazakhstan, also analyzes the condition of housing and the administrative buildings in the cities. Showing the amount allocated for this industry, analyzes the process of housing, cultural-household, municipal construction and improvement. Evaluates the politics of the Soviet government in the sphere of social security of the population.

Keywords: Central Asia, the inhabitants of the city, housing, settlements, Administrative divisions of the building, engineering, production and technical base, information archives.

References

- 1 Grigoryeva A.G. *Soviet everyday life and living standards of the USSR in 1953–1964 гг.*: dis. ... Cand. of historical sciences, Moscow, 2003, 206 p.
- 2 SAKR, f. 691, 1, 163, p. 20.
- 3 Kharitonova A.E. *Questions of history*, 1965, 5, p. 50–64.
- 4 Dosmagambetov S.K. *Central Kazakhstan: nature and natural resources, the events and the people, reform and development*, Almaty, 2003, 562 p.
- 5 *Karaganda. Series: History of the cities of Kazakhstan*, ed. A.S. Elagin, Alma-Ata: Nauka, 1989, 192 p.
- 6 SAKR, 691, 1, p. 1432.
- 7 SAKR, 691, 1, p. 455.
- 8 *Socialist Karaganda*, 1965, April, 5, 68.

N.A. Kassymzhanova¹, M. Dutta²

¹*Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan;*

²*Jawaharlal Nehru University, New Delhi, India*

(E-mail: nazie_one@mail.ru)

Activities of the Republic of Kazakhstan in the United Nations on international security issues

The article discusses the activities of the Republic of Kazakhstan on issues of international security within the framework of the United Nations, international organization established to maintain and strengthen international peace and security, development cooperation between States. Analyzes the activities in which the Republic of Kazakhstan is actively involved in the framework of international security. Also authors examined the main directions of the country's activities in this area.

Keywords: international security, Kazakhstan, UN, disarmament, non-proliferation of nuclear weapons, to maintain and strengthen international peace and security.

At the beginning of XXI century deep changes taking place in the sphere of international relations have identified the need for a new approach to international security with the development of strategic thinking, based on the new material and technical base, military and political tools and organizational and international legal framework. Such a comprehensive approach requires the development and strengthening of the entire system of international law, the social purpose of which is to contribute to international peace and international security and peaceful relations between States.

Modern understanding of international security has been formulated to create the United Nations in Article 1 of the Charter, which defines its main objective: «1. To maintain international peace and security, and to that end: to take effective collective measures for the prevention and removal of threats to the peace, and for the suppression of acts of aggression or other breaches of the peace, and to bring about by peaceful means, and in conformity with the principles of justice and international law, adjustment or settlement of international disputes or situations which might lead to a breach of the peace» [1]. An integral part of international security is effective functioning of the collective security mechanism enshrined by UN Charter.

International security issues are a strategic priority for the entire international community. Taking into account the increasing interdependence of states internal conflicts and conflict situations often lead to aggravation of the situation, not only domestically, but also in the whole region. In turn, these trends are reflected in general in the entire system of international security.

Taking into account the key role of the United Nations in this area, Kazakhstan is increasing its cooperation with the UN on a regular basis. At the same time, Kazakhstan is considering the UN as the most authoritative and universal international organization. Kazakhstan supports strengthening the UN's central role in the maintenance of international peace and security, conflict resolution, the struggle with other challenges facing humanity.

In the field of disarmament and non-proliferation of weapons of mass destruction UN recognizes the contribution of Kazakhstan in its efforts to strengthen the nuclear nonproliferation regime. One of the first decisions of Kazakhstan in the period before independence was the closure of the Semipalatinsk nuclear test site, and later rejection of the legacy, the fourth largest in the world, nuclear arsenal. The fundamental decision on the non-nuclear status of Kazakhstan was highly appreciated by the UN, when the 49th Session in 1994, the General Assembly, in resolution 49 / 57R welcomed Kazakhstan's accession to the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons as a state that does not have them [2].

This step has allowed Kazakhstan to seek broad international support and receive unconditional guarantee of their safety from the countries of the «nuclear club» — Russia, the United States, Britain, France and China which has provided more effective security.

As part of the nuclear non-proliferation and disarmament should also be noted Kazakhstan's key role in the creation of a zone free from nuclear weapons in Central Asia. The corresponding agreement was signed in 2006, the participants were Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan. Zone in Central Asia has a number of unique features, as this is the first zone created in the Northern hemisphere in a

region that borders two nuclear powers — Russia and China. It should be noted that the Treaty was the first multilateral agreement in the field of security, which covers all five Central Asian countries.

In resolution 65/49, adopted at the 65th session of the UN General Assembly (December 8, 2010), the General Assembly welcomed the entry into force of the Treaty on the zone free from nuclear weapons in Central Asia. At the same time, the resolution notes: «the Treaty on the zone free from nuclear weapons in Central Asia on the basis of arrangements signed between the States of the region, is an important step towards strengthening the nuclear non-proliferation and regional and international peace and security» [3].

Former UN Secretary General Ban Ki-moon, during his official visit to Kazakhstan in 2010, said that the first nuclear-free zone free of nuclear weapons, established in the region which had nuclear weapons before. He drew attention to another feature of the Treaty: it first requires all participants within 18 months after its entry into force to sign an additional protocol with the IAEA safeguards and to fully implement the obligations under the Comprehensive Nuclear-Test-Ban Treaty [4].

It can be considered very symbolic the initiative of Kazakhstan proclaim August 29 the International Day against Nuclear Tests, which was supported and approved unanimously the at 64th session of the UN General Assembly in December 2, 2009. Resolution 64/35 «On the International Day against Nuclear Tests» calls for greater awareness and educating people about the consequences of nuclear weapon test explosions or any other nuclear explosions and the need for their cessation as one of the means to achieve the goal of a world free of nuclear weapons. It states: «The General Assembly ... emphasizing the essential role of Governments, intergovernmental organizations, civil society, academia and the media, recognizing related to this the importance of education as a tool to promote peace, security, disarmament and non-proliferation, declares August 29 as the International Day against nuclear testing ...» [5].

This day is intended to strengthen United Nation, Member States, intergovernmental and non-governmental organizations, academic institutions, youth networks and the media actions to inform, educate, and underscore the need for the prohibition of nuclear tests as a valuable step in building a more secure world.

Former UN Secretary-General Ban Ki-moon on the occasion, said: «A world free of nuclear weapons would be a global public good of the highest order. In May 2010, all states — parties to the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons, describing the achievement of a nuclear test ban as «vital» task, have pledged to work towards «the achievement of peace and security in a world free of nuclear weapons» [6].

Kazakhstan acceded to all major international agreements in the field of non-proliferation of weapons of mass destruction, has signed the IAEA Additional Protocol and continues to strengthen effective export control system.

In his speech at the 66th session of the UN General Assembly, the Head of State N.A. Nazarbayev highlighted issues of global nuclear safety: «Kazakhstan proposed to start development of the Universal Declaration of nuclear-free world, pointing to the need to expand the legal basis for international monitoring of the UN and the IAEA for the implementation of the obligations of all the countries in the sphere of non-proliferation. He also noted the importance of increasing the responsibility of all States, especially nuclear, to reduce nuclear weapons and the gradual destruction of its arsenal» [7].

At the international conference «From nuclear test ban to a world free of nuclear weapons», August 29, 2012 in Astana, Kazakhstan initiated the project ATOM (Abolish Testing Our Mission). This is an international petition campaign created to unify public opinion around the world against nuclear testing. In the framework of the project anyone in the world, which opposes nuclear weapons, will sign the online petition to the governments of the world to permanently renounce nuclear tests and to achieve the early entry into force of the Comprehensive Nuclear Test Ban Treaty. This initiative has already received considerable support of the world community.

Kazakhstan expressed its readiness to host the International Bank of low-enriched uranium IAEA. On August 2015 there were signed Country Agreement on its placement. In this regard, Minister of Foreign Affairs, said: «We believe that the development of multilateral approaches to the nuclear fuel, including the creation of guaranteed nuclear fuel supplies will contribute to the peaceful use of nuclear energy» [8].

- 8 SAKR. F.1467. In 1.
- 9 SAKR. F. 30. In 1.
- 10 Interview with O.E. Medvedeva (Born in 1963), recorded by V.V. Kozina in Zhezkazgan in 2016.
- 11 SAKR.F.1233, In 1.
- 12 Interview with S.V. Ivanova (Born in 1962), recorded by V.V. Kozina in Temirtau in 2016.
- 13 Interview with T.A. Alimbaev (Born in 1945), recorded by V.V. Kozina in Karaganda in 2016.
- 14 Talk Interview with R.S. Makenova (Born in 1968), recorded by V.V. Kozina in Karaganda in 2016.
- 15 The national economy of the USSR in 1965, Moscow, 1966, 360 p.

С.Б. Стамбулов

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: serstam@mail.ru)*

Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің қалыптасу мәселесі

Мақалада Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешені мәселелеріне талдау жасалған. Автор Б.Бузан мен О.Вевердің қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын басшылыққа ала отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің бар екенін дәлелдеген. Сонымен қатар мақалада Шанхай ынтымақтастық ұйымы мүше-мемлекеттерінің, бақылаушы мемлекеттерінің ұстанымдары, саясаты зерттелген. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының маңыздылығы мен рөлі қарастырылған. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының соңғы жылдардағы саммитеріне сипаттама берілген.

Кілт сөздер: Шанхай ынтымақтастық ұйымы, аймақтық қауіпсіздік, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы, сыртқы саясат, дипломатия.

Бастапқыда «Шанхай бесігінің», соңынан Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) шеңберіндегі аймақтық ынтымақтастықтың болашағы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде айтарлықтай қарама-қайшы бағаға ие болды. Әрине, бұл бірқатар объективті жағдайларға байланысты қалыптасты. Біріншіден, 1990 ж. басталған посткеңестік кеңістіктегі аймақтық қауіпсіздік құрылымының қалыптасу үрдісі әлі аяқталмаған, оның контуры енді ғана салынып басталды. Екіншіден, қазіргі заманғы аймақтық үрдістерге тән емес, мүше-мемлекеттердің әр түрлі құндылықтарына негізделіп қалыптасып жатқан «классикалық» емес халықаралық ұйым деп көрсетеді. Аймақтық ұйымдарды зерттеудің таралған әдіснамалық тәсілдеріне сәйкес, құрылатын ұйым бірқатар құнды белгілерге ие болу керек, оның ішінде барлық тараптардың ортақ ұқсастықтары болу қажет.

2002 ж. 2 желтоқсанда Пекиндегі қол қойылған Ресей мен Қытай арасындағы бірлескен декларацияға сәйкес ШЫҰ «аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты, бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды факторы, көпполярлы әлем құрылысының негізгі тірек элементтерінің біріне айналып келеді» [1] деп көрсетілді.

Сондықтан, біздің пікірімізше, ШЫҰ қызметі мен тиімділігіне талдау жасау аймақтық деңгейде тоғыстырылуы керек, себебі дәл осы аймақ ерекшелігі ШЫҰ-ның алдына «үш зұлымдықтың түрімен» (терроризм, экстремизм, сепаратизм), сонымен бірге қару жарак пен есірткі заттарының заңсыз айналымға енуі, трансшекаралық қылмысқа қарсы күресу міндеті, қоршаған ортаны қорғау, азық-түлік қауіпсіздігі және әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы міндеттерін қойды.

Осының барлығы ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік кешенін қалыптастырады. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында қарастырылған қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы басында Б.Бузан мен О. Вевер тұрған қауіпсіздік мәселелерін зерттеудің Копенгаген мектебі тарабынан ұсынылды. Олар өздерінің зерттеулерінде «аймақтық қауіпсіздік кешеніне», оның құрылымына, даму динамикасына, ұлттық және жаһандық қауіпсіздіктің аймақтық кеңістігіне трансформациялануын анықтап берді. Сондықтан қауіпсіздік салаларының (ұлттық және жаһандық) өзара әрекеттесетін және негізгі оқиғалар мен әрекеттердің қалыптасатын көпірі аймақ болып саналады. Аталған теорияға байланысты дау да жоқ емес, бірақ бұл теория аймақ призмасы аймақтық динамиканы талдауға және жаһандық қауіпсіздік кешенін құруға мүмкіндік береді.

1990 ж. ортасында Копенгаген мектебінің өкілдері қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын посткеңестік кеңістіктің мемлекеттеріне, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты қолданды.

Б. Бузанның пікірінше, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын мемлекеттердің кез келген тобына қолдануға болады. Бұл контекстте аймақ екі немесе одан да көп мемлекеттерден құралған бірлестік ретінде анықталады. Бұл мемлекеттер географиялық топты құрайды, олардың арасындағы қарым-қатынас қауіпсіздік саласындағы өзара мүддемен байланыстырылып, аталған аймақтың шеңберінде тар болып саналады. Қауіпсіздік саласындағы мемлекеттердің өзара қатынасы қарқынды

және ұзақ мерзімді болу керек. Теорияның екінші бір маңызды аспектісі «қауіпсіздік» түсінігін жаңадан қайта ойлау болып саналады. «Секьюритизациялау» түсінігі дәстүрлі қауіпсіздік түсінігіне қарағанда өзінің көлемі жағынан кең. Секьюритизациялау — бұл әр түрлі индивид, саяси элита, мемлекеттік емес акторлардың әрекеттерінің нәтижесі. Одан басқа алғашында қауіпсіздік мәселесіне қатысы жоқ мәселе қандай да бір кезеңде қауіпсіздік жазықтығына өтуі мүмкін. Аймақтық кешеннің қалыптасуын қарастыру бес сектордан тұратын (әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік және қоршаған орта) қауіпсіздіктің призмасы арқылы өтеді.

Кешен гомогенді және гетерогенді (кешеннің біртекті емес қатысушылары — мемлекет, ұлт, фирмалар) болуы мүмкін. Талдаудың ортасында мемлекет тұрады. Қауіпсіздіктің кез келген аймақтық секторын қарастыру барысында Б. Бузан мемлекеттік ішкі даму деңгейін (премодерн, модерн, постмодерн) ескеретін мемлекеттің белгілі бір жіктелуіне негіз жасайды. Аймақтық ішкі және сыртқы даму факторларының рөлі, аймақтық қауіпсіздік динамикасы Орталық Азия мысалында Б.Бузанның ізбасары Л. Джонсоның [2; 9] еңбегінде қарастырылады. Бұл тәсілдің ең басты ерекшелігі аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің салыстырмалы талдау болып табылады.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы бойынша ШЫҰ әр түрлі түсіндірмеге ие: кейбір зерттеулерде ШЫҰ бұрынғы КСРО мемлекеттерінен тұратын қауіпсіздіктің еуразиялық кешенінің құрамдас бөлігі болып саналады. Басқа бір зерттеулерде ШЫҰ Орталық Азия субкешенінен тұратын, қауіпсіздік саласындағы қауіпсіздіктің макроаймақтық кешені деп аталады. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын жақтайтын батыс зерттеушілері ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың әлсіз тиімді құрылымы деп қарастырады.

Бірақ ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік пен басқа салалар бойынша ынтымақтастықтың дамуы жүзеге асырылып жатқан ШЫҰ қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің бір нұсқасы екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Сондықтан да ШЫҰ құрамына алты мемлекет, соның ішінде Ресей, Қытай, Орталық Азияның төрт мемлекеті — Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және бақылаушы мемлекеттер мәртебесіне ие болған Үндістан, Иран, Монғолия, Пәкістан кіретін қауіпсіздіктің аймақтық кешені болып саналады. Құрылым ретінде бұл күшті және әлсіз (проблемалық) зонаға ие.

Жоғарыда қарастырылғандай, Б.Бузан өзара қарым-қатынастың төрт деңгейіне негізделген қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің «талдау матрицасын» ұсынады. Олар: аймақ мемлекеттерінің ішкі саяси құрамдас бөлігі; аймақтағы мемлекетаралық қарым-қатынастар; қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің басқа аймақтармен қарым-қатынасы; аймақтағы ұлы державалардың рөлі [3; 51].

Бірақ біз қауіпсіздіктің аймақтық кешені ретінде ШЫҰ қарым-қатынастың алғашқы екі деңгейі, сонымен қатар аталған кешеннің шеңберіндегі негізгі қарама-қайшылықтары тұрғысынан қарастырамыз. ШЫҰ-ның ішкі саяси құрамдас бөлігі қауіпсіздіктің аймақтық кешені ретінде қауіпсіздіктің аймақтық кешені мәселелерін түсінудің негізгі және анықтайтын фактордың бірі. ШЫҰ кіретін мемлекеттер қауіпсіздік ортасына интеграцияланудың мүмкіндіктері мен деңгейі бойынша екі топ мемлекеттерден — «әлсіз» және «күшті» мемлекеттер тобынан тұрады.

Б.Бузанның жіктеуіне сәйкес, қазіргі уақытта жаһандану үрдістеріне белсенді қатысушы және бұл үрдістердің инвесторларынан, постмодерн мемлекеттерінен қалыспауға тырысып жатқан Қытай мен Ресей «модерн» сатысындағы мемлекеттерді құрайды.

Орталық Азия мемлекеттері «премодерн» деңгейіндегі мемлекеттерді құрайды. Яғни, «демократиялық транзит» жолына көшкен, бірақ бұл бағыт бойынша жеткіліксіз түрде шоғырландырылған мемлекеттер тобы. Егер «модерн» мемлекеттері жаһандық халықаралық үрдістерге қатысуды қаласа, «промодерн» мемлекеттері жаһандануға қауіп-қатер ретінде қарайды. Мұндай жағдайда бұл топтағы мемлекеттер интеграциялық үрдістерге қатысу барысында «ұлы державалардың арасында тепе-теңдікті» ұстап тұруға итермелейді.

Сонымен, Орталық Азия мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайды жеке қарастыруда талап етеді. 1990 ж. басында Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігі бұл мемлекеттерге өзінің қауіпсіздік кешенін жеке өз алдына анықтауға мүмкіндік берді.

Л. Джонсон мен Р. Аллисон аймақтың дамуының ішкі және сыртқы факторларына, аймақтық қауіпсіздіктің динамикасына, Орталық Азиядағы аймақтық құрылымдар мен басқаруға талдау жасайды [2; 10]. Кейбір авторлардың пікірінше, Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың өзіндік жүйесін құру ұмтылыстары Ауғанстанды қамтитын аталған географиялық кешеннің шеңберіндегі ішкі саяси жағдайларға байланысты аяқталмады [4; 115].

Радикалдық мұсылман ұйымдары қызметінің, сонымен бірге ішкі саяси тәртіптің тұрақтануына қауіп төндіретін әр түрлі деңгейдегі әскери топтар қызметінің белсенділігі ішкі саяси тұрақсыздықтың негізгі проблемалық блогы болып саналады. 1992–1997 жж. Тәжікстандағы соғыс, 2005 ж. Қырғызстанға исламистердің басып кіруі, Өзбекстанның Сурхандария облысындағы қақтығыс, Өзбекстанның исламдық қозғалысының қызметі — Орталық Азияны тұрақсыз аймақ ретінде сипаттайды.

Кейбір ресейлік сарапшылардың пікірінше, Орталық Азиядағы экстремистік ұйымдар ықпалының өсуі аймақ елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауының салдары болып саналады. Аймақтағы таластар мен бәсекелестік аймақтық қауіпсіздіктің өзіндік жүйесін құруға мүмкіндік бермеді, бірақ мұндай құрылымға деген қызығушылық болды. Мысалы, 1998 ж. «Орталық Азия экономикалық ынтымақтастығы» ұйымы, ал 2001 ж. Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымы құрылды. Бұл құрылымдардың қызметі ресми сипатқа ие және олар қауіпсіздік мәселесін шешуге қабілетсіз.

Сонымен, Орталық Азияны қауіпсіздіктің үлкен кешені шеңберіндегі Ресейге орталықтандырылған, әлсіз субкешен ретінде анықтауға болады [5; 220]. Өзіндік экономикалық және саяси мәселелерді шешуге қабілетсіздігі екіжақты және көпжақты келіссөздерге қатысуды қажет етеді. ШЫҰ-на Орталық Азияның тек төрт мемлекеті қатысады, Түркіменстан көпжақты келіссөздерге қатыспайды.

ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің мемлекетаралық қарым-қатынастары айтарлықтай жоғары деңгейге жетті. ШЫҰ-ның құрылымында даму мен қауіпсіздік саласындағы күш-жігерді үйлестіру үшін келесі институттар құрылды: Мемлекет басшыларының Кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, Салалық ведомстволар жетекшілерінің Кеңесі, Ұлттық координаторлар Кеңесі, Ташкент қаласында орналасқан атқарушы комитеті бар ШЫҰ ААТҚ құрылып, жұмыс жасауда.

ШЫҰ ААТҚ мүше-мемлекеттер қауіпсіздік Кеңесі хатшылары отырысының механизмі құрылды. Аймақтағы қауіпсіздік мәселелерін реттеудің бірқатар негізгі құжаттарына қол қойылды. Осылайша, ШЫҰ «зұлымдықтың үш түрімен» күресуді негізгі етіп, құрылымдық және құқықтық түрде құрылды. Бірақ экономикалық және әскери салалардағы мемлекетаралық қарым-қатынас деңгейі жеткіліксіз. Ортақ жобаларға қатысты көпжақты келіссөздерге қарағанда, екіжақты келісімдер көп. ШЫҰ барлық мүше-мемлекеттері қатысқан келіссөздер 2007–2008 жж. бірлескен оқу–жаттығулардың барысында жүзеге асырылды.

Институционалдық интеграцияның қалыптасуының себептері мен мәселелерін төрт деңгейде байқауға болады: олар интеграциялық үрдістерге мемлекеттердің қатысуы немесе қатыспау қабілеттілігі; оларға қатысудағы мемлекеттердің қызығушылықтары; аймақтық қауіпсіздік саласындағы ортақ ұқсастық; мәдени легитимділік болып саналады.

Қауіпсіздіктің ішкі шанхайлық кешенінде қарым-қатынастың төрт түрі көрінеді:

- 1) Орталық Азия елдері арасында;
- 2) Қытай мен Ресей арасында;
- 3) ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасында;
- 4) бақылаушы-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас.

ШЫҰ мемлекеттерінің арасындағы мұндай көп деңгейлі қарым-қатынас жағдайға талдау жасауды күрделендіреді, сондықтан да біз алғашқы үш қарым-қатынастың деңгейін қарастырамыз.

Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ынтымақтастығы мемлекетаралық мәселелер мен қарама-қайшылықтардың толық кешені (экологиялық, гуманитарлық, шекаралық, территориялық) арқылы жүзеге асырылуда. Олардың қатарына Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан арасындағы ортақ гидроқұрылыстарын пайдалану мәселесі бойынша қарама-қайшылық жатады. Су ресурстарын пайдаланудың өзі ШЫҰ мүше-мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастың мәселелер жиынтығын құрайды. Қарым-қатынастың басқада күрделі мәселелерінің ішінен шектелген өмір сүру кеңістігінің жағдайындағы халық санының өсуін (Тәжікстан-Ферғана аңғары), Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасындағы шекаралық даулар, өзбек-қазақ шекаралық мәселесін, Ферғана аңғарындағы шиеленісті көрсетуге болады. Әрбір мемлекет өз алдына бұл мәселелерді шеше алмайды. Сондықтан ШЫҰ мен ҰҚШҰ-на қатысу Орталық Азия мемлекеттерінің мүдделер саласына кіреді [6; 63].

Қытайдың Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық орнатудағы қызығушылығы, мүддесі оның аймақтағы экономикалық және әскери енуінің нығаюымен белгілі. 2005 ж. басында Пекин Қырғызстандағы өзінің әскери базасын енгізу мүмкіндігін анықтауға тырысты, бірақ бұл идея ШЫҰ-

ның басқа мүше-мемлекеттері тарапынан қолдау таппады [7; 82]. Шыңжаңдағы шиеленіскен ұйғырлардың жағдайы Қытайдың Орталық Азия мемлекеттері тарапына бұрылды. Қазіргі уақытта Қытай, аймақта әскери немесе қауіпсіздік саласына қарағанда, экономикалық интеграцияға көп назар аударады.

Ресей Орталық Азия аймағын өзінің жеке қызығушылық зонасы ретінде қарастырады. Ресей Федерациясындағы экстремистік қозғалыстардың белсенділігінің артуы, Шешенстандағы сепаратистік қозғалыстар, сонымен бірге өзінің жеке ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұмтылысы Ресейді ШЫҰ сияқты қауіпсіздіктің аймақтық кешеніне қатысуға мәжбүр етеді.

РФ мен ҚХР қарым-қатынасының блогы тек қана аймақтағы болып жатқан оқиғаларға көзқарастардың бірдей болғанымен, екі мемлекеттің көзқарастарында белгілі бір айырмашылықтар бар. Ресей мен Қытай тарапы Қырғызстандағы американдық «Манас» әскери базасының орналастырылуына қатысты әр түрлі көзқарасқа ие болды. Қытай американдық әскери базаның шығарылуын қолдамады. Қытайдың өзі Орталық Азия аймағында өзінің белсенділігін ұлғайтып жатыр, оның қаржы-экономикалық мүмкіндіктері, Ресейге қарағанда, басым [8; 187]. Екінші жағынан, Қытай ҰҚШҰ рөлінің нығаюына, аймақтағы ҰҚШҰ мен ШЫҰ арасындағы ынтымақтастыққа сақтық танытып отыр. Орталық Азиядағы халықаралық терроризм мен радикализмнің қауіп-қатері ШЫҰ барлық мүше-мемлекеттердің әрекеттерін үйлестіруді талап етеді.

Шанхай ұқсастылығының қалыптасуы күрделі және қарама-қайшы үрдіс болып табылады. Мысалы, еуропалық ұқсастылықтың қалыптасуы бірыңғай маңызды кеңістікте жүзеге асты және Шығыс Еуропа мемлекеттерін де интеграциялауға мүмкіндік берді. Шанхай мәдени құндылығы үш әр түрлі мәдениеттің — орталық-азиялық, ресейлік және қытайлық — негізінде құрылып жатыр.

Орталық Азия мемлекеттерінің де саяси мәдениеті әлі қалыптасу үрдісінде. Ресейдің өзі қазіргі кезеңдегі «кеңестік өткенді сауықтырумен» сипатталатын құндылық жүйесін іздеуде [9; 160]. Қытайдың да құндылық жүйесі трансформациялану үстінде. Жаһандану жағдайындағы қытай қоғамының дамуының жаңа стратегиясын іздестіру конфуциандық дәстүрлілікті ХХІ ғасырдың талаптарымен біріктіру жолы арқылы іске асып жатыр, мұның өзі нарықтық экономикаға сәйкес келетін басқару жүйесінің этникалық негізінің пайда болуына ықпал етеді. Конфуцианшылдықты қайтадан жаңғырту социалистік нарықтық экономикаға сәйкес келетін этникалық жүйені құру мақсатында іске асып жатыр [10; 10].

Сонымен, ШЫҰ мүше-мемлекеттері мен құндылық жүйелерінің әр түрлілігі аймақтық бірлестіктерге деген жаңа (өркениетаралық) тәсілдемесін қалыптастырады, сонымен қатар «ШЫҰ бірізділігін» құрудың жаңа идеологиялық негіздемесін талап етеді.

«Шанхай рухы» сөйлемі ШЫҰ-ғы құрылым қалыптастырушы түсінікке айналды. 2006 ж. 30 мамырда Мәскеуде өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттердің парламент жетекшілерінің 1 кездесу нәтижесінің Бірлескен мәлімдемесінде «өзінің құрылу кезеңінен бастап ШЫҰ ең негізгі мазмұны — өзара сенім мен тиімділік, тең құқылық, өзара кеңестер, мәдениет пен өркениеттердің әр түрлілігін құрметтеу, ортақ дамуға ұмтылыс» болып саналатын «Шанхай рухы» бойынша үздіксіз жүру арқылы айтарлықтай жетістіктерге жетті» деп көрсетілді [11]. Осылайша, мүше-мемлекеттер ынтымақтастықтың тәжірибесі барысында әсте ақырын қалыптасатын «ынтымақтастықтың шанхайлық құндылықтарына» негізделген ШЫҰ-ның бірізділігінің қалыптасуы жөнінде мәлімдеді.

Қауіпсіздікке деген ортақ тәсілдің қалыптасуы барысында тәжірибелік іс-шаралар маңызды құрал болып саналады. ШЫҰ-ның қауіпсіздік саясатының тәжірибелік іс-шаралары бірлескен антитеррористік оқу-жаттығуларынан, наркотрафикпен күресудің тәжірибесі мен ақпарат алмасу, әскери кадрларды даярлау барысындағы үйлестіруден құралды. Осылайша, бір жағынан, ынтымақтастықтың «Шанхай рухы» біріктірілмейтін заттарды жасанды түрде біріктірудің талпынысы болса, екінші жағынан, мүше-мемлекеттердің ынтымақтастық тәжірибесі әр түрлі мәдени негізі бар мемлекеттердің бірігу мүмкіндіктеріне жол ашуда.

Аймақтың аймақаралық және жаһандық деңгейлерінің өзара байланысына негіз болып саналатын, қауіпсіздіктің аймақтық кешені ретінде ШЫҰ тіршілік өмірінің екі деңгейін талдау барысында келесі проблемалық аумақтарды бөліп көрсетуге болады.

Бірінші проблемалық аумақ — Орталық Азияның «әлсіз мемлекеттерінен» және «күшті мемлекеттерден» (Ресей мен Қытай) тұратын ШЫҰ-ның мүшелерінің асимметриясы мүше-мемлекеттер мүдделерінің әр түрлі бағытта екендігін және аймақтық үрдістерге қатысу мүмкіндігінің әр түрлі деңгейде екендігін көрсетеді. Ресей мен Қытай, әскери және экономикалық саладағы

мемлекеттер ретінде Орталық Азия серіктестеріне қарағанда күштірек және ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықтан пайда алатын көбінесе жалғыз ойыншылары ретінде қарастырылады.

Екінші мәселе — ШЫҰ-ның бірізділігінің қалыптасуында болып отыр. 2006 ж. ШЫҰ «аймақтық түрдегі жалғыз өркениетаралық ұйым» [11] деп аталды. Ортақ шанхайлық ұқсастылықты іздестіру мен өзінің қалыптасуы жалғасын табуы күрделі үрдіс болуы мүмкін, сондықтан да ШЫҰ-ғы мемлекеттердің ынтымақтастығы барлық қатысушылардың өзара тиімді қызығушылықтарына негізделеді.

Үшінші проблемалық аумақ — ШЫҰ-ның шеңберіне қарағанда, ішкі байланыстары тығыз Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігінің субкешені. Өзіндік даму динамикасы және мәселелер шеңбері бар аймақтық қауіпсіздіктің бұл кешені өзін жаһандық деңгейдегі жеке дербес ойыншы ретінде көрсетуін жалғастыруда. Орталық Азия мемлекеттері ынтымақтастықтың үлкен мөлшеріне бағытталған әр түрлі деңгейлердегі көпвекторлы саясатты жүргізуде. Әр түрлі векторлық мүдделердің бар болуы Орталық Азия мемлекеттерінің төрт бағыт бойынша (РФ, Қытай мен Шығыс Азия, ислам әлемі, АҚШ пен ЕО) интеграциялық құрылымдарға қатысуына әкеледі.

ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынастың асимметрия, мүше-мемлекеттердің ортақ құндылық жүйесінің болмауы, Орталық Азияның жеке ойыншы ретіндегі дербес ұстанымдары ШЫҰ-на жаһандық және аймақтық деңгейде толықтай жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді.

Төртінші проблемалық аумақ — қол қойылған меморандумдар мен декларациялардың негізінде жүзеге асырылып жатқан ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің аймақаралық қарым-қатынас деңгейінің институционализациясы. ШЫҰ мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды, ЕурАзЭк және ҰҚШҰ-мен күш-жігерді үйлесімдеу жұмысы қалыптасқан [12; 93]. 2005 ж. сәуірде ШЫҰ мен АСЕАН арасындағы қарым-қатынас жөніндегі меморандумға қол қойылды. 2008 ж. қаңтарда ШЫҰ Хатшылығы мен Азия мен Тынық мұхиты үшін БҰҰ экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Хатшылығы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. Қол қойылған құжаттар ШЫҰ әрекеттегі аймақтық құрылым ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ аймақаралық тәжірибе бастапқы сатыда болып саналады.

Жаһандық деңгейде ШЫҰ НАТО және ЕО сияқты аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық жөнінде ресми құжаттар жоқ. Мұның себебі бұл ұйымдарға кіретін ұлы державалар Орталық Азия мемлекеттерімен тікелей келіссөздерді ұйымдастыруды қолдайды. 2001 ж. 11 қыркүйектегі терактіден кейін АҚШ антитеррористік қызмет бойынша Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен екіжақты келіссөздер жүргізді. Терроризммен күресу үшін Өзбекстан мен Қырғызстанға американдық базалар жасақталған болатын.

ЕО мемлекеттерінің энергетикалық саясаты Каспий аймағының Орталық Азиямен аралас мемлекеттер айналасына бағытталған. Орталық Азия мемлекеттерінің энергетикалық секторындағы еуропалық компаниялардың шоғырлануы ЕО-тың ірі мемлекеттерінің инвестициялық мүмкіндіктермен түсіндіріледі. ЕО-тың экономикалық саясатының нақты түрде іске асуы ИНГОЕИТ (Еуропаға мұнай мен газды тарту бойынша коммуникациялық интеграцияланған жүйесі) және ТРАСЕКА (Еуропа–Кавказ–Орталық Азия көлік дәлізі) бағдарламалары болды [13].

2012 ж. 7 маусымда Бейжіңде өткен ШЫҰ-ның кезекті саммитінде қабылданған құжаттарды дайындау барысында ҚР Президентінің бастамаларын іске асыру мақсатында Сыртқы істер министрлігімен үлкен жұмыс атқарылды. Отырыстың нәтижесі бойынша бекітілген. Орта мерзімді болашаққа бағытталған ШЫҰ даму стратегиясының негізгі бағыттары атты құжатқа бұл сұрақтарды одан ары пысықтауға қажетті негіз қаланды. Сыртқы істер министрлігінің басты міндеті — екіжақты негізде және ШЫҰ іспеттес көпжақты құрылымдар аясында ҚР Президентінің сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстанның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық сахнадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету болғандықтан, СІМ ұжымы бұл сұрақтарды өзінің күнделікті жұмысында басшылыққа алып, Қазақстанның халықаралық істердегі беделін одан ары арттыру мақсатында аянбай еңбек атқаруда.

2013 ж. 13 қыркүйекте Бішкекте өткен ШЫҰ саммитінде мүше-мемлекеттердің арасындағы өзара байланысты тәжірибе жүзінде дамытудың негізгі тәсілдері көрсетілген. Бішкек деларациясына қол қойылды. Бішкек саммитінде ШЫҰ кеңістігінде өмір сүретін халықтардың мүддесін ескере отырып, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға, мәдениетаралық диалогты дамытуға мән берді. 2014–2016 жж. ШЫҰ Самиттері

Душанбеде (2014 ж. Душанбе Декларациясы), Уфада (2015 ж. Уфа Декларациясы), Ташкентте (2016 ж. Ташкент Декларациясы) өтті. Аталған саммиттерде ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік саласы бойынша ынтымақтастықты нығайту мәселелері қарастырылды.

Сонымен, қорытындылай келе, ШЫҰ – посткеңестік кеңістік мемлекеттерінен, Оңтүстік-Шығыс Азия (Үндістан, Пәкістан) мен Таяу Шығыс (Иран) елдерінен құралған, интеграцияланған құрылымы бар қауіпсіздіктің аймақтық кешенін құрайды деп айтуға болады. ШЫҰ шеңберіндегі шешімін тауып жатқан мәселелер аймақтық және ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды болып табылады. Бірақ қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің ішіндегі қалыптасқан мәселелер интеграция жолында қиындықтар туғызып, отандық және шетелдік сарапшылардың зерттеу саласындағы жұмыстарын жалғастыруда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Совместная декларация Российской Федерации и Китайской Народной Республики от 2 декабря 2002 г. Китай, Пекин. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.Russia.org.cn/rus/?SID>
- 2 *Jonson L., Allison R.* Central Asian Security: Internal and External Dynamics // *Central Asian Security: The New International Context* / ed. by L. Jonson and R. Allison. — New York: Brookings Institution Press; London: Royal Institute of International Affairs, 2001. — P. 1–23.
- 3 *Buzan B., Weaver O.* Regions and Powers: The Structure of International Security. — Cambridge: Cambridge University Press, 2003. — 564 p.
- 4 *Burnashev R.* Regional Security in Central Asia: Military Aspects // *Central Asia: a gathering storm?* — 2002. — P. 114–167.
- 5 *Allison R.* Central Asian Military Reform: National, Regional and International Influences // *Oil, Transition and Security in Central Asia* / ed. by S. Cummings. — London and New York: Routledge Curzon, 2003. — P. 219–233.
- 6 Региональная безопасность: геополитические и геоэкономические аспекты (теория и практика) / Под общ. ред. А.В. Возженникова. — М.: РАГС, 2006. — 260 с.
- 7 *Мухеев В.* Китай: глобализация проблем развития // Год планеты: ежегодник. Экономика, политика, безопасность. — М., 2007. — 280 с.
- 8 Россия и Китай: взгляд на ШОС // Россия в глобальной политике. — 2009. — № 4. — С. 186–189.
- 9 *Каспэ С.* Постсоветские нации в саду расходящихся тропок // Россия в глобальной политике. — 2009. — № 6. — С. 154–163.
- 10 *Фоктистов В.М.* Культурно-цивилизационные ценности концепции национальной безопасности КНР в условиях глобализации: дис. ... канд. филос. наук. — Чита, 2007. — 137 с.
- 11 Совместное заявление участников первой встречи руководителей парламентов государств-членов ШОС. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.russia.org.cn/rus>
- 12 *Никитина Ю.А.* ОДКБ и ШОС: модели регионализма в сфере безопасности. — М.: Навона, 2009. — 263 с.
- 13 *Уразов А.* Политика ЕС в странах Центральной Азии. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www/centralasia.ru>

С.Б. Стамбулов

Проблема формирования регионального комплекса безопасности в рамках Шанхайской организации сотрудничества

В статье рассмотрена проблема формирования регионального комплекса безопасности в рамках Шанхайской организации сотрудничества (ШОС). Автор на основе теории регионального комплекса безопасности Б. Бузана и О. Вевера доказывает наличие данного комплекса безопасности в рамках ШОС. Показаны позиция и политика стран-членов, а также стран-наблюдателей Шанхайской организации сотрудничества. Автором проанализированы роль и значение теории регионального комплекса безопасности. Дан обзор деятельности и итоговых документов саммитов ШОС за последние годы.

Ключевые слова: Шанхайская организация сотрудничества, региональная безопасность, теория регионального комплекса безопасности, внешняя политика, дипломатия.

S.B. Stambulov

The problem of formation of a regional security complex in the framework of the Shanghai Cooperation Organization

The article analyzes the problem of formation of a regional security complex in the framework of the Shanghai Cooperation Organization. The author proves the existence of the security complex in the framework of the Shanghai Cooperation Organization. It based on the regional security complex theory of B. Buzan and O. Wever. The article examines the position and policies of member countries, and the Shanghai Cooperation Organization observer countries. The author analyzes the role and importance of the regional security complex theory, gives an overview of the activities and the outcomes of the summits of the Shanghai Cooperation Organization in recent years.

Keywords: Shanghai Cooperation Organization, regional security, regional security complex, foreign policy, diplomacy.

References

- 1 Joint Declaration of the Russian Federation and the People's Republic of 2 December 2002, China, the Beijing, <http://www.Russia.org.cn/rus/?SID>
- 2 Jonson L., Allison R. *Central Asian Security: The New International Context*, ed. by L. Jonson and R. Allison, New York: Brookings Institution Press. London: Royal Institute of International Affairs, 2001, p. 1–23.
- 3 Buzan B., Wæver O. *Regions and Powers: The Structure of International Security*, Cambridge: Cambridge University Press, 2003, 564 p.
- 4 Burnashev R. *Regional Security in Central Asia: Military Aspects // Central Asia: a gathering storm? 2002*, p. 114–167.
- 5 Allison R. *Oil, Transition and Security in Central Asia*, ed. by S. Cummings, London and New York: Routledge Curzon, 2003, p. 219–233.
- 6 Regional security: geopolitical and geo-economic aspects (theory and practice), ed. A.V. Vozzhennikov, Moscow: RAGZ, 2006, 260 p.
- 7 Mikheev V. *China: the globalization of problems // Year of the Planet: yearbook. Economics, politics, and security*, Moscow, 2007, 280 p.
- 8 *Russia in Global Affairs*, 2009, 4, p. 186–189.
- 9 Kaspé S. *Russia in Global Affairs*, 2009, 6, p. 154–163.
- 10 Foktistov V.M. *Cultural and civilizational values of China's national security concept in the context of globalization: diss. ... of candidate of Sciences*, Chita, 2007, 137 p.
- 11 Joint statement by the participants of the first meeting of the Member States of the SCO parliamentary leaders, <http://www.russia.org.cn/rus>
- 12 Nikitina Yu.A. *CSTO and SCO security model of regionalism*, Moscow: Navona, 2009, 263.
- 13 Urazov A. *EU policy in Central Asia*, <http://www.centralasia.ru>

Л.Т. Тлегенова¹, Т.Қ. Сақабай²

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан;
²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
 (E-mail: tolkinist78@mail.ru)

1928–1941 жж. Қазақстандағы кино саласының материалдық-техникалық негіздерінің даму сипаты

Мақалада соғысқа дейінгі жылдардағы Қазақстандағы кино саласының материалдық-техникалық негіздерінің дамуы, оның басқару органдары, кино саласының өндірістік-техникалық істерін жүргізу мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар авторлар кино саласындағы кемшіліктер, «Қазақкино» тресінің құрылуы мәселелерімен қатар, киноны саясатта кеңінен пайдалану үшін, оның материалдық-техникалық жағдайына көңіл бөліп, республиканы киноландыруға бөлінген киноқондырғылардың жылдан жылға үздіксіз дамығандығын атап өтті. Мұрағаттық материалдар негізінде 1920–1940 жылдардағы Қазақстандағы киноөндірісінің даму деңгейі сипатталды.

Кілт сөздер: киноөндіріс, материалдық-техникалық негіздері дамуы, киноландыру, «Востоккино» тресі, «Қазақкино» тресі, өндірістік-техникалық істер, киноқондырғылар, кинопрокат қоры, киностудиялар, «Союзкинохроника».

КСРО-ның көлемінде киноландыруды жоспарлы түрде дамыту ХХ ғасырдың 20-жж. екінші жартысынан бастап қолға алынды. Кеңестер Одағында кино өнеркәсібінің техникалық жабдықталуы, негізінен, шет елдік өндіріс орындарына тәуелді болды. 20-жж. соңында киноның саяси маңыздылығына орай, оны басқару органдары қалыптасты. 1929 ж. КСРО-ның ХКК-нің жанынан елдегі кино ісіне жетекшілік жасайтын арнайы Кинокомитет құрылады. 1930 ж. Кинокомитет таратылып, кино ісінің техникалық жағына жетекшілікті күшейту мақсатында КСРО-ның БХШК-нің жанынан кинофото өнеркәсібі жөніндегі бірлестік құру туралы қаулы қабылданады. Кино саласының барлық өндірістік-техникалық істерін жүргізу сол бірлестіктің қарамағына берілді [1; 36]. Аталмыш мекемелердің ұйымдастырылуымен, Кеңес Одағында кино өнеркәсібі саласы біртіндеп дами бастады. Сонымен қатар кино ісіне бірорталықтан басқару жасау жүйесі қалыптасты. Енді киноландыруға қажетті құрал-жабдықтар орталық кеңестік өндіріс орындары арқылы шығарылатын болды. Кино өндірісі тек Ресейде ғана емес, сонымен қатар Украина, Грузия, Әзербайжан, Армения, Өзбекстан сияқты ұлттық республикаларда да өркендеді [1; 83].

1920 жж. ортасына дейін Қазақстанда кино ісі саясаттан тыс, бейтарап қалыптасып келе жатты. Бұл уақытта оның кеңестік идеологияны насихаттаудағы ролі әлсіз болды. Кино көбінесе көңіл көтеру құралы ретінде қабылданып, жекелеген адамдардың пайда түсіретін кәсібі түрінде дамыды. Онда көрсетілетін фильмдердің жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасымен де ешқандай байланысы болмады. 20-жж. екінші жартысында киноға партиялық-мемлекеттік жетекшілік жасау үрдісі басталады. Киноның мазмұны толық өзгерді. Соның нәтижесінде 1925 жылдан Қазақстандағы партиялық съездер, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің социалистік құрылысты орнатудағы ерліктері туралы хроникалды-деректі фильмдер саны көбейді. Бұл фильмдерді Мәскеу, Ленинград сияқты қалалардан келген кинооператорлар, режиссерлер түсірді [2; 35, 38, 39], техникалық жағдайына көңіл бөлінді. Соның бір дәлелі, республиканы киноландыруға бөлінген киноқондырғылардың жылдан жылға үздіксіз дамығандығы.

Дегенмен, 1930 ж. Қазақстандағы киноландыру барысына тексеріс жүргізген комиссияның қорытындысы Қазақ АКСР-ның ХКК-нің отырысында тыңдалып, сол жылы республикаға бөлінетін киноқондырғылардың халықтың сұранысын қанағаттандыра алмайтындығы көрсетілді [3; 21-п.]. Оның басты себебі елді мекендердің, әсіресе ауылдардың шашыраңқы әрі алыс орналасуы болып табылды. Алыс аудандармен, оның ішінде көшпелі қазақ ауылдарымен байланыстыратын жолдардың нашарлығынан, көптеген жылжымалы киноқондырғылар тез істен шығып қалып отырды. Оларды түзетуге қажетті қосалқы бөлшектерді алуда Қазақстан одақтық киноөндіріс орталықтарына тікелей тәуелді болды. Мысалы, 1929–1930 жылдары Қазақстан тарапынан 99,8 мың сом көлеміндегі қосалқы бөлшектерге тапсырыс берілгенімен, оның 10 %-ы ғана орындалды [3, 21-п.].

Оған 30-жж. басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ауырлауы да өз әсерін тигізді. Аштықтан қырылған ауыл тұрғындары мен қалаға көшіп кетушілер есебінен, ауыл-село халқының

саны азайды. Сондықтан ауыл-селоны киноландырудағы жетістіктер, жыл сайын өсіп отырған киноқондырғылармен қатар, халықтың санының азаюымен де байланысты болды. Ауыл-селолық жерлерді, қаламен салыстырып қарағанда, ауыл-селоны киноқондырғылармен қамтамасыз ету деңгейі әлі де төмен болды.

Кино саласының даму деңгейі тек киноқондырғылардың санының артуымен ғана анықталмайтындығы белгілі. Осы қондырғылардың үзіліссіз жұмыс жасауы, үнемі фильмдермен қамтамасыз етіп тұратын кинопрокат қоры мен киностудияларға тікелей тәуелді болды. Сонымен бірге, оларды қозғалысқа келтіріп, халықтың қажетіне жарататын мамандар даярлау да маңызды мәселе. Осыған орай, Қазақстанда бірқатар шаралар ұйымдастырыла бастады.

1928 жылы КСРО-ның ХКК-нің жанынан бүкілресейлік «Востоккино» тресі құрылады [4; 30]. Бұл қоғам Шығыс республикалары халықтарына киноқызмет көрсету және осы республикалардың ұлттық кинематографиясын дамыту, жергілікті халықтан кәсіби мамандар даярлау мақсатымен ашылады. Оның қазақ бөлімі Алматыда 1929 жылдың 6 қарашасында құрылады [3; 6-п.]. Бірақ бөлім құрылғанымен, оның қарқынды жұмыс жасап кетуіне мүмкіндіктер жасалмады. «Востоккиноның» қазақ бөліміне сол жылы тексеріс жүргізген Қазақ АКСР-ның ХКК-нің комиссиясы бөлімнің ешқандай қаржы базасының жоқ екендігін анықтайды [3; 8-п.]. Қаржы болмағандықтан, бөлімнің материалдық-техникалық жағдайы да белгіленген талапқа сай келмеді. Сонымен қатар бөлімге тұрақты жұмыс жасайтын арнайы мамандар бекітілмеді. Алматыға кинооператорлар орталық басқарманың тапсырмаларымен келіп, өздеріне қажетті сюжеттерді түсіріп, кері қайтып отырған. Соған қарамастан, сапасы төмен болса да, «Востоккиноның» қазақ бөлімінде «Соңғы жаңалықтар» киножурналы мен бірқатар деректі фильмдер түсіріледі. Алайда, Қазақстан сияқты ірі республика үшін, осы өнімдермен ғана шектелу жеткіліксіз болды.

Аталмыш бөлім 1931 ж. Қазақ өлкелік комитетінің назарына ілікті. Комитеттің отырысында «Востоккиноның» қазақ бөлімінің құрылғаннан бастап сол уақытқа дейін өз жұмысын дұрыс жолға қоя алмағандығы айтылды. Өлкелік комитет республикада киноның партияның ұрандары мен міндеттерін халық арасына кеңінен насихаттаудағы қуатты құрал ретінде пайдаланылмағандығын да бөлімнің қанағаттанарлықсыз жұмысымен байланыстырды. Себебі Қазақстандағы социалистік құрылысты бейнелейтін сапалы фильмдер түсірілмеді. Ал, түсірілген фильмдер өте ұзақ уақыт дайындалып, оның өзінде сапасы сын көтермеген. «Востоккиноның» 1931 жылға арналған өндірістік жоспарында, кинохрониканы қоспағанда, Қазақстан жайлы ешқандай фильм болған жоқ. Бөлімде қызмет ететін мамандардың 20–25 %-ы ғана қазақтар мен аз ұлттар өкілдерінен құралды [5; 303].

Бұл жағдай Қазақстанның өзінде киноөндіріс орталығын қалыптастырудың аса қажет екендігін көрсетті. Үкімет тарапынан осы мәселеге байланысты бірқатар шараларды іске асыру көзделді. 1931 ж. Қазақ өлкелік комитеті, Алматыда кинофабрика салу жұмысын республиканың бірінші кезектегі құрылыстарының қатарына енгізу жөніндегі қаулысын шығарады [6; 429]. Сонымен қатар, осы қаулыда кинофабриканың салынуына байланысты, Мәскеудегі «Востоккино» басқармасына Қазақстанда 1932 жылы кинотехникум ұйымдастыру мәселесін қою шешімі қабылданады.

Бірақ осы жылы «Востоккиноның» қазақ бөлімі өз жұмысын тоқтатады. Кино тарихын зерттеуші Қ. Сиранов бөлімнің жабылу себебін материалдық-техникалық жетіспеушілікпен қатар, сценарийлердің болмауымен түсіндірді [7; 37]. Ол, жазушы І. Жансүгіровтың сол уақыттағы қазақ жазушыларының сценарий жазуға әлі де аз көңіл бөлетіндіктері туралы пікірін келтіреді. Дегенмен, бұл жерде басты мәселе қазақ жазушыларында емес, жазылатын сценарийдің тақырыбына, мазмұнына байланысты туындаған. Себебі ұлттық құндылықтарды насихаттауға мүдделі болған жазушылардың шығармалары партиялық талаптарға сай келмеді. Жазушылардың шығармалары қатаң түрде бақылауға алынды. Осындай шаралар кинодраматургияның дамуына мүмкіндік бермеді.

Жалпы, кино саласындағы сценарийлерге саяси цензураны ұйымдастыру мәселесі Кеңес Одағында 1926 жылдан күшейтіле бастады. РКФСР-ның ОХК жанындағы ойын-сауық және репертуарларға бақылау жасау жөніндегі Бас комитеті сол уақытқа дейін дайын өнімге баға берумен шектелді. Бірақ бір көркем фильмнің орташа бағасы сол жылдары 30–40 мың сом мөлшерінде болса, түсіріліп қойған фильмге тыйым салу, мемлекетке елеулі шығын әкелді. Сондықтан аталмыш комитет сценарийлердің мазмұнына, фильм түсірілмей тұрып, алдын ала бақылау жасау құқын беру талабын БК(б)П-ның ОК-нің Ұйымдастыру бюросына ұсынады [8; 50].

Ал 1934 ж. РКФСР-ның ХКК, РКФСР-ның ОХК жанындағы ойын-сауық және репертуарларға бақылау жасау жөніндегі Бас комитеті туралы ережені бекітіп, қаулы шығарады [8; 61–63]. Онда РКФСР территориясында ойын-сауық және репертуарлардың барлық түріне Бас комитеттің алдын

ала, одан кейін де саяси-идеологиялық, көркемдік бақылау жасауды жүзеге асыратындығы жөнінде шешім қабылданады. Бас комитеттің жергілікті органдары ретінде автономиялық республикалардың ОХК-ның құрамында оның жергілікті басқармалары құрылады.

Осындай мекемелердің құрылуы кино ісінің дамуына теріс әсерін тигізді. Жаңа заман талаптарына бейімделуге бет бұрған жазушылардың социалистік тақырыпта шығарма жазудағы тәжірибелері аз болды. Партияның тапсырмасымен жазылған шығармалардың көпшілігі сын көтермеді. Осылайша, социалистік реализм әдісінің әдебиет саласында жан-жақты дамып кетпеуі, киносценарийлердің де кеш туындауына алып келді. Бұл жағдай өз кезегінде кино саласының материалдық-техникалық базасының нығаюын шектеді.

1932 жылдан бастап «Востоккиноның» қазақ бөлімі бүкілодақтық трест «Союзкинохроникаға» беріледі [2, 42; 5, 296]. Дегенмен, бұл өзгерістер Қазақстандағы кино ісінің дамуына жағдай жасай алмады. «Союзкинохрониканың» Алматыдағы базасы нақты нәтижелерге қол жеткізбеді. Оған қажетті мамандар да, материалдық мүмкіндіктер де болмады. Ал, Қазақ өлкелік комитетінің 1931 жылғы белгіленген Алматыда кинофабрика салу және кинотехникум ашу арқылы, Қазақстанның киноөндірісін қалыптастыру бастамасы аяқсыз қалды. Сөйтіп, Қазақстан киносы бұрынғысынша орталық кинотрестердің бөлімі ретінде қала берді.

Қазақстанда жеке киноөндірісін қалыптастыру ұсынысы туындағанда, «Союзкино» басқармасы оған бірден қарсылық білдірді. 1932 жылы аталмыш басқарма тарапынан КСРО-ның ХКК-нің төрағасының орынбасары Т. Рысқұловқа хат жолданып, онда Алматы қаласында кинофабрика салудың қажет емес екендігіне тоқталады [9; 5-п.]. Ол кинофабриканың қажетсіздігін Мәскеудегі бүкілресейлік трест «Востоккиноның» қарамағындағы бай өндірістік база мен қазан қаласында салынып жатқан кинофабрикамен дәлелдеуге тырысады. Оның ойынша, Қазақстан киносы сол өндіріс орындары арқылы дамуға тиіс. Сонымен бірге үнемі қызмет жасайтын өндірістік база мен соған сәйкес оқытушы-кадрлардың жоқтығынан, Алматыда кинотехникум ашуды да кейінге қалдыру туралы ұсыныс білдіреді. Ал, ұлттық көркем-өндіріс мамандарын, орталық киноинституттары мен техникумдарына жіберу арқылы дайындауға Қазақстанның толық мүмкіндік жасай алатындығын алға тартады.

Дегенмен, Т. Рысқұлов жоғарыдағы пікірді ескермей, 1932 ж. РКФСР-ның ХКК істері Басқармасы мен экономикалық Кеңесіне Қазақстанның кино саласын дамыту мәселесін қарастыру туралы нұсқау береді [9; 6-п.]. Соның нәтижесінде, Қазақ АКСР-ның ХКК-не хат жолданып, онда екінші бесжылдық жоспарын дайындағанда, оған кинофабрика салу жобасын міндетті түрде енгізуін сұрайды. Сонымен қатар Қазақстанда кинофабрика салу мәселесі шешімін таппағанның өзінде, ұлттық мамандар даярлайтын кинотехникум ұйымдастыру жобасын жасау да тапсырылады. Бірақ бұл шаралар нақты нәтижелер бермеді.

Енді Қазақстан киноөндірісін қалыптастыруға «Союзкино» басқармасы тарапынан қарсылық білдіру себептеріне тоқталайық.

Қазақстандық киноөндірісінің дамымай қалуы орталық киноқызмет көрсету мекемелеріне тиімді болды. Себебі киноөндірісі жоқ жерде, бай кинофильмдер қорының болмайтындығы белгілі. Осындай себептерге байланысты, Қазақстан кинофильмдер мен әр түрлі бағдарламаларды орталық мекемелерден прокатқа алып отыруға мәжбүр болды. Прокатқа берілген бір кинофильмнің бір күндік бағасы — 4 сом 20 тиын тұрған [3; 23-п.]. Мысалы, сол жылдары Мәскеуден Жаркентке жіберілген кинофильмнің барып, кері қайту уақыты — 20–25 күнге, Гурьев үшін 16–18 күнге жалғасқан. Бұл жерде елді мекендер арасын байланыстыратын жолдардың нашарлығы немесе жоқтығы, көліктердің тапшылығы да үлкен кедергі болды. Сонда бір кинофильм үшін жоғарыдағы қалалар 70–105 сом төлеген. Ал, 1928 жылдың 20 желтоқсанындағы келісім [3; 23-п.] бойынша, прокатқа алынған кинофильм мен бағдарламалардың бағасына жол жүру уақытының қосылмайтындығы көрсетілген болатын. Бірақ бұл ереже орындалмай, әрбір көрсетілген кино немесе бағдарламаның бір күндік бағасы жолдың есебінен бірнеше есеге қымбаттап отырды. Осылайша, орталық киноқызмет көрсету мекемелері Қазақстанға өз өнімдерін прокатқа жоғары бағаға берді. Фильмдерді прокатқа беру жұмыстарында белгілі бір ереженің, тәртіптің болмауы, киноөнімдерінің бағасының еркін өзгеріп отыруына ықпал етті.

Сонымен қатар кинопрокат конторлары республиканы киномен қамтамасыз етуге немқұрайлы қарады. Бұл халықты фильм таңдау құқынан айырды. Белгіленген ереже бойынша, бір рет көрсетілген кинофильм немесе бағдарлама 6 айдан [9; 14-п.] кейін ғана прокатқа берілуі керек. Ал Қазақстанға бір кинофильм айына бірнеше рет қайталанып жіберілді. Кинофильмдермен жүйелі

түрде қамтамасыз етілмеу салдарынан, бірқатар аймақтардағы кинотеатрлар жабылып, киноқондырғылар пайдаланусыз қалады. Осындай жағдай әсіресе 30-жж. ортасында жиі қайталанады.

30-жж. ортасындағы Қазақстандағы киноландыру жағдайының төмендеуі оның басқа ұлттық республикалардың даму деңгейінен артта қалуына алып келді. Елдегі кино ісіндегі кемшіліктер билік органдарының назарына ілікті. Осыдан кейін бірқатар жұмыстар атқарыла бастады. 1934 ж. Қазақ АКСР-ның ХКК-нің қаулысымен «Қазақкино» тресі құрылады [6; 296]. Оның міндеті республикадағы кино көрсету орындарын пайдалану, жаңа кинотеатрлардың құрылысы мен олардың жабдықталуын қамтамасыз ету болып белгіленеді.

Осы жылы «Қазақкино» тресінің тарапынан КСРО-ның ХКК-нің жанындағы кинофотоөнеркәсібінің Бас басқармасына хат жолданады. Ол хатта Қазақстандағы кино саласының басқа ұлттық республикалардың даму деңгейінен артта қалғандығы айтылады. Сонымен бірге «Қазақкино» тресінің жеке киноөндірісінің болмауы салдарынан, жергілікті бай материалдардың негізінде кино түсіру мүмкіндігінің жоқтығы жайлы жазылады. Үлкен территориясы, халқы көп ірі ұлттық республикаға Одақтық киноландыру Басқармасының тарапынан ешқандай көңіл бөлінбегендігі баса көрсетілген. Керісінше, хатта мәлімденгендей, «кинофильмдермен қамтамасыз ететін орталықтардың пайдакүнемдік саясаты, Қазақстандағы кино көрсету орындарының жойылып кету қаупін тудырды» [9; 14-п.].

«Қазақкино» тресінің құрылуы кино саласының белгілі бір деңгейде алға жылжуына жол ашты. Қаржыландыру мәселесі реттеле бастады. Соның бір дәлелі, «Қазақкинода» республикалық киноландыру қоры құрылды [4; 36, 37]. Ондағы жиналған қаражат кинотеатрлардың құрылысына, киноқондырғылар мен оларға қажетті жабдықтар алуға жұмсалды. Әр аймақтағы киноқондырғылардан түскен түсімнің белгіленген мөлшерін киноқорға аудару міндеттемесі қабылданды. Сонымен бірге қор жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы есебінен де толықты.

1934 ж. Мәскеудегі орталық басқару орындары да жергілікті кинотрестердің жұмыстарына көңіл бөле бастады. Сол жылға дейін республикадағы кинотрестердің нақты жоспарлары жасалынбай, олар жыл сайын қаржысыз қалып отырды. Оны «Востоккино», «Союзкинохрониканың» қазақстандық базасының материалдық-техникалық жағдайының төмендігінен де байқауға болады. Ал, 1934 ж. Одақ құрамындағы республикалар мен өлкелердің жергілікті кинотрестерінің жоспарларының дайындалуына жетекшілік жасап, оны бекітіп, қаржы бөліп отыру РКФСР-ның ХКК-нің жанындағы киноландыру Басқармасына жүктеледі. Осыған орай 1934 ж. КСРО-ның ХКК-нің төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов Қазақ АКСР-ның ХКК-не кинотрестінің 1934 ж. арналған жоспарының жобасын жасап, оны тез арада киноландыру Басқармасына ұсынуларын тапсырады [10; 58-п.].

Қазақстандағы киноландыруды дамытуға қаржы жағынан жетіспеушіліктер орын алса, Одақ көлемінде бөлінген қаржы толығымен іске аспай жатты. Мысалы, 1934 ж. КСРО-ның ХКК-нің жанындағы киноландыру Басқармасының бастығы міндетін атқарушы Ахметов Қазақ АКСР-ның ХКК-нің төрағасы О. Исаевқа құпия хат жолдап, онда Одақтағы киноландыруды қаржылай қолдау барысының орындалуы туралы сандық мәлімет береді. Халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспарының негізінде, Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісе отырып, киноландыру Басқармасы Одақ бойынша киноландыруға 300 млн сом жұмсауды белгілеген. Ол қаржыдан 1933 ж. — 11,8 млн сом; 1934 ж. — 10,5 млн сом жұмсалынып, 1935 ж. 11,5 млн сом бөлу көзделген. Сонда екінші бесжылдыққа арналған 300 млн сомның 3 жылда 33,8 млн сомы (11,2 %) ғана пайдаланылған [9; 77-п.]. Бұл мәліметтен Қазақстанда кинофабрика мен кинотехникум салуға Орталық киноландыру Басқармасының қаржы жағынан барлық мүмкіндіктерінің болғандығын көреміз.

1934 ж. Қазақстанның кино саласын дамытуға бірқатар шаралар бағытталғанымен, олардың нәтижесі бірден көріне қоймады. Әсіресе кинофильмдердің техникалық жағынан жарамдылығы өте төмен болды. Таспалардың көбісі бірнеше рет үзіліп, қайта желімделген құрама, жарамсыз күйде пайдаланылды. Сол себептен фильмнің басы мен аяғының қайсысы екендігін айырудың өзі қиынға соғып, фильмнің орта кезіне келгенде кино көруге жиналған үлкендер жағы таралып, тек балалар ғана қалып отырған [11; 3]. Сонымен қатар 30-жж. фильмдердің басым көпшілігі дыбыссыз болғандықтан, оларға жазбаша түсініктемелер (титр) беріліп отырған. Түсініктемелер көбінесе орыс тілінде жазылып, ауылдық жердегі көрермендер фильмдердің мағынасын түсінбеген. Бұл қазақтар арасында кино арқылы үгіт-насихат жүргізуге үлкен кедергі болды. Орысша түсініктемелерді қазақшаға аударуға әрекет жасалады. Бірақ оның техникалық өңделуі арнайы кинофабриканы талап еткендіктен, республикадан тыс жерлердегі мекемелерге шығуға тура келді [11; 3].

Бұл әдістің негізінде отбасының қақтығыстық жағдайда ең әуелі өзінің қызығушылықтары мен мүдделерін көздейтіндігі анықталды. Отбасы қақтығыстық жағдайда ер адамдар барлық 5 стратегияны әрқайсысын қолданылатындығы, ол туындаған конфликтілік жағдайдың күрделілігіне немесе себебіне байланысты болуы мүмкін деп ойлаймыз. Ер адамдар тарапынан қақтығыстық жағдайды шешуге қолданатын тактика тұлғаның темперамент типіне байланысты болуы мүмкін. Осы әдістемеге сәйкес әйел адамдардың көрсеткіштерінің орташа балдық көрсеткіштерін пайызға айналдырып сурет түрінде көрсеттік (2-сур.).



2-сурет. Әйел адамдардың қақтығыстық жағдайларда қолданатын жүріс-тұрыстық стратегияларының орташа көрсеткіштері


Әдістемеге сәйкес, әйел адамдардың нәтижелеріне тоқталатын болсақ, барлық жүріс-тұрыстық стратегиялар кездесетінін байқаймыз. 5 жүріс-тұрыстық тактиканың ішінде әйел адамдар «бейімделу» стратегиясын 23 %-ға басым болып тұр, яғни осы стратегия жиі қолданысқа ие дегенді білдіреді. Ал әдістемеге сәйкес, отбасындағы туындаған қақтығыстық жағдайда әйел адамдар үшін «бейімделу» стратегиясы үлкен сипатқа ие, яғни, ер адамдар секілді әйел адамдар үшін де белгілі дәрежеде жақсы қатынастарды сақтап қалу маңызды болып келеді.

«Бірлесу» стратегиясы бойынша әйел адамдар көрсеткіші 21 %-ға тең болды. Дәлірек тоқталсақ, отбасындағы қақтығыстық жағдайда әйел адамдар бірлесе отырып, шешім қабылдауға деген ниеттерінің де бар екендігін көруге болады, яғни әйелдер де ер адамдар секілді отбасында жағымды қатынысты сақтап қалу мақсаты мен ұмтылыстарының барын көреміз. «Келісімге келу» стратегиясы 21%-ға тең, яғни отбасындағы қақтығыстарды әйел адамдар осы стратегияға сәйкес ойларын, қызығушылықтарын, көзқарастарын негізге ала отырып, қақтығысты шешуге тырысатынын байқаймыз, әрбір мәселені ой таразысынан өткізетінін көреміз. «Бәсекелестік» стратегиясы 16%-ға тең болды. Бәсекелестік стратегиясы отбасылық қақтығыс жағдайында аса жиі қолданылмайтындығын байқадық. Дәлірек айтқанда, әйел адамдарға бұл стратегияны қолдану қиынырақ болса да, басқаның мүддесін мойындау керек дегенді түсініп, өз мүдделеріні шеттетеді, қақтығысты төмендету мақсатында елеулі күш салуға дайындығы анықталады. «Қашу» стратегиясы 19%-ды құрайды. Мұндай стратегияны әйел адамдардың басқаларымен салыстырғанда кейбір жағдайларда қолданылатын көреміз. Бұл стратегия қақтығыстық жағдайларда өзінің мақсатына қолжеткізуге деген талпыныстың жоқтығын, сонымен қатар адамның тарапынан біріккен іс-әрекеттің құлшыныстың болғанын білдіреді. Отбасындағы қақтығыстық жағдайда әйелдердің тарапының бұл тәсілді қолдануы қақтығыстық жағдайды шешуден бастартуын білдіреді.

Қорытындылай келе, отбасылық қақтығыстарда әйел адамдар да ер адам тәрізді барлық 5 стратегияны күнделікті өмірде қолданатынын анықтадық. Жалпы алғанда, отбасылық қақтығыстық жағдайларда әйел адамдар бейімделу және бірлесу стратегиясын басқалармен салыстырғанда жиі

қолданатынын көрдік. Осыған сәйкес, отбасындағы қақтығысты, әйел адамның шыдаммен, төзіммен шешетінін, қақтығыстарға бейімделе отыратынын, оны бірлесе шешуге деген талпыныстың бар екендігін байқадық. Ал қақтығыстық жағдайда әйелдердің бойында бәсекелестік және қашу стратегиясы басқа көрсеткіштерімен салыстарғанда аз болса да, төмен деңгейде екенін көрдік, осыған орай әйелдердің қақтығыстық жағдайларда біріккен іс-әрекетке және ерінің көзқарасын, ойын, мүддесін, оның қызығушылығын ескеріп оған бейімделе алатынын байқаймыз, яғни осы зерттеуден өз аналарымыздың кескінін байқаймыз, бұл ұлт және менталитет көрінісі болып табылады.

Зерттеудің 2 кезеңінде сыналушыларға Г.Айзенктің экстраверт-интроверт және нейротизмді зерттеуге арналған әдістеме жүргіздік. Әдістемені жүргізудегі біздің мақсатымыз отбасындағы ерлі-зайыптылардың темперамент типін анықтау болып табылады. Әдістеменің негізінде сыналушының барлық жауаптарын экстраверсия-интроверсия және нейротизм шкалалары арқылы темпераменттің 4 типін анықтадық. Осыған орай әйел адамның орташа көрсеткіштерін диаграммаға салдық (3-сур.).



3-сурет. Әйел адамның Айзенк әдістемесі бойынша темперамент типтерінің орташа көрсеткіштері


Сыналушылардың басым көпшілігі, яғни 36 %, *сангвиник-интроверт* темперамент типіне жататыны анықталды. Бұл көрсеткіш әйел адамдардың ашық-жарқын мінезін, қарым-қатынасшылдығын, өмірге құштарлығын, бірақ кейбір жағдайда қоршаған ортадан гөрі барлық белсенділігі өзінің ішкі әлемі бағыттылығына көзіміз жетті. Зерттеуге сәйкес бұл темперамент типі қақтығыстық жағдайларда қарым-қатынастары төмендеп, адам іштей тұйықталады. Сыналушылардың келесі 36 %-ы *холерик-экстраверт* темперамент типіне жататынын анықтадық. Әдістемеге сәйкес қоршаған ортада қозғыш, ұстамсыз, ашушаң, кез келген эмоцияны ашық түрде көрсететін, әрқашан белсенді, көңіл-күйі тұрақсыз екенін көреміз. Ал сыналушы әйел адамдардың 9 % *сангвиник-экстраверт* типіне жатады. Мұндай адамды сипаттап кетсек, барлық іс-әрекеті, сөзі, ашық, қарым-қатынасқа оңай түседі, көңілді, белсенді қоршаған ортаға толығымен бағытталған адамдар. Келесі сыналушылардың аз да болса да 9 % *флегматик-интроверт* темперамент типінде кездеседі. Флегматик-интроверттің мінездемесіне келетін болсақ, оның іс-әрекеті байсалды, ойшыл, іскер, ұстамды, қарым-қатынасқа жайлы, ұзақ уақытқа созылған қолайсыз жағдайда көңіл-күйін, бірқалыпты сақтайтынын байқаймыз. Сыналушылардың 9 % *меланхолик-экстраверт* темперамент типі бар. Мұндай типті сипаттайтын болсақ, ол тұрақсыз адам, мазасыздануы күшті, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді, ойшыл, интеллектуал, стресс жағдайында ішкі кернеуі күшейеді, депрессияға ұшырап, денсаулығы, жұмысқа қабілеті төмендейді.

Қорытындылай келе, әйел адамның әдістемеге сәйкес басым көпшілігі холерик және сангвиник темперамент типіне жатады. Зерттеуге байланысты әйел адамның қақтығыстық жағдайда барлық іс-әрекеті мен эмоционалдық өрісі тікелей қоршаған ортаға бағытталады деуге болады. Себебі психологиялық тұрғыда жүйке-жүйесінің күштілігімен сипатталады.

Нақтырақ айтсақ, қақтығыстық жағдайда әйел адамның басым көпшілігі өздерінің жұптарымен қақтығысқа түскенде, эмоциясы мен әрекетіне ерік береді, бірақ қақтығыстық жағдайдың күрделілігіне байланысты кейбір жағдайларда өз эмоциясын, тежеу кездері де болады [5; 75].

Әдістемені ер адамдарға да жүргізіп, нәтижелерін диаграммаға салдық (4-сур.).

Зерттеу нәтижесі ер адамдардың жауаптарының негізінде басым көпшілігі, яғни сыналұшылардың 27 %-ы, *сангвиник-экстраверт* темперамент типіне жататыны анықталды. Бұл көрсеткіштегі тұлғаны сипаттап кетсек, тұрақты адам, әлеуметтендірілген, сыртқы дүниеге бағытталған, ашық-жарқын, қарым-қатынасқа құмар, уайымсыз, көңілді, басшылыққа құмар болып келеді. Зерттеуге сәйкес бұл темперамент типі қақтығыстық жағдайларды көбінесе өзі ушықтырады, қақтығысқа қолайлы жағдай туғызады.



4-сурет. Ер адамның Айзенк әдістемесі бойынша темперамент типтерінің орташа көрсеткіштері

Сыналұшылардың тағы да басым көпшілігі (27%) *холерик-экстраверт* темперамент типіне жататынын анықтадық. Әдістемеге сәйкес қоршаған ортада қозғыш, ұстамсыз, ашушаң, кез келген эмоцияны ашық түрде көрсететін, әрқашан белсенді, көңіл-күйі тұрақсыз екенін көреміз.

Ал сыналұшы ер адамдардың 18 %-ы *меланхолик-экстраверт* типіне жатады. Мұндай адамдар: тұрақсыз, мазасыздануы күшті, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді, ойшыл, қақтығыс жағдайында ішкі кернеуі күшейеді.

Келесі сыналұшылардың 18 %-ы *флегматик-интроверт* темперамент типінде кездеседі. Флегматик-интроверттің мінездемесіне келетін болсақ, оның іс-әрекеті байсалды, ойшыл, іскер, ұстамды, қарым-қатынасқа жайлы, ұзақ уақытқа созылған қолайсыз немесе қақтығыс жағдайда көңіл-күйін бірқалыпты сақтайтынын байқаймыз.

Сыналұшылардың 9 %-ы *меланхолик-интроверт* темперамент типіне жатады. Мұндай типті сипаттайтын болсақ, ол тұрақсыз адам, мазасыз, пессимист, сыртқы көрінісі бойынша сабырлы, бірақ эмоциясы терең, оған ұзақ уақыт бөленіп жүреді.

Қорытындылай келе айтарымыз, ер адамның әдістемеге сәйкес басым көпшілігі холерик және сангвиник темперамент типтеріне жатады. Зерттеуге байланысты ер адамның қақтығыстық жағдайда барлық іс-әрекеті мен эмоционалдық өрісі тікелей қоршаған бағытталады деуге болады. Нақтырақ айтсақ, қақтығыстық жағдайда ер адамдардың басым көпшілігі өздерінің жұптарымен қақтығысқа түскенде, эмоциясы мен әрекетіне ерік береді, қақтығыстық жағдайдың болуына қолайлы жағдай туғызады [6; 68].

Қорытындылай келе, ер адамдар мен әйел адамдардың жүріс-тұрыстық стратегиялары мен темперамент типтерінің арасында айырмашылықтың және де ұқсастықтың да, бар екеніне көзіміз жетті. Нақтырақ айтқанда, отбасындағы ер адамдар қақтығыс жағдай туындағанда тікелей, ең алдымен, өз қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталуы олардың холерик және сангвиник темперамент типтеріне жататындығына байланысты деп ойлаймыз. Себебі бұл тип өкілдері жүйке-жүйесінің күштілігімен, мінездің ашықтығымен сипатталады. Сол себепті ер адамдар отбасылық қақтығыс жағдайда бәсекелестік және бірлесу стратегияларын өз мақсатына сай қолданады. Әйел адамдардың қақтығыстық жағдай туындағанда, оның сипатына байланысты кейбір жағдайларда тікелей өз қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталса, ал кейбір кезде қарсылас жағдайында, яғни ер адамдардың қызығушылықтары мен ниеттерін қанағаттандыруға бағытталуы, олардың холерик және сангвиник темперамент типтеріне жататындығына байланысты болуы мүмкін. Дәлірек айтсақ, әйел адамдардың бірлесу стратегиясы қақтығыстық жағдайында қолдануына басым көпшілігіне холерик темперамент типіне жататындығын білдіреді. Ал кейбір қақтығыс жағдайларда бейімделуі сангвиник темпераментіне, оның ішінде интроверт типіне жататындағына байланысты деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В. Семейная психотерапия. — Л.: Владос, 1990. — 124 с.
- 2 Дружинин В.Н. Психология семьи. — М.: КСП, 1996. — 276 с.
- 3 Фетискин Н.П., Козлов Г.М., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. — М.: Пресс, 2010. — 392 с.
- 4 Гуревич К.М. Психологическая диагностика. — М.: Пресс, 2001. — 295 с.
- 5 Виллюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. — М.: Просвещение, 1976. — 175 с.
- 6 Бурлачук Л.Ф., Коржова Е.Ю. Психология жизненных ситуаций. — М.: Просвещение, 1998. — 368 с.

К.С. Игембаева

Исследование психологических основ конфликтов между супругами

Семья — это ячейка общества, важнейшая форма организации личного быта, основанная на супружеском союзе и родственных связях. Через семью сменяются поколения людей, в ней человек рождается, через нее продолжается род. Социально-психологическая атмосфера в семье зависит от взаимопонимания между супругами и от частоты случаев непонимания в семье. В настоящее время недостаточно информации, посвященной изучению психологических основ конфликтов между супругами. В статье подробно рассмотрены возможные конфликтные семейные ситуации. Приведено их исследование, в процессе которого применялись специальные психологические методики. Автор приводит психологический анализ типов темперамента супругов. Выявлены также поведенческие стратегии в конфликтной ситуации у мужчин и женщин. На основе полученных результатов выделены типы темпераментов мужчин и женщин, которые влияют на ссоры в семье. Полученные экспериментальные данные могут использоваться семейными психологами, в процессе психологической консультации, в качестве практических ответов.

Ключевые слова: семья, супруги, конфликт, конфликтная ситуация, темперамент, поведение, поведенческая стратегия, типы темперамента, мужчина, женщина, методика К.Томаса.

K.S. Igembaeva

Study of psych reasons of origin conflicts between the married couple

The family is a cell of society, the most important form of the organization of personal life based on the matrimonial union and family relations. Through a family generations of people are replaced, in it the person is born, through it the kind proceeds. The social and psychological atmosphere in a family depends on mutual understanding between spouses and on the frequency of the conflicts. Now insufficiently complete information, psychological bases of the conflicts devoted to a study between spouses. In article the conflict situation between spouses in a family explicitly is considered. The conflict situation research between spouses was given in this article. In the course of the research on men and women applied special psychological techniques. The author provides the psychological analysis of types of temperament of spouses. And also behavioral strategy in a conflict situation at men and women are revealed. On the basis of the received results, types of temperaments of men and women which influence conflict situations in a family are revealed. The obtained experimental data can be used, family psychologists, in the course of psychological consultation as practical responses.

Keywords: family, spouses, conflict, conflict situation, temperament, behavior, behavioral strategy, temperament types, man, woman, K. Thomas's technique.

References

- 1 Ehjdemiller E.G., Yustitskiy V.V. *Domestic psychology*, Leningrad: Vlados, 1990, 124 p.
- 2 Druzhinin V.N. *Psychology of family*, Moscow: KSP, 1996, 276 p.
- 3 Fetiskin N.P., Kozlov G.M., Manuilov G.M. *Psychological diagnostics of development of personality and small group*, Moscow: Press, 2010, 392 p.
- 4 Gurevich K.M. *Psychological diagnostic*, Moscow: Press, 2001, 295 p.
- 5 Vilyunas V.K. *Psychology of the emotional phenomena*, Moscow: Prosveshchenie, 1976, 175 p.
- 6 Burlachuk L.F., Korzhova E.Yu. *Psychology of vital situations*, Moscow: Prosveshchenie, 1998, 368 p.

Н.Қ. Мағзұмова¹, С. Бенчич²¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;²Пан-Еуропа университеті, Братислава, Словакия
(E-mail: bencic77@gmail.com)

Поли- және моноэтностық ортадағы мәдениеттің психологиялық ерекшеліктеріне теориялық талдау

Қазіргі уақытта Қазақстанда мәдениетке, тілге, ұлтқа, ұлттық мінез-құлыққа көп көңіл аударылып жатыр. Сонымен қоса Қазақстанда поли- және моноұлт топтары тұрады. Моноға біз бір ұлт адамдарын жатқызамыз, олардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, қабілеттері, мәдениеттері, тағы басқаларды жатқызамыз. Политоптар деп көптеген ұлттардың қосындысын айтамыз, оларға әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мәдениеті, тағы басқаларды жатқызамыз. Полиэтникалық жағдайда этникалық толеранттылық мәселесі де мәнді. Басқа этникалық мәдениеттерді қабылдау, сыйлау үшін, ең алдымен, өзінің мәдениетінді қабылдау, сыйлау, оның позитивті құнды екенін ұғыну, оған деген сенімділік, басқа мәдениетпен жиі байланысқа түсу — міне осы жағдайлар мәдениаралық толеранттылықтың негізін құрайды. Мінез-құлықтағы өзгеріс міндетті түрде мәдениеттегі өзгерісті білдіреді.

Кілт сөздер: этномәдени, полиэтникалық, мәдени құндылықтары, мәдени этникасын зерттеу, парадигма, этностық жеке даралық, эмпирикалық зерттеу, әлеуметтік-психологиялық.

Этномәдениеттің, сондай-ақ бұл бағытпен Қазақстанда айналысып жүрген ғалымдарымыз Б.Ә.Әмірованың этностық жансақ нанымдардың оқыту процесіне әсер ететіні туралы зерттеулері, С.М.Жақыпов, Қ.Б.Жарықбаев, А.Т.Малаева, Л.К.Көмекбаева ғылыми еңбектерінің маңызы зор. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты — поли- және моноэтностық топтардың мәдени айырмашылықтарын зерттеу. Біздің елімізде ұлттардың мәдени этникасын зерттеу кең өріс алған жоқ, бұл тақырыптағы еңбектер, ізденістер де жеткіліксіз. Зерттеулер өте аз деп айтуға болады. Этникалық мәдениет ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Полимәдениет пен полиэтностық өзара әрекет жағдайында еуропалық сананың ерекше типтерін анықтайтын механизмдер туындайды. Әрбір мәдениеттердің өзара әрекеті олардың өзара рефлексиясы мен өзара бейнелеулері үшін жағымды жағдайлар жасайды [1; 411]. Адамның қоршаған ортамен қатынасында адамзат бірлестігінің мәдени құндылықтары әлеуеті байқалады. Ол медиатор арқылы (Л.С. Выготский) белгілі, сөз, символ, салт-жоралар, этномәдени белгілер, олар санада халықтың тіршілік әрекетінің дамуымен ұйымдастыру тәсілі жайлы білім ретінде белгіленіп, болмысты жалпылап бейнелейтін мәнге айналады (А.Н.Леонтьев). Солар арқылы ғана табиғи психикалық формалар идеалды адам қабілетіне айналады. Нәтижесінде индивид өз мәдениетін меңгереді: мінез-құлық мәдениеті (қажеттіліктер, аффектілер, қарым-қатынас, әрекет), рухани мәдениет (ойлау мәдениеті, сөз мәдениеті): психиканың реалды (табиғи) формасы идеалды, мәдени формасы бола бастайды. Этномәдени парадигмада дамудың базалық процесіне мәдени белгі символикалық жанамалауды көп бейнелі формасы жатады.

Біздің зерттеуге негіз болған адамның этномәдени даму мәселесін этномәдени парадигмада қарастыруға болады. Этномәдени парадигма субъективтілік пен объективтіліктің арасындағы, адам табиғаты мен социумның, индивидуализация мен социализация процестерінің арасындағы айырмашылықты жеңу барысында жүзеге асады. Дамудың этномәдени парадигмасының мәселелері этномәдени әлемнің индивидуалдылық әлемге және индивидуалдылықтың этномәдени объектігін айналу және азаматтық әр түрлі мәдениет паттерндерін туғызу механизмдерін табу және суреттеу болып табылады.

Болашақтағы зерттеудің мақсаты этномәдени парадигма міндеттерінің бірі адамның этномәдени дамуының психологиялық заңдылықтарын табу, басқаша айтсақ, оның этностық индивидуалдылығының дамуы оның этномәдени ілемге қосылу болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: поли- және моноэтностық ортадағы мәдениеттің психологиялық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу.

Зерттеу пәні: поли- және моноэтностық топ өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерінің көріну жағдайлары.

Зерттеу өзектілігі: жұмыстың өзектілігі, қазіргі уақытта Қазақстан мәдениетті, әдет-ғұрыпты, мінез-құлықты дамытудан алдыңғы қатарда тұр. Поли- және моноэтностық топтардың ерекшеліктерін анықтау, олардың политоптар мен монотоптардың этностық мәдениетін салыстырып, айырмашылықтарын көз жеткізіп, ерекшеліктері табу, поли- және моноэтностық топтардың мәдениетіндегі ерекшеліктердің бар екенін дәлелдеу қажет.

Тәжірибелік маңыздылығы: зерттеуден алынған мәдениетке тәрбиелеу және дамыту мақсатында арнайы тренингтер және дамыту жаттығуларын қарастыруда қолдану.

Болжам: поли- және моноэтностық ортаның психологиялық ерекшелігі бар болса, онда осы екі ортадағы этностық өзіндік сананың да ерекшелігі бар.

Зерттеу міндеттері: 1) этнопсихология мәселесіне арналған әдебиттерді талдау; 2) әдістемелер мен талдауларды жасау; 3) әдістемелерді эксперименталды поли- және монотоптарға өткізу; 4) зерттеу нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау.

Біздің елімізде болып жатқан соңғы жылдардың оқиғалары қоғам өміріндегі ұлттық факторлардың жоғарғы мәнділікке ие екенін көрсетуде. Полиэтностық полимәдениет жағдайында өмір сүріп отырған адамның ұлттық сипатта дамуына қоғамдық өмірдегі өзгерістер әсер етеді. Қазіргі уақытта біздің полиэтностық қоғамда өтіп жатқан экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, демографиялық және басқа да процестер елімізде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ұлттық сана-сезімдерінің көтерілуімен түсіндіріледі. Жеке бір адамның және этностық өзіндік санасының деңгейі, көпұлтты қоғамның әлеуметтік-психологиялық және атмосферасын белгілі бір мәнді дәрежеде анықтайды. Этностық өзіндік сананың құрылымы, этностық идентификация, өз «менің» бастан кешіруі, әсерленуі, өзіндік қатынасты белсендіру, этнорухани мәдениетке, ұлттық тілге, халық творчествосына, дініне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне деген психологиялық орнықтылық сияқты белгілермен анықталады. Этнофакторлардың мәнді өсуі этностық өзіндік сананы күшейтеді. Этностық өзіндік сана жеке қасиеттердің әр түрлі деңгейдегі иерархиялық байланысын детерминациялайды, қасиеттердің және интеграцияланған индивидуалдықтың дамуының жүйелі ұйымдастырушысы функцияларының орындайды әрі реттейді. Этностың басты объективті тасушысы болып табылатын «ұлттық мәдениеттің» әлсіреуі барысында өтетін этностық өзіндік сананың күшеюін «этникалық парадокс» деп айтуға болады. Бұл парадокстың болу себебі ұлттық өзіндік сананың компенсациялаушы функциясымен байланысты, соны күшейту және бекіту, этностық өзіндік сананың объективті негізі – халықтың, этностың, ұлттың өзіндік қайталанбас мәдениеттің әлсіреуінде пайда болатын негативті әсерлерді теңестіреді [2; 57].

Қазіргі жаңа этнопсихологияда өз бетінше дамып жатқан бақтардың бірі – психофизиологияның, когнитивті процестердің, естің, эмоцияның, сөздің, этностың ерекшеліктерін салыстырмалы-мәдени зерттеулері жатады. Этнопсихологияның әдіснамасы өте күрделі. Этносты құрайтын индивидтің қасиеті мен тұтастықты құрайтын ұлттық мәдениет қасиеттері бірдей емес, мәдениеттің және психологияның зерттеулері арасында этнопсихологияға байланысты үнемі белгілі бір ажырау болады. Сондай-ақ этностық ерекшеліктер жайлы бір қорытынды жасау үшін, қандай да бір салыстыру керек деген ой көлеңкелеп тұрады. Сондықтан да этноцентризм мәселесінен қашу үшін оны терең түсіну керек. Халықтардың психологиялық ерекшеліктері жайлы абстарактілі, негізделмеген қорытындылар ұлттық сезімдерді қорлауы мүмкін. Осы сұрақтарды талдауда пәнаралық гуманитарлы ғылымдар, атап айтқанда, этномәдениеті бізге көмектеседі. Мұнда индивидуалды сана-сезімдер сол мәдениетте қабылданған адамның жалпы моделінен тәуелді болады және олардың құндылықты-нормативті аспектілері талданады [3; 351]. Г.У.Қцова этностық өзіндік сананың әлеуметтік топтардың этномәдени болмысқа белгілі бір қатынасы, әлемді қабылдаудың ерекше тәсілі ретінде қарастырады. Этномәдениет бағыттағы зерттеулер позитивті этностық және мәдени идентификацияның қалыптасуының психологиялық механизмдерін табумен айналысады.

Этномәдениетті түсінуге деген алғашқы ықпал социосфера парадигмасында этностық процестерді зерттеумен байланысты болды. Ол парадигманың бастапқы алғышарты этнос — әлеуметтік құбылыс, сондықтанда қоғам даму заңдарына бағыну керек, өзінің меншікті заңдары жоқ деген сеніммен байланысты болады. Және этнос жүйелілі деген идея біртектілік, идентификация ретінде түсініліп, сана-сезімдердің бөлінбес бөлігі деп анықталады. Этностық жүйедегі мәдениеттің маңызды функциясына этносты сигнефикативті жүйе ретінде анықтайтын белгі — символикалық функциясы жатқызылды. Сигнефикативті жүйеге тіл ғана емес, этнос құрылымында коммуникативті рөл атқаратын басқа да элементтер жатады. Ұзақ жылдар бойы этномәдени мәселесін дәстүрлі жағдайда тек фольклор мәнінде қарастырды. Оны ұлттық дәстүрлердің рухани және тұрмыстық

аспектілеріне апарды. В.Бромлей осы сұрақты талдай отырып, мәдениетті этностық аспектісі жайлы айтып, оны «өндірістен тыс мәдениет» деп аталады, яғни мәдениет адамдардың күнделікті материалды және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру сферасында қаралады [4; 153]. Шындығында, тұрмыстық мәдениет этностық қатынаста дәстүрлі қырларды көбірек сақтайды. Этномәдениет мәселесін қарастыруда этномәдени реттеу жүйелеріндегі дінді аттап кетуге болмайды. Этностық тарих этногенез факторлар жүйесінде діни кешендердің маңызды ролін көрсетеді, әсіресе этномәдени интеграциядағы діни құндылықтар, «православиелік» және «мұсылман» әлемі сияқты суперэтностық тұтастықтар құру мәселесі, сондай-ақ этностық бірлікті қалыптастыру мен сақтаудағы діннің маңызды ролін көрсетті. Сөйтіп, «социосала» ықпалындағы зерттеулер этномәдениеттің көп функцияларын ашады — рухани, тұрмыстық, материалды-өндірістік, саяси-тәрбиелік, гуманитарлы білім салаларын осы функциялардың біреуін азайту немесе мойындамау ерте ме кеш пе этностық мәдениеттің тұтастығын бұзуға әкеледі. Этномәдениет пен этногенезге деген екінші ықпалға Л.Н.Гумилевтің биосфералық концепциясын жатқызуға болады. Л.Н.Гумилевтің пікірінше, этностық мәдениет — өз элементтері мен байланыстарының өзара әрекетін беретін күрделі көпдеңгейлі құрылым. Этномәдениет — ол тұтастай феномен, оны этностық немесе этностық емес белгілері бар фрагменттерге бөлу дегеніміз — этномәдениеттегі творчестволық трансформацияға деген қабілеттен бастарту. Ең маңыздысы, сол этномәдениетте архаистік мағыналар мен түсініктер бар, соның арқасында этномәдениет тек қана кеңістікті ғана емес әрі рухани әсерленуге қолайлы уақыт өлшемдерін де береді. Этностық тұтастықтың негізгі белгісі ерекше сипаттағы этностық мәдениет, оны қалыптастыратын элементтер, біріншіден, белгілі этносқа ғана тән мінез-құлықтың ішкі қайталанбас стереотипі (психикалық құрылыс), екіншіден, объективті шарттар мен факторларды қалыптастыруға әсер ететіндер: табиғи (территория, ландшафт, геокосмостық аномалия), әлеуметтік (жергілікті өндірістік-экономикалық жағдай және өркениеттің деңгейі, қоршағандар, байланыстар және саяси мұра), этномәдени (күрделілік пен белсенділік деңгейі, яғни этностардың жасы, көршілер, этнос-субстраттар, алдыңғы мәдениет, олардың элементтері, тіл, идеялық мұра), антропоморф (этностардың антропобиологиялық ерекшеліктері). Л.Н.Гумилевтің пікірінше, мәдениет пен этнос әр түрлі жоспардағы құрылым. Этнос органикалық сфераға жатса, мәдениет жасанды құрылым, этностар өзінің этногенетикалық бағдарламасын жасайды. Сондықтанда техника — жасанды этностық процестердің индикаторы [5; 10].

XX ғасырдың 60–70-жылдарынан бастап әлемдік масштабта халықтардың өз тұрмыс салтын сақтауға ұмтылу, ерекше тұрмыстық мәдениеттің мәнін көрсету, этностық идентификация мәселесіне байланысты процестер қатты белең алды. Бүгінгі күні этностық қайта өрлеу жаңа замандағы адамзат дамуының басты факторы болып отыр. Адамдардың өзі түпкі шығу тектеріне көңіл бөлуі әр түрлі формаларда көрінеді: көне ескі салт дәстүрлерді реанимациялау, кәсіби мәдениетті фольклоризациялау, өзінің ұлттық мемлекетін құру [6; 244].

«Мәдениет» ұғымы психологиялық ұғым ретінде түсінілуде. «Этнос» пен «мәдениет» ұғымының арасындағы байланыс жайлы бірнеше көзқарастар бар. Мәдениетті психиканың этносаралық айырмашылығы негізінде жатқан басты фактор деп анықтайды. Бірқатар этнопсихологиялық мектептер мәдениет пен психологиялық арасындағы байланысты, ең алдымен, жеке басты сипаттамалар негізінде зерттейді. Американдық психолог Г.Триандис этнопсихологияның пәні ретінде «субъективті мәдениет» деген ұғымды бөліп көрсетті. Философиялық және әлеуметтік концепцияларда репрезентативті мәдениет (Ф.Тренбрук) деген термин кіргізілді. Ал психолог Д.Матсумото мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа берілетін адамдар тобының, бірақ әр индивид үшін әр түрлі болатын мінез-құлықтың, сенімнің, құндылықтардың, ішкі ыңғайланулардың жиынтығы деп түсіндірді. Бұл анықтама топтық және индивидуалды сананың ішкі мазмұнына қатысты. Мәдени-шарттанған мінез-құлық салт жораларда тіркелгендіктен, нәтижесінде (мінез-құлықтың жалпы, автоматтанған тәсілдері) адамдар тобын жалпы мәдени құндылықтарға, мінез-құлық нормаларына және қарым-қатынасқа қарай бөлу жүзеге асады. Мәдениет мінез-құлық пен қарым-қатынасқа әсер етпейді, құндылықтар, нормалар, рөлдер, әлеуметтік когнитивті және аффективті процестер, әдет-ғұрыптар арқылы жанама әсерлі қағидалар болып табылады. Егер сіз өзіңіз жататын мәдениетті түсінгіңіз келсе, ең алдымен, оның базалық құндылықтарын түсінуге тырысыңыз: бұл өзіңіздің, адамның мінез-құлықтарының жасырын мотивтері мен мағыналарын түсіндіретін тура жол [7; 264].

Біздің еліміздегі этнопсихологиялық мәселелер туралы зерттеулерді екі негізгі бағытта қарастыруға болады. Жұмыстардың бірінші тобын көптеген ұрпақтардың шығармашылық даналығының негізі болатынын халықтың психологиялық тәжірибесін зерттеп құрайды [8, 9].

Осы тәжірибені ғылыми тұрғыда зерттеудегі маңызды қадам ретінде Ш.Уәлихановтың, Ж.Аймауытовтың, Т.Тәжібаевтың еңбектерін атауға болады. Бүгінгі таңда осы дәстүрді Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Жақыпов, Н.Елікбаев, тағы басқалар болып табылады [10; 154]. 70-жылдардан бастап еліміздің бірталай ғалымдарының профессор Н.Джандельдиннің «Ұлттық психологияның табиғаты», профессор Н.Елікбаевтың «Ұлттық психология» еңбегінде бүгінгі этностық психологияның кейбір теориялық әдіснамалық мәселелері қамтылған. Сонымен қатар аталған ғалымдар көптеген ғылыми конференцияларда этностық психология тақырыбына байланысты мақалалармен халық көпшілікке ой салуда.

Бүгінгі этнопсихологиядағы міндеттерді айта отырып, В.К. Шабельников халықтардың өткен кезеңдегі психикалық тұрпат өзгерістерін өзгертіп, зерттеп қана қоймай, болашақ кезеңде де алдын ала болжау жасау қажет екенін атағаны мәлім. Бұл, әрине, сананың детерминация механизмдері мен геобиодетерминациясын зерттеп білгенде ғана мүмкіндігі бар. Ғалым Қазақстанның айрықша аймақтық-биосфералық жағдайына сәйкестенетін ұлттық дәстүрлер мен текстік өмірдің өзін психологиялық жана формаларымен салыстыруда жете түйсінуге тоқталған [11; 166].

Зерттеу объектісі: поли- және моноэтностық топ мүшелері. Эксперимент № 36 Қарағанды облысы Шет ауданы Талды ауылы мектеп оқушыларына 2016 наурыз айынан бастап жүргізілді. Зерттелушілер зерттеуге белсенді қатысты. Еш қарсылық реакцияларды көрсеткен жоқ, көмектесемін деген ниетпен қатысты. Зерттеу алдында зерттелінушілерге жауап бланктері таратылып, әдістемелерге жауап беру жөнінде нұсқау берілді. Оқушылар инструкцияны тез қабылдап, орындауға кірісті. Әдіснамаларды толтыру барысы 1 сағат 20 минут уақытты алды. Бірінші Л.Г.Почебуттың «Мәдени құндылық бағдар тесті» өткізілді, екінші О.И.Комиссарованың «Топтағы нормалық қалауларды өлшеу әдіснамасы» өткізді, үшінші В.В.Столин «Тұлғаның өз-өзіне қатынасын зерттеу әдіснамасын» жүргіздік. О.И.Комиссарованың әдіснамасында шамалы қиындықтар болды, бірақ бұл қиындықтарды оңай жеңдік. Л.Г.Почебут, В.В.Столин әдіснамаларын нұсқаулықты тез түсініп, оңай орындады. Әдістемелер қазақ тілінде болды. Тілдік бөгеттер болмағандықтан, сұрақтарды түсінуде қиындықтар туындаған жоқ. Оқушылар зерттеуге белсенді қатысты және нәтижені білуге қызығушылықты танытты.

Моно- және полиэтникалық мәдениет жағдайында өмір сүріп отырған адамның ұлттық сипатта дамуына қоғамдық өмірдегі өзгерістер әсер етеді, әсіресе біздің полиэтникалық қоғамда өшіп жатқан экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, демографиялық және басқа да процестер елімізде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ұлттық сана-сезімдерінің көтерілуімен түсіндіріледі. Жеке бір адамның және этностың этникалық сана-сезімінің деңгейі көпұлтты қоғамның әлеуметтік, психологиялық және атмосферасын белгілі бір дәрежеде анықтайды. Этникалық сана-сезімдердің құрылымы, этникалық эдентификация өз «Менің» бастан кешіруі, әсерленуі өзіндік қатынасты белсендіру, этнорухани мәдениетке ұлттық тілге, халық творчествосына, дініне, әдет-ғұрпына мәдениетіне деген психологиялық орнықтылық сияқты белгілермен анықталады. Этнофакторлардың мәнді өсуі этникалық сана-сезімдерді күшейтеді. Этникалық сезімдер индивидуалды қасиеттердің және интеграцияланған индивидуалдықтың дамуын жүйелі орындайды әрі реттейді [12].

Полиэтникалық жағдайда этникалық толеранттылық мәселесі де мәнді. Басқа этникалық мәдениеттерді қабылдау, сыйлау үшін, ең алдымен, өзінің мәдениетінді қабылдау, сыйлау, оның позитивті құнды екенін ұғыну, оған деген сенімділік басқа мәдениетпен жиі байланысқа түсу — міне осындай жағдайлар мәдениаралық толеранттылықтың негізін құрайды. Мәдениет — адам творчествосының өнімі. Мәдениет жеке әлеуметтік-экономикалық формацияда этникалық, ұлттық таптық, топтық мәдениет ретінде дамиды. Мінез-құлықтағы өзгеріс міндетті түрдегі мәдениеттегі өзгерісті білдіреді. Әрбір мәдениеттің өзара әрекетті олардың өзара рефлексиясымен өзара бейнелеулері үшін жағымды жағдайлар жасайды. Адамның қоршаған ортамен қатынасында адамзат бірлестігінің мәдени құндылықтары потенциясы байқалады. Медиатор белгілі сөз, символ, саят-жоралар, этномәдени белгілерді қолдана отырып, оларды халықтың тіршілік әрекетінің дамуымен ұйымдастыру тәсілі жайлы білім ретінде белгілеп, болмысты жалпылап, бейнелейтін мәнге айналдырады. Солар арқылы ғана табиғи психикалық формалар идеалды адам қабілетіне айналады. Нәтижесінде индивид өз мәдениетін меңгереді: мінез-құлық мәдениеті, ойлау мәдениеті, сөз мәдениеті, психикалықтың реалды (табиғи) формасы идеалды мәдени формасы бола бастайды. Бұл формалардың маңыздылығы поли- және моноэтностық топтағы қарым-қатынас мәдениетінің ерекшеліктерінің психологиялық маңызын анықтайды [13; 96].

Жалпы, эмпирикалық зерттеулер нәтижелерін сандық және сапалық талдау нәтижесінде жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай іріктелініп алынған әдістемелерді жүргізу мен оларды өңдеу, болжамдардың статистикалық сенімділігін тексеру нәтижесінде болжам толығымен дәлелденіп, тамәмдау жұмысы өз мақсатына жетті деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. — М., 1995. — 410 с.
- 2 Национальное и интернациональное в воспитании: сб науч. тр. АГУ им. Абая / Под ред. В.К. Шабельникова. — Алматы, 1994. — 56 с.
- 3 Коул М. Культурно-историческая психология: наука будущего. — М.: Когито-Центр; ИП РАН, 1997. — 351 с.
- 4 Джакутов С.М. Этнопсихологические проблемы социализация личности // Этнопсихология и этнопедагогика. — Вып. X. — Алматы, 1998. — 155 с.
- 5 Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Антропологический принцип в психологии развития // Вопросы психологии. — 1998. — № 6. — С. 3–17.
- 6 Аймауытов Ж. Психология. — Алматы: Рауан, 1995. — 225 с.
- 7 Баронин А.С. Этническая психология. — Киев: Тандем, 2000. — 264 с.
- 8 Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. — М.: Наука, 1983. — 412 с.
- 9 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. — М.: Наука, 1973. — 280 с.
- 10 Вяткин Б.А. Этническое самосознание как фактор развития индивидуальности // Психол. журн. — 1996. — № 5. — С. 5–12.
- 11 Галушова О.В. Этнопсихология: конспект лекции. — М.: Приор-издат, 2005. — 263 с.
- 12 Левковин В.П. Социально-психологические аспекты этнического самосознания // Этнография. — 1983. — № 4. — С. 23–36.
- 13 Елікбаев Н. Ұлттық психология: көмекші оқу құралы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 96 б.

Н.К. Магзумова, С. Бенчич

Теоретический анализ особенностей психологической культуры в среде поли- и моноэтнических культур

В статье исследована проблема моно- и полиэтнической культуры в условиях полиэтнического национального характера в обществе. Показана ее роль в нашей жизни, в развитии человека. Влияние моно- и полиэтнической культуры на общественную жизнь, на экономические, социально-политические, культурные, демографические и другие процессы объясняется повышением национального самосознания всех народов, живущих в нашей стране. Принятие других этнических культур, прежде всего с целью осознания их ценности, уважение к ним составляют основу межкультурной толерантности. Характер изменения нравов в обязательном порядке означает изменения в культуре и поведении.

Ключевые слова: этнокультура, полиэтника, культурные ценности, этника, парадигма, этническая индивидуальность, эмпирическое исследование, социальная психология.

N.K. Magzumova, S. Benchich

The theoretical analysis of features of psychological culture in the environment of poly- and mono-ethnic cultures

The paper studied the problem in mono and multi-ethnic culture in a multi-ethnic national character in society affects the human development, especially in our life, in public life, economic, social, political and cultural processes, demographic and other senses due to the increase of national consciousness of all peoples, living in our country. In the case of ethnic tolerance of multi-ethnic tolerance value and the issue is important. Ethnic cultures, acceptance of others, first of all, for the reception of cultural respect and recognition that his valuable positive, culture, and often forms the basis of intercultural tolerance. The nature of the change in the disposition necessarily mean that a change in culture in the behavior.

Keywords: ethnic culture, cultural values, ethnic, paradigm, ethnic identity, empirical research, social psychology.

References

- 1 Gumilyov L.N. *Ethnogenesis and biosphere of the Earth*, Moscow, 1995, 417 p.
- 2 *National and international in education*: Collection of scientific works of Abay Kazakh State University, ed. V.K. Shabel'nikov, Almaty, 1994, 56 p.
- 3 Cole M. *Cultural-historical psychology: science for the future*, Moscow: Kogito-Tsentr; IP RAN, 1997, 351 p.
- 4 Zhakupov S.M. *Ethnopsychology and ethnopedagogics*, X, Almaty, 1998, 155 p.
- 5 Slobodchikov V.I., Isaev E.I. *Problems the course of studies*, 1998, 6, p. 3–17.
- 6 Аумауытов Zh. *Psychology*, Almaty: Rauan, 1995, 225 p.
- 7 Baronin A.S. *Ethnic psychology*, Kiev: Tandem, 2000, 264 p.
- 8 Bromley Yu.V. *Essays on theory of ethnos*, Moscow: Nauka, 1983, 412 p.
- 9 Bromley Yu.V. *Ethnos and Ethnography*, Moscow: Nauka, 1973, 280 p.
- 10 Vyatkin B.A. *Psychological Journal*, 1996, 5, p. 5–12.
- 11 Galustova O.V. *Ethnic psychology abstract the lecture*, Moscow: Prior-izdat, 2005, 263 p.
- 12 Levkovin V.P. *Ethnography*, 1983, 4, p. 23–36.
- 13 Elikbaev N. *National psychology: assistant tutorials*, Almaty: Kazakhskiy Universitet publ., 1992, 96 p.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

INFORMATION ABOUT AUTHORS

- Aitbayeva, B.M.** — Candidate of philology sciences, Associate Professor, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Akhmetzhanova, N.** — Master of history sciences, Lecturer of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Akmadiyeva, G.P.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Algozhina, A.R.** — Master of psychology sciences, Senior lecturer of the department of Psychology, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Alimbaev, T.** — Doctor of history sciences, Professor of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Asankanov, A.** — Corresponding member of the National Academy of Science, Doctor of history science, Professor, Yu. Balasaguni Kyrgyz National University, Kyrgyzstan.
- Beisenbekova, N.A.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Benchich, S.** — PhD, Pan-European University, Bratislava, Slovakia.
- Dosova, B.A.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Eleyhanova, S.V.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Godzhatyurk, N.G.** — Doctor of philosophy sciences, Associate professor of the department of History of Philosophy and Cultural Studies, Baku State University, Azerbaijan.
- Gorovoi, V.V.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Igembayeva, K.S.** — Master of psychology sciences, Senior lecturer of the department of psychology, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Karsybayeva, Zh.A.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Kassymzhanova, N.A.** — Master on humanitarian arts, Lecturer of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Kozina, V.V.** — Doctor of history sciences, Professor of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Kusainova, Zh.D.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of History of Kazakhstan and General Disciplines, Kazakh Humanitarian Law University, Astana, Kazakhstan.
- Magzumova, N.K.** — Master of psychology and pedagogics, Senior lecturer of the department of psychology, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Dutta, M.** — PhD, Professor, Jawaharlal Nehru University, New Delhi, India.
- Nygmetyly, D.** — PhD student of the department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Oyon, I.** — Research associate of the Higher school of social sciences, Paris, France.

- Omirebekova, Zh.M.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
- Sakabai, T.K.** — Master of history sciences, Senior lecturer of the department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Shlyupikov, M.V.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Shotbakova, L.K.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Smagulova, G.M.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Stambulov, S.B.** — PhD, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Tashagyl, A.** — PhD, Yeditepe University, Stambul, Turkey.
- Tlegenova, L.T.** — Candidate of history sciences, Senior Researcher of the Institute of national heritage, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
- Tuleuova, B.T.** — Candidate of history sciences, Associate professor of the department of world history and international relations, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Utebaeva, A.** — Master of history sciences, Senior lecturer of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Zhumanova, A.Z.** — PhD, Associate professor of the department of Kazakhstan history and Assembly of peoples of Kazakhstan, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Zhumashev, R.M.** — Doctor of history sciences, Professor of the department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.
- Zhusupova, B.J.** — Master of philosophy sciences, Senior lecturer of the department of philosophy and theory of culture, Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan.